| **Білім беру ұйымының кестесі** | **1. Математика негіздері**<br>**Міндеті:**1 цифрымен таныстыру<br>**Дидактикалық ойын:** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау Сөздегі дыбыстардың ретін, | **1.Математика негіздері**<br>**Міндеті:**2 цифрымен таныстыру<br>**Дидактикалық ойын** | **1. Математика негіздері**<br>**Міндеті:**3 цифрымен таныстыру<br>**Дидактикалық ойын:** | **1 Сауат ашу**<br>**Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | «Біреу және көп»<br>Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету.<br>**Ойын тапсырма:** «Суретте қанша зат болса, сонша нүкте сал»<br>Мақсаты: Жеке бір-бірден тұрған заттарды белгілету<br>**2. Сөйлеуді дамыту**ы<br>**Міндеті:** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу<br>**Дид.ойын «Күзгі орманға саяхат»**<br>**Мақсаты:**<br>Күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру.<br>**Дид.ойын:«Бізге күз не әкелді?»**<br>**Мақсаты:**Күз бізге не әкелгені туралы білімдерін бекіту. Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы ұғымдарын бекіту. Ойын арқылы түстерді, жемістер мен көкөністерді ажырата және атай білуге үйрету. | дауысты дыбыстарды анықтау.<br>**«Сұрақ-жауап»әдісі арқылы қайталау.**<br>1.Дыбысдеген не?<br>2.Қандай дыбыстарды дауысты дыбыстар деп атаймыз?<br>Дид.ойын: «Кім жылдам?»<br>Мақсаты: дауысты дыбыстардын басталатын сөздерді анықтау<br>Үзік сызықтарды бастыру (графикалық жұмыс)<br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеті:**Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу<br>**Дид .ойын «Жанды,жансыз»**<br>**Ойынның мақсаты**: Суретердегі жанды, жансыз заттарды айыра білуге үйрету.<br>**Дид.ойын «Кім жылдам?»**<br>**Мақсаты: адам қолымен** | **«Аңдарды қоректендір» дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты:** 2 саны, және цифры туралы алғашқы білімдерін бекіту; қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту.<br>**Ойын-жаттығу.«Бір немесе екіден тұрған заттарды тап».**<br>**Мақсаты:** адам ағзасынадағы бір немесе екіден кездесетін мүшелерді атату<br>Жұмыс дәптермен тапсырмаларды орындату<br><br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау<br>**Дид.ойын «Сиқырлы себет»**<br>**Мақсаты**:Себеттерге жеміс пен көкөністі бөлек жинау арқылы,бақ және бақша ұғымдарын ажыратуды үйрету | **«Заттарды сандармен сәйкестендіреміз»**<br>Мақсаты: реттік санауға үйрету. Суреттегі заттарды сандармен сәйкестендіруге үйрету.<br>«Нешінші?»<br>**Ойын-жаттығу**<br>**«2 және 3 цифрларын тап»**<br>Мақсаты:Цифрларды тану арқылы,санау қабілеттерін дамыту,цифрды бояу арқылы түстерді ажыратуды үйрету<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>**2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу<br>**Дид .ойын «Бес саусақ»**<br>**Мақсаты**: Санамақ арқылы отбасы,әулет ұғымдарымен таныстыру,сыйластыққа тәрбиелеу<br>М.Жаманбалиновтың **«Көрші атам»** атты өлең жолдарын оқып берeу<br>Көрші атам | дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>**Дидактикалық ойын: «Сәйкестендір»**<br>**Мақсаты:** Құрамында а және е дыбысы бар сөздерді ажыратуға үйрету<br>Дид.ойын «Кім зерек?»<br>Мақсаты:Дауысты дыбыстан басталып,дауыссыз дыбыстан аяқталатын сөздерді анықтату<br><br>Үзік сызықтарды бастыру (графикалық жұмыс)<br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Досыңа не сыйлайсың?»**<br>**Мақсаты:** досына сыйлық жасау арқылы қуаныш сыйлаудың ммаңызын түсіндіру (Сурет салу.)<br>**Дид ойын «Достық ережесін құрастырамыз»Мақсаты**:достық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қ.Баянбаевтің «Күз бояуы» өлеңімен танысып, жаттау. Өлеңді педагог бірінші мәнерлеп оқып береді.<br>**Күз бояуы**<br>Самал қозғап қалғанда,<br>Үзіледі сары алма,<br>Шолып едім бақшаны,<br>Қауын біткен сап-сары.<br>Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған.Сары жапырақ төгілген<br>Тоғайды да көрдім мен.<br>Таза жездей жинаған,<br>Сары бояу айналам.<br>(өлеңді жаттау)<br>**3.Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық білдіретін сөздерді үйрету<br>**Артикулияциялық жаттығу:**<br>Ға-ға-ақылды аға.<br>Ке-ке-үлкен әпке<br>Ке-ке- келді әке...<br>Ні-ні-бар менде іні<br>Ас-ас сүйкімді қарындас<br>Дид.ойын «Отбасы мүшелерін ата»<br>Мақсаты:Отбасы мүшелерін атау,өз | **жасалатын заттардан өлі табиғатты ажырату**<br>**3. Шығармашылық әрекет**<br>**Мүсіндеу**<br>Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Бағдаршам» ойыны**<br>Мақсаты:Көшедегі қимыл- қозғалысты реттеу үшін бағдаршамның маңызын түсіндіру<br>**Ұжымдық,топтық жұмыс. (шағын топтарда жер асты көлігінің суретін салады,мүсіндеуді,жапсырады,құрастырады)**<br>**4.Музыка**<br>**Міндеті:** Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>Музыка тыңдау:<br>«Қамажай» халық әуені<br>Ән айту:<br>«Мен өнерлі баламын»<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Биімді қайтала»<br>(үнтаспада,педагогтің таңдауымен) | Мәдіхат Төрежановтың«Кішкентай бағбан»әңгімесін оқып беру<br>**Сұрақ-жауап ойыны:**<br>-Әңгіме не туралы?Авторы кім?<br>-Садық бақта не істеді?<br>-Садықты кім ойнауға шақырды?<br>-Қалел досына не көрсетті?Садық неге бармады?<br>-Күз мезгілінде не өсті?<br>-Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты?(Балалармен бірге қайталап оқу).<br>-«Кішкентай бағбан»деп кімді айтамыз?<br>-Садықтың еңбегін қалай бағалайсың?<br>-Сен Қалелдің орнында болсаң,не істер едің?<br>Әңгіме қалай аяқталды?(Көп ойнай бермей,еңбекету керек.Жер адамның еңбегін өтейді. Кім еңбектенсе, сол адам еңбектің жемісін жейді)<br>**3. Сауат ашу**<br>**Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың | Күнде үйдің қасынан,<br>Көрші атамды көремін.<br>Оған сәлем беремін.<br>Қолымды ол,<br>Күліп кеп,<br>Иіліп тұрып алады.<br>Міне, нағыз жігіт, – деп,<br>Сүйсініп бір қалады.<br>(өлеңді дауыс қарқынын түрлендіру арқылы қайталату)<br>**3.Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық білдіретін сөздерді үйрету<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Көлеңкесін тап» ойыны.**<br>**Мақсаты**: Отбасы мүшелерінің көлеңкесін сұлбаға сәйкестердіру<br>**Дидактикалық ойын«Бұл кім?»**<br>Маған да, саған да,<br>Жақын туыс – бес адам.<br>Үш әріптен тұратын.<br>Оңға оқы, солға оқы.<br>Өзгермейді еш одан.<br>Бәрі де өз жұратың,<br>Айтады, қане, кім атын?<br>(Апа, ата, ана, іні, аға) | ережесін құрастыра отырып,еркін сөйлеуге,өз ойын тиянақты жеткізуге баулу<br>**Тату доспыз бәріміз (Фариза Оңғарсынова)**<br>**Кездесеміз әркез біз,**<br>**Әнсаламызкүндебіз.**<br>**Балдайтәттідостармыз,**<br>**Әрқашан да біргеміз.**<br>**Күннің нұрын сүйеміз,**<br>**Балбұлжанықараймыз. Бізді ойнатып тәтелер, Күлдіргенін сүйеміз.**<br>**Балдырғанбыз арай жүз, Балбұл жанып қараймыз.**<br>**Ойыншықтар біздерде Көп болғанын қалаймыз.**<br>(Өлеңді жаттау)<br>3. **Қоршаған орта танысу**<br>**Міндеті:** Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отбасы туралы әңгімелеуге үйрету<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктер д і жетілдіру.<br>Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту<br>Қмиылды ойын<br>**« Ұшты-ұшты »**<br>**Мақсаты:** Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.<br>**« Ақ қоян »**<br>**Мақсаты:** Балаларды ж ылдамдыққа, мықтылыққа баулу. | Билер: «Жұптасу биі»<br>Ойындар | ретін, дауысты дыбыстарды анықтау<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>«Күрекше»,«Ине»,«Төб ешік», «Түтікше».<br>**«Кім көп сөз айтады?»дидактикалық жаттығуы**<br>Мақсаты:дауысты е,і,ө,и,ә,ү дыбыстарынан басталатын сөздерді айтқызу арқылы дауысты дыбыстарды ажыратуға баулу<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Мінтеті:**Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерд іжетілдіру.Адамның денсаулығын агигиенамен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту<br>Ойын: «Дауыстап, атыңды айтам»<br>Шеңбер ортасына ойын жүргізуші шығады. Оның көзін таңып, кімнің қайда тұрғанын | **"Сен бақытты ұлансың!**<br>М.Қуанышбеков<br>Анаң-күнің жүрегің,<br>Әкең - өмір тірегің<br>Сен бақытты ұлансың,<br>Бәрі саған қуансын.<br>Әжең-асыл ардағың,<br>Атаң – дана қорғаның,<br>Сен бақытты ұлансың,<br>Бәрі саған қуансын.<br>Ағаң- қамқор асқарың,<br>Інің –мөлдір аспаның,<br>Сен бақытты ұлансың,<br>Бәрі саған қуансын.<br>(өлеңді жаттау)<br><br>**4.Музыка**<br>**Міндеті:** Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қамажай» халық әуені<br>**Ән айту:**<br>«Ана тілін сүйемін»әні:И.Нүсіпбаев ,сөзіҚ.Толыбаев<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Биімді қайтала» (үнтаспада,педагогтің таңдауымен)<br>Билер: «Жұптасу биі» | **Мақсаты:**Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін,зейінің тәрбиелеу,белсенділігін артыру.<br><br>Дид.ойын «Ізін сәйкестендір»<br>Мақсаты: Жабайы жануарлардың ізін сәйкестендіру арқылы аттарын дұрыс айтқызу<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап,жұптарымен айналу<br>**Қмиылды ойын**<br>**«Паравоз»**<br>Мақсаты:Балалардың бірінің артына бірі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | шатастыру үшін бірнеше рет шыркөбелек айналдырады. Ойын жүргізуші ойыншылардың бірін көрсетіп: «Дауыста, атыңды айтам», – дейді. Бала танып қоймау үшін дауысын өзгертіп дыбыстайды. Айлакер жүргізуші дауысынан танып қойса, екеуі орын алмасады. Егер таппаса, «жаза» қолданады. Мысалы: 10 рет секіреді немесе 10 рет отырып-тұрады. | Ойындар | тіркеліп паровоз сияқты жүруге үйрету<br>**Қимылды ойын: «Доп қуу »**<br>Мақсаты: Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру.Киіну:серуенге шығуға,ережелерді сақтауға,балалармен жеке әңгіме жүргізу<br>Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету)** | | | | |
| **Серуен** | **Серуен №11**<br>**Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ;<br>әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Ақ киімді біреуі,<br>Сары киімді біреуі, | **Серуен №12**<br>**Күздің алғашқы белгілерін бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту;<br>Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы** | **Қыркүйек**<br>**Серуен №13**<br>**Қайың ағашын бақылау**<br>**Мақсаты**: - Күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру;<br>Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету<br>**Бақылау барысы:**<br>**Көркем сөз** | **Серуен №14**<br>**Өрмекшіні бақылау**<br>**Мақсаты**: —өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру;<br>айнала қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Көркем сөз**<br>Сенде айтшы өрмекші,<br>Неше аяқ, неше қол? | **Серуен №5**<br>**Күн — жылу мен жарық көзі**<br>**Мақсаты**:<br>күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту;<br>—табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көк киімді біреуі,<br>Әлем, жәлем киімі,<br>Тағы бірі жүреді.<br>(жылдың төрт мезгілі)<br>Өлеңде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу)<br>Қазір жылдың қай мезгілі (күз жпйлы әңгімелеу)<br>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>Күздің қандай белгілерін білесіңдер? Адамдар күзде не істейді?<br>Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?<br>Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>**Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап» | **Көркем сөз «Қыркүйек»** Ғ. Өкеев<br>Бір-біріне жер , аспан,<br>Мейірлене қарасқан.<br>Төкпей-шашпай тасып дән<br>Машиналар асыққан.<br>Ұстаз, шәкірт жүздескен,<br>«Қош келіпсіз күз» дескен.<br>Берекелі алтын күз,<br>Ұмытпаймыз салтын біз<br>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>Күздің қандай белгілерін білесіңдер?<br>Күзде ауа-райы қалай өзгереді? | Сырғалы қайың, ақ қайың.<br>Сырыңды сенің жаттайын.<br>Өсе берші жайқалып,<br>Мен ерінбей баптайын.<br>Балаларға сұрақтар:<br>Күзде ағаштар қандай өзгерістерге ұшырайды?<br>Олардың жапырақтары неге сарғаяды?<br>Ең алғаш қай ағаштың жапырағы сарғаяды?<br>Ағаштардың өндірісте қандай пайдасы бар?<br>Зерттеу жұмысы: қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу.<br>Еңбек:<br>Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау<br>Мақсаты: үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу.<br>**<u>экологиялық тәрбие</u>** | Жауап берші өрмекші<br>Неше аяқ, неше қол?<br>Табандарым жолға тисе,<br>Зымырайды аяқтай.<br>Табандарым өрмек тоқиды<br>Қолдармен өрнек салғандай,<br>Шіркейлерді ұстағанда,<br>Аяқтарым пышақтай.<br>Егер шыбын кездессе,<br>Қағып алам ұзатпай!<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>Өрмекшілердің қандай пайдасы бар? (шыбын-шіркей, құрт-құмырсқаларды жейді)<br>Өрмекші жәндіктерді қалай аулайды? (оларға өрмек құрады.)<br>Өрмекші өрмектерін жиі құра ма? (желмен, жаңбырмен тез бүлінеді, сондықтан күнде құрады.)<br>Өрмекшілер жыртқыштар ма? (Иә, олар басқа жәндіктерді жейді)<br>**Зерттеу жұмысы**:<br>Өрмекші торын тауып, қарау.<br>**Еңбек:** «Бархат» гүлдерін аударып, ыдысқы орналастыру<br>Мақсаты: гүлдерге деген қамқорлыққа, әсемдікке тәрбиелеу | **Психологиялық жаттығу: «Күншуақ»**<br>**Мақсаты:** Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну<br>-Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз.<br>Сұрақтар:<br>Жануарлар мен өсімдіктер бойы өсуі үшін не керек?<br>Күн не береді?<br>Жер бетіндегі тіршілік үшін КҮН – жарық және жылу көзі. Одан жан-жаққа жарық Егер күн суық болса, онда жер беті суық болар еді де, суық пен қараңғылықтан жануарлар мен өсімдіктер өліп қалар еді.<br>Күннің қызуы өте күшті Күннің сәулесі жер бетіне 19 секундта жетеді, сондықтан күндіз әрі жарық, әрі жылы болады.<br>Күннің сәулесі өте күшті, сондықтан оған тура қарай алмаймыз.<br>Сұрақтар: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты:орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>**<u>экологиялық тәрбие</u>** | Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>Адамдар күзде не істейді?<br>Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты: орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>**<u>экологиялық тәрбие.</u>** | | . **<u>экологиялық тәрбие</u>** | ♦Күнге бетіңді бұрғанда нені сезінесің?<br>Күнге тура қарауға бола ма, көзің ауырмай ма?<br>**Зерттеу жұмысы**: екі тасты алып, біреуінің бетін жауып, біреуін ашық қою. Біраз уақыттан соң оларды қарап айырмашылықтарын табу.<br>Тұжырым: ашықтағы зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз.<br>**Еңбек:**<br>Аланды тазалауға көмектесу.<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, кішкентайларға көмекке келуге тәрбиелеу.<br>**<u>экологиялық тәрбие.</u>** |
| **Серуенне оралу** | Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)<br>**«Азық-түлікті үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (Біртұтас тәрбие)** | | | | |
| | **Сақина жасыру**<br>Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерініғ үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба | **Алақан соқпақ**<br>Ойынға қатысушы балалар үйге немесе оңаша жерге ж иналады да дөңгелене отыр ады.Орталарынан бастауш ы белгілейді.Оған сүлгі (ор амал)беріледі.Бастаушы ше ңбер ішін айнала жүріп бір еуге –Алақанды тос!-дейді.Ол тосқан кезде баста | **Арқан тарту.**<br>Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар | **Соқыр теке.**<br>Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады.<br>Балалар:<br>Соқыртеке бақ - бақ,<br>Біз айтамыз тақпақ, | **Ақсерек-көксерек**. Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топк абөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.<br>1-ші топ. Ойынды бастайды: Ақсерек-ау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен- «Сақина кімде»-деп сұрайды.Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады.Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді.Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.<br>**(Біртұтас тәрбие Ұлттық құндылық)** | ушы оның алақанына сүлгі ні тигізіп-Сүлгі қайда?- деп сұрайды.Сонда ойынш ы «анада» - деп бір баланың атын атайд ы.АКты аталған ойыншы о рнынан тұрып алақанын то сады.Бастаушы- сүлгі қайда?- деп атын айтады.Ойын осы ретпен жалғаса береді.Жақ сы өлең айтып ән салғандар ұпай жинайды<br>**(Біртұтас тәрбие Ұлттық құндылық)** | тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып келсе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.<br>**(Біртұтас тәрбие Ұлттық құндылық)** | Мықты болсаң кәнекей<br>Бірімізді тап - тап.<br>Соқыртеке:<br>Мен текемін бақ - бақ,<br>Қимылдаңдар сақ - сақ,<br>Ал ұстадым мінекей<br>Шығып кетті - ау қап - қап.<br>Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «Соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(Біртұтас тәрбие Ұлттық құндылық)** | ақсерек Бізден сізге кім керек.<br>2-ші топ Ақсерек –ау ақсерек<br>Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек<br>Атыаталған бала келесітопқадейінжүгіріп барыпортасынанұстасқан қолдардыажыратып кету керек.<br>Егерөтіпкетсесолтоптанб ірбаланытобынаалыпқай тады,<br>өтеалмасасолтоптақалад ы.<br>Ойыносылайжалғасабере ді.<br>**(Біртұтас тәрбие Ұлттық құндылық)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Әмірге дыбыстарды анық айтуды қалыптастыру | Бейбарысқа байланыстырып сөйлеуді үйрету | Даянаға қазақ тіліндегі сөздерді анық айтуды қалыптастыру | Тамириске Р,Ш,С дыбыстарын анық айтуды меңгерту | Мәдиге сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.**:**<br>- балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру<br>**Ата –аналарға кеңес**<br>Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.<br>«Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Жаднама тарату (**Біртұтас тәрбие.Экологиялық тәрбие беру** |

Тәрбиеші: Мендибаева А.С.

**КЕЛІСЕМІН:**
Оқу ісінің меңгерушісі
Абсатова Д.А. ___________

**Тәрбиелеу - білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тірек мектебі (РО)» КММ
**Мектепалды «Айгөлек» сыныбы**
**Балалардың жасы:** 5 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:* 4 апта 23- 27 қыркүйек 2024-2025ж**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 23.09 | Сейсенбі 24.09 | Сәрсенб 25.09 | Бейсенбі 26.09 | Жұма 27.09 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | **«Күй күмбірі»**<br>**Сарыарқа күйі (Біртұтас тәрбие)**<br>Таң басталады» ситуациялық ойыны. Доп арқылы сәлемдесу. Бала сәлемдескісі келетін адамға допты лақтырып, оны атымен атайды. Допты ұстаған адам да онымен амандасады<br>Мақсаты: қарым-қатынастағы қиындықтарды жеңу.<br>Психогимнастика: «Барлық бала шеңберге жиналды». Мақсаты: бір-біріне достық қарым-қатынасты дамыту | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен әңгіме «Осы ай ішінде біз не білдік». Баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауаптар. Ата-аналармен балалардың дербестігін тәрбиелеу туралы әңгіме. Балалардың жетістіктері туралы әңгіме. Проблемалық жағдайларды шешу.<br>«Мектепке дейінгі балаларға арналған күн тәртібі» консультациясы. Мақсаты: ата-аналарға мектепке дейінгі ұйымдағы ережелер туралы еске салу | | | | |
| **Балалардың ербесәрекеті (баяуқимылдыойындар, үстелүстіойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптар қараужәнетағыбасқа әрекеттер)** | **_«Банкомат» ойыны -**<br>қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту<br>**(Біртұтас тәрбие)** | **«Төрт дос»**<br>қазақ халық ертегісін драматизациялау<br>Мақсаты: диалогтік сөйлеуді, есте сақтауды дамыту, әрекеттерді мәтінмен үйлестіре білу.<br>**(сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативті іс-әрекет)** | **«Ақшаны жұмсауды үйренеміз»**<br>қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту<br>**(Біртұтас тәрбие)** | **«Әмиян»**<br>қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту<br>**(Біртұтас тәрбие)** | **«Ақшаны жұмсауды үйренеміз»**<br>қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту<br>**(Біртұтас тәрбие)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бір қатармен жүру.Жүру түрлері: ұшымен, қол жоғары; өкшемен қол иықта; тізені жоғары көтеріп, қол белде<br>Жүгіру түрлері: бір қатармен;. Шеңберге тұру.<br>Б.қ. – н.т., таспалар төмен | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1.Таспалар жоғары көтеру, сермелеу.2.Б.қ.3. Таспалар жоғары көтеру, сермелеу. 4.Б.қ.<br>(5-6 рет)<br>Б.қ. аяқты кең ашып тұрысы, таспалар белде<br>1.Оң жаққа бұрылыс, таспалар жан-жаққа.2.Б.қ.3.Сол жаққа бұрылыс, таспалар жан-жаққа.4.Б.қ.<br>(5-6 рет)<br>Б.қ. – н.т., таспалар иықта<br>1.Жартлай отыру, таспалар алдында.2.Б.қ.3.Жартлай отыру, таспалар алдында 4.Б.қ.<br>(5-6 рет)<br>Б.қ. н.т., таспалар төмен<br>1.Тізені жоғары көтеріп, қол жан-жаққа.2.Б.қ.3.Тізені жоғары көтеріп, қол жан-жаққа.4.Б.қ.<br>Б.қ. – н.т., таспалар жанжақта<br>Оң-сол жаққа бұрылып секіру<br>Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Үйректер ұшады» - жайлап зал ішімен жүру; демін ішке жұтып, қолдарын жанына қарай көтеру, «Г-а-а-а» деген дыбысты ұзақ созып демін сыртқа шығарып қолдарын түсіреді.(3-4 рет) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеке дайындық** | **Біртұтас тәрбие:**<br>**Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**<br>**Апта дәйексөзі:** «ЕБЕК ТҮБІ БЕРЕКЕТ» | | | | |
| | **ҚР Әнұранын тыңдау**<br>**Жылулық сәті:**<br>Апам мені «Айым»-дейді,<br>Мен мұнайсам,уайым жейді.<br>Апам мені «Күнім»-дейді,<br>Мен қуансам күлім -дейді. | **«Абай болайық»**<br>**Суреттер қарау**<br>Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту.<br>**(қауіпсіздік ережелерін сақтау)** | **«Көңіл-күйіңізді айтыңыз»** жаттығуы<br>Мақсаты: сіздің көңіл-күйіңізді және басқа балалардың көңіл-күйін түсінуге үйрету<br>**(Әлеуметтік дағдыларды дамыту)** | **Артикуляциялық гимнастика** «Күлімсіреу», «Тұмсық».<br>Мақсаты: дыбысты дұрыс айтуды дамыту, ерінді күлімсіреп, алға қарай созу.<br>**(Қарым-қатынас д.д)** | **«Тоқта!Белгіні қара!» ойыны**<br>Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру<br>**(қауіпсіздік ережелерін сақтау)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі Бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1. Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>4 цифрымен таныстыру<br>**Тапсырма ойын:**<br>**«Сандарды құрастыр»**<br>**Мақсаты:** пазлдан 4 цифрының бейнесін құрастыру<br>**Д/О «Математикалық домино»** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:**Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау**<br>**Мақсаты:**Сұрақ-жауап арқылы диалог жүргізу.<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.** | **1.Математика негіздері**<br>**Міндеті:**5 цифрымен таныстыру<br>Ойын тапсырма: «Санаймыз»<br>Мақсаты: санау және атау.Торкөз ұяшықтарға сонша нүкте салу<br>Д/О «Киім дүкен»<br>**Мақсаты:**Сандар арқылы киімдерді сатып | **1. Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>5 цифрымен таныстыру<br>**Ойын жаттығуы. «асықтарды санаймыз,ойнаймыз»**<br>**Мақсаты:**асықтарды санау ,ретімен қою<br>**«Математикалық домино» дидактикалық ойыны** | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті**:Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>**Әңгіме ойын:**<br>**«Халқымыздың мәдениеті»** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** заттар санын цифрмен сәйкестендіру<br>**2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті**:Сөздік қор Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту<br>**Сұрақ жауап ойыны: «Мұқият тыңда»**<br>**Мақсаты:** сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу;<br>«Кейіпкерлерді сомда»ойыны<br>Мақсаты:ертегіднгі кейіпкерлердің сөздерін қайталай отырып балалардың сөздік қорын көбейту<br>**3.Қазақ тілі**<br>**Міндеті**:Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ тіліне тән ә, қ, і, ғ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал- | «Күрекше», «Ине»,«Төбешік», «Түтікше»<br>**«Дауысты дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:**суреттегі заттың атын айтып айтқан сөзге жалғастыруды үйрету<br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Міндеті:<br>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>**Ойын:«Менің...»**<br>**Мақсаты.** Менің деген тіркесті қосып атауды жалғастыру арқылы заттар туралы түсініктерін қалыптастыру<br>**Тапсырма ойын**<br>«Әр затқа ортақ қасиеттерді тап»<br>**Мақсаты:** Неден жасалғанына қарай топтарға біріктіріп қоршау.<br>**3. Шығармашылық әрекет**<br>**Құрастыру:**<br>Міндеті:Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. | алу,киімдерді мезгілдерге байланысты ажырату<br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:**<br>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну<br>**Ертегіні қарау**(интерактивті тақтадан)<br>**«Сұрақ жауап» ойыны:**<br>Мақсаты:Ертегіні сұрақ жауап арқылы талқылау<br>**«Суреттер сөйлейді» әдісі**<br>**Мақсаты:**Суреттерді бояп отырып ертегінің жүйесін сақтап айту<br><br>**3. Сауат ашу** негіздері<br>**Міндеті:**<br>Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу. | **Мақсаты:**заттар санын цифрлармен сәйкестендіру<br>**2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті**:Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту<br>**Суреттер қарау,сұрақ жауап**<br>Мақсаты:Балалардың суреттер арқылы сөздік қорын байыту<br>**Д/Ойын**<br>**«Тосаптар мен салаттар жасаймыз»**<br>Мақсаты:ойын арқылы күзде піскен өнімдерден түрі қысқа азық жасаудың түрлерін үйрету<br>**3.Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**4.Музыка**<br>**Міндеті:**<br>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу | **Мақсаты:**әңгімелесу арқылы халқымыздың мәдениетімен таныстыру<br>**«Кім тапқыр?» дидактикалық ойыны**<br>Мақсаты:Суреттер арқылы қазақ салт дәстүрлерін табу<br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:**<br>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну<br>**3. Қоршаған орта танысу**<br>**Міндеті:**<br>Отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу<br>**«Менің отбасым» ойыны**<br>Әр-бәр отбасылық дәстүрлер туралы білімдерін кеңейту<br>**«Үй иесі» сюжетті рөлді ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Қонақжайлылық – үйге келген қонақтарды сыйлауға үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мәтелдерді қолдануға ынталандыру.<br>**Жаңылтпаштар жаттаймыз**<br>**Мақсаты:** ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру<br>**Д/ойын:»Қай дыбыстан басталады»**<br>**Мақсаты:Карточкаларда ғы берілген суреттерді атау**<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**<br>Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру;бір сызыққа қойылған заттардың арасымен,кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру<br>**Қ/О:«Кім шапшан»**<br>**Мақсаты**: бір сызыққа қойылған заттардың арасымен,кедергілердің арасымен өту<br>**Бәйге ойыны**<br>Мақсатыұлттық оынына қызығушылықтарын арттыру: | **4.Музыка**<br>**Міндеті:**<br>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.<br>**Билер: «**Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш»,<br>«Жұптасу биі» (чех х. әуені)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) | **Тапсырма**<br>**«Бастырып жаз»**<br>Нүктелерді бастыр, жалғастыр<br>Мақсаты: дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу.<br>**Ойын: «Жаңылтпашты жаңылмайық»**<br>**Мақсаты:** тіл байлығы дамыту күрделі сөздерді қиналмай айта білуге дағдыланадыру<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру;бір сызыққа қойылған заттардың арасымен,кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру<br>**Қ/О:** «Аңдардың жүрісін сал».<br>Мақсаты: шектелген үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; | әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.<br>**Билер:** «Шабандоздар биі»<br>(үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев) | **4.Дене шынықтыру.**<br>Сапқа тұру Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру,бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға,солғабұрылу,сап түзеп,бір және екі,үш қатарменқайта тұру.<br>**«Оң мен сол» ойыны**<br>Мақсаты:Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Қ/О: «Қасқырлар»**<br>**Мақсаты:** Жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. |
| **Серуенге дайындық** | Киім бөлмесінде мінез-құлық ережелерін сақтауға, сыпайы сөздерді қолдана отырып, көмек сұрауға үйретуді жалғастыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу серуендеуге деген қызығушылықтың мотивациясы. «Шкафтарда тәртіп орнату» ойыны. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету)** | | | | |
| **Серуен** | **Серуен №1**<br>**Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау (экологиялық тәрбие беру)** | Қыркүйек<br>Серуен №3<br>Қайың ағашын бақылау<br>**(экологиялық тәрбие беру)** | Серуен №6<br>Аула тазалаушы еңбегін бақылау<br>**(экологиялық тәрбие беру)** | Серуен №10<br>Ағаштарды бақылау<br>**(экологиялық тәрбие беру)** | Серуен №8<br>Арнайы көліктерді бақылау<br>**«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелері туралы**<br>Мақсаты: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:**<br>Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ;<br>әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Ақ киімді біреуі,<br>Сары киімді біреуі,<br>Көк киімді біреуі,<br>Әлем, жәлем киімі,<br>Тағы бірі жүреді.<br>(жылдың төрт мезгілі)<br>Өлеңде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу)<br>Қазір жылдың қай мезгілі (күз жпйлы әңгімелеу)<br>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>Күздің қандай белгілерін білесіңдер?<br>Адамдар күзде не істейді?<br>Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?<br>Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды? | Мақсаты: - Күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру;<br>Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету<br>Бақылау барысы:<br>Көркем сөз<br>Сырғалы қайың, ақ қайың.<br>Сырыңды сенің жаттайын.<br>Өсе берші жайқалып,<br>Мен ерінбей баптайын.<br>Балаларға сұрақтар:<br>Күзде ағаштар қандай өзгерістерге ұшырайды?<br>Олардың жапырақтары неге сарғаяды?<br>Ең алғаш қай ағаштың жапырағы сарғаяды?<br>Ағаштардың өндірісте қандай пайдасы бар?<br>Зерттеу жұмысы: қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу.<br>Еңбек:<br>Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау<br>Мақсаты: үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу. | Мақсаты:<br>—күз мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайту,<br>—аула тазалаушыға қажетті құрал-жабдықтармен танысу<br>Бақылау барысы:<br>Көркемсөз<br>«Тиме бізге керекпіз»-<br>Деп тұрғандай жарыса.<br>Жапырақты жұлып себепсіз,<br>Сындырмаймыз ағашты.<br>Күз келген соң амалсыз,<br>Жапырақтар түседі.<br>Жинап алып сыпырып,<br>Үй сыртына үйеміз,<br>Жапырақтар бақшаға,<br>Көң болады білеміз.<br>Сұрақтар:<br>Аула тазалаушы не істейді?<br>Аула тазалаушыға қандай құралдар қажет?<br>Аула тазалаушы күзде не жинайды?<br>Ол кімдер үшін қызмет етеді?<br>Зерттеу жұмысы:<br>Тазалық жұмысы кезінде жерден шаң ұшады, ал су сеуіп сыпырса шаң ұшпайды Себебі ылғал шаңның көтерілуіне кедергі жасайды.<br>Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу<br>Мақсаты: | Мақсаты:<br>—күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру;<br>—қайың мен терек ағашын діңдері мен жапырақтарына қарап айыра білуге үйрету;<br>— ағаш бөліктері туралы білімдерін тиянақтау (діңі, бұтағы, тамыры);туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы:<br>Көркем сөз:<br>Үйеңкі, қайың, қарағаш,<br>Самырсын, емен, қарағай.<br>Өседі бәрі аралас,<br>Бақшада өскен баладай.<br>Қаулап өскен ағаштар<br>Жеміс-жидек сайда да.<br>Хош иіске елітіп<br>Тынып қалған айнала<br>Қамқоршы болшы орманға<br>Орманды бәрің қорғаңдар!<br>Сұраққа жаап беріңдер:<br>♦Басқа ағаштар арасынан қайыңды қалай табамыз?<br>♦Қайың діңі қандай? (ақ қара дақтармен.)<br>♦Қайыңның тағы қандай бөліктері бар? (діңі, тамыры, бұтағы)<br>♦Ағашқа тамыр не үшін керек?<br>Күзде қайың жапырағының түсі | Арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту;<br>Сөздік қорларын  молайту.<br>Бақылау барысы:<br>Көркемсөз<br>Үлкен болдым десем де,<br>Ешкім маған сенбейді.<br>«Жалғыз жүрме көшеде,<br>Кішкентайсың сен»-дейді.<br>Үлкенмін ғой міне мен,<br>Ойыншықтарды жинаймын.<br>Машинаға мінер ем,<br>Кабинаға сыймаймын.<br>Сұрақтар.<br>Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер? («Жедел жәрдем», өртсөндіру, қар жинайтын, су себетін, милиция машиналары.)<br>Бұл машиналар не үшін керек? (адамдарға көмектесу үшін.)<br>Өрт болғанда неге «Жедел жәрдемді» қоса шақырады? (зардап шеккендерге көмектесу үшін.)<br>Сиренасы қосулы машиналарға өзге машиналар жол беруге тиіс пе? (иә)<br>♦Неге? (Олар адамдарға көмекке асығады.)<br>♦Оларды атаңдар. («Жедел жәрдем», өртсөндіру және милиция .)<br>Еңбек.<br>Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау<br>Мақсаты:Жұмыс уақытында ұқыпты болуға баулу.<br>Қ/О: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты:<br>— орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>— экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Бәйге».<br>Мақсаты:<br>Тез жүгіруге, ептілікке жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойындары Қозғалыстарын қалыптастыру**<br>**Мақсаты: сапта жеңіл, бірқалыпты жүруге жаттықтыру.**<br>**Халық болжамы:**<br>**Жаз жауынды, күз жылы болса, қыс ұзақ болады.** | Қимылды ойын: «Допты ұста»<br>Мақсаты: қағып алуға және келесіге беруге үйрету.<br>Жаттығу ойындары:<br>Мақсаты: Қашықтан келген допты тез қағып алуға үйрету<br>Мақал-мәтелдер:<br>Қалың ну халық саулығы.<br>Көк орман –Отан байлығы.<br>Орман-ел дәулеті, жер сәулеті.<br>Бір тал кессең, он тал ек.<br>Ағаштың да ағайыны бар.<br>Жалғыз ағаш орман болмас.<br>Ағаштың ажалы балтадан. | Еңбексүйгіштікке, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу<br>Қ/О: «Қармақ»<br>Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу:<br>Жаттығу ойындары:<br>Жүкіру техникасын жақсарту<br>Мақсаты: қозғалыстарын дамыту<br>Мақал: «Еңбек етпеген ішіп-жемейді» | қандай? (сары.)<br>Жазда қандай еді? (жасыл.)(терекпен де осындай жұмыс жүргізіледі)Қыска ең алғашқы дайындалатын қай ағаш? (қайың)<br>Д/О. «Аталған ағашта тап». «Бір, екі, үш, қайыңға (терекке) қарай ұш!».Мақсаты: мәтінге сай қимыл жасауды үйрету, аталған ағашты табуЗерттеу қызметі<br>Гербарий үшін қайың және терек жапырағын жинау (айырмашылықтарын атау)<br>Қ/О: «Қасқыр қақпан»<br>Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу<br>Жаттығу ойындары:<br>Қозғалысты дамыту<br>Мақсаты: Бөрене үстімен жүруге жаттықтыру<br>Тыйым сөздер:<br>Ағашты кеспе<br>Ағаш бұтағын сындырма<br>Ағаш жапыраған жұлма | «Аюлар мен аралар», «Допты бер».<br>Мақсаты:<br>— гимнастикалық қабырғамен аяқты алмастыра отырып өрмелеу;<br>— допты лақтыруға және қағып алуға жаттықтыру<br>Жаттығу ойындары:<br>Секіргіш жіппен секіру жаттығулары.<br>Мақсаты; алға, артқа айналдыра отырып секіруге жаттықтыру.<br>Мақал: «Сақтықта қорлық жоқ» |
| **Серуенге оралу** | Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)<br>**«Энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (Біртұтас тәрбие)** | | | | |
| **Балалардың ербесәрекеті (баяуқимылдыойындар, үстелүстіойындары,** | • **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>**Айтжүргін** - ойынында жиналған балалар дөңгеленіп отырып, тізелерін бүгіп, аяқтарын жартылай алға | • **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>**«Алакүшік»** — бұл ежелгі халық ойындарының бірі. Ойынды көбінесе | • **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>**Айтжүргін** - ойынында жиналған балалар дөңгеленіп отырып, тізелерін бүгіп, аяқтарын | • **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>**«Алакүшік»** — бұл ежелгі халық ойындарының бірі. Ойынды көбінесе | • **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>**«Орамал тастамақ».** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеуәрекеті, кітаптар қараужәнетағыбасқа әрекеттер)** | созады. Осы кезде ортаға көпшіліктің қалауы бойынша біреуі шығып, беліндегі белдігін алып отырғандардың біреуінің бүгулі тізесінің қуысына тыққан кезде отырған адам қолма-қол белдікті ұстай алып арлы-берлі "айтжүргін" "айтжүргін"деп басқалардың аяғының арасына жылдамдатып жүгірте береді. Осы кезде ортадағы адам белдікті жылдам суырып алып, іздеушінің арқасынан белдікті жылдам суырып алып, іздеушінің арқасынан гүрсілдетіп ұрып-соғып есінен тандырады. Бір кезде өлдім-талдым дегенде белдікті біреуінің аяғының арасынан ұстай алғанда, өзінің шабан қимылдауының, орашолақтығының кесірінен ұстатып алған адам ортаға шығып айыбын ән айту, домбыра тарту немесе би билеу арқылы өтейді де, әрі қарай ойынды сол жүрізетін болады. (Мұндай айып кезінде орындаушының өз қалауы бойынша кез келген ән-күй, би орындалады). | жазық алаңда, мектеп ауласында жазғытұрым, күз айларында ойнайды. Ойынға жиналғандар топтасып тұрады да, араларынан біреуі «алакүшік» етіп белгілейді. Олар «Алакүшіктің» назарын өзіне аударуға тырысады. Ал «Алакүшік» ойнаушылардың бірін қолға түсіруге тиіс. Қолға түскен ойыншы «Алакүшік» болады да, бұрынғы «Алакүшік» болған ойыншы, енді ойыншыларды қатарына қосылады. Ойын осылай жалғаса береді.[1] Ойын балалардың таза ауада дем алуларына жүгіруге, жылдамдыққа, тез шешім қабылдай білуге, сергектікке үйретеді.[2] | жартылай алға созады. Осы кезде ортаға көпшіліктің қалауы бойынша біреуі шығып, беліндегі белдігін алып отырғандардың біреуінің бүгулі тізесінің қуысына тыққан кезде отырған адам қолма-қол белдікті ұстай алып арлы-берлі "айтжүргін" "айтжүргін"деп басқалардың аяғының арасына жылдамдатып жүгірте береді. Осы кезде ортадағы адам белдікті жылдам суырып алып, іздеушінің арқасынан белдікті жылдам суырып алып, іздеушінің арқасынан гүрсілдетіп ұрып-соғып есінен тандырады. Бір кезде өлдім-талдым дегенде белдікті біреуінің аяғының арасынан ұстай алғанда, өзінің шабан қимылдауының, орашолақтығының кесірінен ұстатып алған адам ортаға шығып айыбын ән айту, домбыра тарту немесе би билеу арқылы өтейді де, әрі қарай ойынды сол жүрізетін болады. (Мұндай айып кезінде орындаушының өз қалауы бойынша кез | жазық алаңда, мектеп ауласында жазғытұрым, күз айларында ойнайды. Ойынға жиналғандар топтасып тұрады да, араларынан біреуі «алакүшік» етіп белгілейді. Олар «Алакүшіктің» назарын өзіне аударуға тырысады. Ал «Алакүшік» ойнаушылардың бірін қолға түсіруге тиіс. Қолға түскен ойыншы «Алакүшік» болады да, бұрынғы «Алакүшік» болған ойыншы, енді ойыншыларды қатарына қосылады. Ойын осылай жалғаса береді.[1] Ойын балалардың таза ауада дем алуларына жүгіруге, жылдамдыққа, тез шешім қабылдай білуге, сергектікке үйретеді.[2] | артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | келген ән-күй, би орындалады). | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Хадишаға құрастыруға деген қызығушылығын арттыру**.** | Томирисске дұрыс дыбыстау бойынша жұмыс жасау. | Дильнараға сөздерді дұрыс айтуды дағдыландыру | Әли түстерді ажыратауды бекіту | Айсұлтанға жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінез құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.**:**<br>**Ата –аналарға кеңес**<br>«Осы ай ішінде біз не білдік». Баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауаптар<br>**«Үнемді тұтыну»** – энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.<br>(**Біртұтас тәрбие.Экологиялық тәрбие беру**) | | | | |

Тәрбиеші: Мендибаева А.С.

**КЕЛІСЕМІН:**
Оқу ісінің меңгерушісі
Абсатова Д.А. ____________

**Тәрбиелеу - білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тірек мектебі (РО)» КММ

**Мектепалды «Айгөлек» сыныбы**

**Балалардың жасы:** 5 жас

***Жоспардың құрылу кезеңі:* 30.09-04.10. 2024-2025ж**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 30.09** | **Сейсенбі 01.10** | **Сәрсенб 02.10** | **Бейсенбі 03.10** | **Жұма 04.10** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | **«Күй күмбірі»**<br>**Ерке сылқым (Біртұтас тәрбие)**<br>Балаларды көтеріңкі күймен қарсы алу.Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты-жөнін атап сәлемдесуді үйрету.Баланың бүгінгі көңіл күйі туралы сұрау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі,денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.Маусымдық өзгерістерге байланысты балалалардың киімдерін кигізу,денсаулығына көңіл бөлу туралы түсіндіру | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша ертегі, тақпақтар, әңгімелер оқып беру. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, балалардың мазмұндауын үйрету.<br>**(Қазақ тілі)** | Балалардың өздеріне кітап оқуға мүмкіндік беру. Кітап суреттеріне қарап, өздері оқып жатқан кейіп танытып,эмоционалды-бейнелік мазмұнын бере білуді үйрету.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Қазақстан аумағында мекендейтін жануарлар мен олардың төлдеріне тән белгілерді атай алу және ажырату дағдыларын кітаптардан қарау арқылы үйрету.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | «Менің сүйікті кітабым» Балалармен отбасында оқыған кітаптарын талқылау. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге үйрету.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **«Ақшаны жұмсауды үйренеміз»** қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту<br>**(Біртұтас тәрбие)** |
| **Таңертеңгі** | Бір қатармен жүру.Жүру түрлері: ұшымен, қол жоғары; өкшемен қол басын артында; | | | | |

<table>
<tr><td>жаттығу</td><td colspan="5">Жүгіру түрлері: бір қатармен; екі аяқпен секіру, қол алдында.<br>Шеңберге тұру.<br>Б.қ. – н.т., қол иықта<br>1.Қол жоғары.2.Б.қ.3.Қол жоғары.4.Б.қ (5-6 рет)<br>Б.қ. аяқты кең ашып тұрысы, қол жан-жаққа<br>1.Оң тізені жоғары көтеру.2.Б.қ.3.Сол тізені жоғары көтеру.4.Б.қ. (5-6 рет)<br>Б.қ. – н.т., қол белде<br>1.Оң жаққа енкею.2.Б.қ.3.Сол жаққа еңкею.4.Б.қ. (5-6 рет)<br>Б.қ.аяқты кең ашып отыру, қол артында тірелеп<br>1.Оң аяқты көтеру.2.Б.қ.3.Сол аяқты көтеру.4.Б.қ. (5-6 рет)<br>Б.қ.- н.т., қол төмен<br>1-4 екі аяқпен секіру, қол шапалақта (4 рет)<br>Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Сағаттар» - екі аяқты бос ұстап, қолын жіберу; түзу қолдарын ілгері кейін қозғап «тик-так,тик-так» - деп айту; мұрнымен демін ішке тартып, дыбыспен демін сыртқа шығарады (5-6 рет).</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ұйымдастырылған іс-әрекеке дайындық</td><td colspan="5"><u>Біртұтас тәрбие:</u><br>Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы<br><u>Апта дәйексөзі:</u>«Ел-жұртымның бақыты аталатын,<br>Сөнбесін мәңгі сенің ,Отан,атың!»</td></tr>
<tr><td><u>ҚР Әнұранын тыңдау</u><br>Жылулық сәті:<br>Қуан, шаттан, алақай!<br>Қуанатын күн келді.<br>Күліп шықты күн бүгін<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>.</td><td>«Жүректен жүрекке»<br>Біздің топта ұл-қыздар,<br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br>Айналаға, бар адамға<br>Тек мейірім сыйлаймыз.<br>(Танымдық, іс-әрекеті)</td><td>«Шын жүректен»<br>Ән салуға барамыз,<br>(шеңбер бойлай жүреді)<br>Досымызды табамыз.<br>(тоқтайды)<br>Сәлемет пе! Міне мен!<br>(қолдарын екі жаққа сермейді)<br>Доспын енді сенімен!<br>(көршілерімен қол алысады)<br>(Қарым-қатынас д.д)</td><td>Артикуляциялық гимнастика<br>«Күлімсіреу», «Тұмсық».<br>Мақсаты: дыбысты дұрыс айтуды дамыту, ерінді күлімсіреп, алға қарай созу.<br>(Қарым-қатынас д.д)</td><td>«Тоқта!Белгіні қара!» ойыны<br>Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру<br>(қауіпсіздік ережелерін сақтау)</td></tr>
| | сана.Бірінші,екінші,тоғызыншы, оныншы болып кім тұр? Балаларды вагондағы орын нөмірлері бойынша ретімен сызып қос.<br>Шабадандарды сана. Балаларға шабадандарды «таратып» бер. Сызып қос.<br>**2-тапсырма**Құстарға қандай ұя жасауға болады? Әртүрлі түске боя. Қызыл төбесі бар сары ұя реті бойынша нешінші?<br>Құстарға арналған үйшік пен оның шатырының түсі менпішінін қарастыруды ұсынады. Үйлер әртүрлі болатындай етіп әртүрлі түске бояйды.<br>**3тапсырма.**1-ден 9-ға дейінгі цифрларды тап.Оларды қоршап сыз және боя<br>**<u>2. Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Міндеті:**<br>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**Мақал-мәтелдерді жаттау,мағынасын түсіну**<br>1. Ағаш тамырымен мықты, Адам дос-жарымен мықты<br>2.Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау<br>Алмайды<br>Ы.Алтынсариннің «Екі дос» әңгімесін | **Ойын мақсаты:** балалар, бір-бірінің құлағына сыбырлау арқылы айтылған сөзді басқа балаға жеткізеді.Егер ойын барысында сөзді кімде-кім дұрыс естімей қате естіп,сөзді шатастырып алса, «айыбын»төлейді.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс Суретке қара.Үш дыбыстан тұратын сөздерді ата. (Мая, тай, лақ, құс, шөп, әже, тал, ала.)<br>Дыбыстық талдау жаса.<br>Педагог балаларға жұмыс дәптерде дыбыстық талдау жасайтындарын айтады.<br>Әже, тай суреттері астына дыбыстық талдау жасайды.<br>-Балалар,біз бүгін дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдауды жасауды жалғастырайық. Педагог балаларды кезекпен тақтаға шығарып, дыбыстық талдау жасатады..<br>«Әже» сөзінде 2 буын,3 дыбыс бар.<br>Тай – 1буын, 3 дыбыс.<br>Нар сөзінде1буын, 3 дыбыс бар.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**(графикалық жұмыс)<br>Үзік сызықтарды бастыр<br>**<u>2.Қоршаған ортамен таныстыру</u>**<br>**Міндеті:** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, | Пішінге сәйкес келетін заттарды табу<br><br>**«Сипаттама бойынша тап»дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: кез келген затты қандай геометриялық фигураға ұқсас екенін, түсіне қарап сипаттау.<br>**Дәптерменжұмыс.**<br>**1-тапсырма.**<br>Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Олардың ұқсастығын және айырмашылығын ата.<br>Фигуралардың суретінің үстімен саусағымен жүргізуді ұсынады.<br>-Фигуралардың бір-бірінен қандай айырмашылығы барын ата.(Дөңгелектің бұрыштары жоқ, ол домалайды.)<br>(Үшбұрыштың, шаршының және тіктөртбұрыштың бұрыштары бар. Олар домалай алмайды.)<br>**2-тапсырма.** Заттарға қара. Заттар қандай пішінге ұқсайды? Оларды геометриялық фигурамен сызып қос.<br>Заттар қандай пішінге ұқсайды? Балалар тапсырманы орындайды, | ерекшеленеді? Шаршы мен тіктөртбұрышты бір-бірінің үстіне қой. Не байқадың?<br><br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Заттар қандай белгілері бойынша топтастырылған? Әр топтан артық затты тап. Қоршап сыз. Өз таңдауыңды түсіндір.<br>Ол заттар мен Фигуралар жиынтық топтарын қарап шығуды және олардың топтастырылған белгісін атауды ұсынады. Артық затты қоршап сызады.<br>**2-тапсырма.**<br>Фигуралардың ұқсастығымен айырмашылығы неде?Олар қалай аталады? Тіктөртбұрышты белгіле.Бөлмеден осып ішіндегі затты тап.<br>**3-тапсырма.** Фигураларды сана. Кестеге нүктелер сал.<br>**4 -тапсырма.** Әр фигураға орын тауып, сызып қос.<br>**<u>2. Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Міндеті:** Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;<br>**Дид.ойын:** | Жау-жау-жау,<br>Желбірептұр жалау.<br>Ой-ой-ой,<br>Қорада тұр қой.<br>Ай-ай-ай<br>Ұшып кетті торғай.<br><br>Ай-ай-ай,<br>Жайылып жүр тай<br>Ға-ға-ға,<br>Ұшып кетті қарға.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>Зат атауларындағы **н** дыбысының орнын анықта.Сөздің басында болса–бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті және соңында болса – үшінші бөлікті көк қарындашпен боя.<br>2.Дауысты дыбыстан басталатын заттың суретін қызыл сандыққа,дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін көк сандыққа сал.<br>**3.Дыбыстық талдау жаса.**<br>«Лақ» сөзінде1 буын,3 дыбыс бар.<br>«Гүл» сөзінде 1 буын, 3дыбыс бар.<br>«Тор»сөзінде1 буын,3дыбыс бар<br>4.графикалық жұмыс<br><br>**<u>2. Көркем әдебиет</u>**<br>**Міндеті:** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оқу,мазмұнын балалармен бірге талдау<br>**Дидактикалық ойын «Жақсы-жаман»**<br>Мақсаты: жақсы достың және жаман достың бойындағы қасиеттерін ажырату<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.тақпақтар жаттату,<br>**жұмбақ**<br>Жиып-теріп болатын<br>Қамбаға астық толатын<br>Қызыл қамба ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың.<br>Дид.ойын «Жұмбақтар құрастырайық»<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың қолына жеміс пен көкөністердің суретін көрсетіп өз ойларынша сол жұмбақ құрап шығарып жасыру.<br>Алма ертегісін рөлдерге бөліп сахналау<br>Қоян: Қарға: Кірпі:Аю.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен | бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.<br>Бұтақтарды сындырмай,<br>Тазалықты сақтайық.<br>Гүл өсіріп, су құйып,<br>Табиғатты қорғайық.<br>-Өлең шумақтарынан не түсіндіңдер?<br>«Ағаштар дауы» әңгімесі<br>Бірде тоғайдағы ағаштар дауласты. Бірінші ағаш: «Менің киімім – ең көрікті киім.Қарашы, қызыл да, жасыл да, сары да, қызғылт та жапырақтарым бар. Мен ең әдемі ағашпын. Екінші ағаш: «Менің ойымша, сіздікіндей ала-құла киім мендей салиқалы ағашқа мүлдем жараспайды. Ең әдемі жапырақ ол – қылқанды жасыл жапырақ. Бұл жапырақтымен ешқандай жапыраққа ауыстырмаймын.<br>-Қандай ағаштар?<br>- «1-ағаш үйеңкі, 2-ағаш шырша»деген шешімге келеді.<br>-Балалар, қай ағаштың пайдасы көп?<br>-Табиғатқа барлық ағаш пен бұталар пайдалы.<br>«Суреттер сөйлесін» ойын - жаттығуы<br>1-сурет (Емен, қарағай, | суреттен дөңгелек, шаршы, тікбұрыш, үшбұрышты заттарды табады. Заттарды геометриялық фигурамен сызып қосады.<br>**3-тапсырма.**Сурет қандай фигуралардан құрастырылған?Ата және сана.Сонша нүкте сал. Заттың қандай фигуралардан құрастырылғанын анықтап,санауды және атауды ұсынады.<br>Сонша нүкте салады.<br>**4-тапсырма.**Сандықты геометриялық фигуралармен безендір.Боя.<br><br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Бәрі де риза**<br>**Мақсаты:** Әңгіменің жалғасын ойдан құрастыруға баулу.<br><br>**Міндеті:** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру<br>Дид.ойын «Суреттер сөйлесін! | «Құстардың атын атау»<br>**Мақсаты:** Үй құстары мен дала құстарын ажырата алу,тіршілігі туралы мәлімет беру<br>Сұрақ-жауап:<br>-Қандай құстың құйрығы айыр?<br>-Қарлығаш<br>-Жыл құстары дегеніміз не?<br>— Күн суытқанда ұшып,көктемде келетін құстар.<br>-Түнде ұшатын құс?<br>-Үкі<br>-Орман дәрігері?<br>— Тоқылдақ<br>-Адамдар үй салуды қай құстан үйренген?<br>-Қарлығаш<br>-Әнші құс?<br>-Бұлбұл<br>«Ерке бұлбұл» ертегісімен таныстыру,рөлдерге бөліп сахналату<br>**3.Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты,тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**"Өз мекенін тап" дидактикалық ойыны** | дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру<br>Жұмбақ :<br>Алтын сары тоны бар<br>Қауызында дәні бар<br>(Бидай)<br>Асты тас, үсті тас,<br>Ортасында піскен ас<br>(Таба нан)<br>**Алтын астық**<br>Көктемде егін егетін,<br>Күзде жиып, теретін.<br>Біздің дала–бай дала,<br>Алтын астық айнала.<br>Ел егінді жинайды,<br>Қырманға дән сыймайды.<br>Біздің дала – бай дала,<br>Алтын астық айнала.<br>Астық – дала сәулеті,<br>Астық–Отан дәулеті.<br>Біздің дала–бай дала,<br>Алтын астық айнала.<br>(ҚосжанМүсірепов)<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>«Не жасырынғанын тап». Шарты: балаларға ұннан пісірілген нан түрлерін көрсету. Балалар көздерін жұмады, бір суретті алып тастаймын. Балалар қай сурет жоқ екенін табуы керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен еңбектеу<br>"Поезд" Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Ойынның шарты: Тәрбиеші балаларға поезд болып ойнайық, мен паравоз боламын, ал сендер вагонсыңдар, пуп-пуп-пуп. Паравоз белгі бергенде поезд ақырындайды, содан кейін қатты, яғни тез жүреді.<br>**"Өз жұбыңды тап"**<br>Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. | қайың, терек, үйеңкі, тал, шырша, алмаағаш, итмұрын, қарақат, бақбақ, қызғалдақтың суреттері көрсетіледі). Балалар олардың атын табады. Оларды педагогтің көмегімен ағаш, бұта және шөп деген үш топқа топтайды.<br>-Балалар, ағаш, өсімдік және бұталар несімен ұқсас, айырмашылығы неде?<br>-Олардың барлығының діңі, бұтақтары, жапырақтары, тамырлары бар.<br>Айырмашылықтары: олардың аты бөлек, өсетін жерлері, жапырақтар, діңі, бұтақтарыәртүрлі болып келеді. Шөп аласа, кішкентай, ал ағаштар мен бұталар биік.<br>-Ағаштарды қайдан көруге болады?<br>-Орманда, қалада, саябақта, алаңда, суреттерде, балабақша аймағында т.б.<br>-Балалар, ағаш, өсімдік және бұтаның схемалық бейнесіне назар аударыңдар. 2-сурет. Ағаштың тамырдан ұзын, жуан діңі өсіп шығады, бұталарда көптеген жіңішке, жан-жаққа тараған бұтақтары болады, ал өсімдіктердің сабақтары жіңішке, нәзікжәне күлтешелері, гүлдестелері болады. Гүлдесте – | Мақсаты:Суреттегі мамандықтар туралы айту<br>-Кімдердің суреттерін көріп тұрсыңдар?<br>-Сендер өскенде кім болғыларың келеді?<br>-Қандай мамандарды білесіңдер?<br>-Мамандық дегеніміз адамның еңбек қызметінің түрі,маман болу көп оқуды, дайындықты, жауапкершілікті талап етеді. Мамандықтың түрі өте көп.<br>Балалар,сендер күнде келіп жүрген мектепті салатын адамды кім дейміз?<br>Ауырған адамды кім емдейді?<br>Киімдерді тігіп беретін адамды кім дейміз?<br>-Шашымызды әдемілеп қиып беретін адамды кім дейміз? Бүгін осы мамандықтар туралы жазушы Мәдіхат Төрежановтың «Бәрі де риза» әңгімесімен танысамыз. Әңгімені мәнерлеп оқып,мазмұнын айтып береді<br>**Дидактикалық ойын:«Кімге не керек?»**<br>Мақсаты: әр мамандық иесіне керекті заттарын тауып атайды. | **Мақсаты:** Жануарлардың мекенін табу арқылы сөйлеу қабілеттерін дамыту<br>**"Жануарлардың төлін тап" дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:**: Әр жануардың өзіне сәйкес төлін табу.<br><br>**<u>4.Музыка</u>**<br>**Міндеті:** Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Жасдәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева)<br>**Ән айту:**<br>«Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков<br>«Бүгін қай күн» С.Мухамеджанов, сөзі Ш.Мухамеджанов<br>**Музыкалық-ырғақтыққимылдар:**<br>«Мерекелікмарш»(Б.Дәлденбай)<br>**Билер:**«Көкпар»биі («Билеп үйренейік»жинағынан)<br>**Ойындар,хороводтар:**<br>«Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалықойындаржинағынан). **Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Күншуақ»(Е.Құсайынов) | Мақалдың жалғасын тап.<br>Нан – тамақтың ...., (атасы )<br>Ынтымақ – көптің ....., (батасы)<br><br>Балалар, кім нан туралы тыйым сөздер біледі? Сурет бойынша тыйым сөз шығару.<br>Нанды бір қолмен үзбе.<br>Нанды, дастарханды баспа.<br>Нанды төңкеріп тастама.<br>Нанды аяққа баспа.<br><br>**<u>3. Қоршаған ортамен таныстыру</u>**<br>**Міндеті:**«Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары<br>**Жұмбақ**<br>Мұрныннан кеудеге өтеді, Одан кері кетеді,<br><br>Одан кері кетеді,<br>Өзі көзге көрінбейді,<br>Онсыз өмір сүрілмейді.<br>Жауабы: ауа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>Ойынның шарты:<br>Ойыншылар екі баладан жұп құрап, қолдарына доп ұстап 6-8 метр жерден бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші ойнауға белгі берісімен, әр жұп доптарын бір-біріне қарай домалатып тигізуге тырысады. Доптары бір-біріне тиген ойыншылар ұпай жинайды. Ойынның соңында қай жұптың ұпайы көп болса, сол жұп жеңіске жетеді. | өсімдіктің гүлі, күлтеше – гүлді ұстаптұратын түбекшесі.<br>-Ағаштың неше діңі бар? (біреу)<br>-Бұтаның қанша діңі бар? (Көп).<br>Ағаштар мен бұталардың, өсімдіктердің қандай ортақ белгілері бар? (Бұтақ, жапырақ, тамыр).<br>3-сурет.Суретте ағаштар, бұталар мен өсімдіктер бейнеленген, көрсетіңдер. Балалартақтадан суреттерді атап, қайсысы ағаш, бұта және өсімдік екенін көрсетеді.<br>- нелері т.б. екенін табады.<br>-Қандай ағаштар қыста жапырақтарын түсірмейді? Қарағай, шырша.<br>-Жапырақтардың түсуін әртүрлі сөзбен атаңдар.<br>-Ұшады, жауады, үзіледі т.с.с.<br>-Жапырақтары бәрінен кеш пайда болатын ағаш қалай аталады?<br>-Емен ағашы.<br>**<u>3. Шығармашылық әрекет</u>**<br>**Міндеті:**<br>**<u>Сурет салу</u>** Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді | Жұмбақты шеш.<br>Сауықтырар сырқатты,<br>Жылы үнмен тіл қатты.<br>(Дәрігер)<br>**<u>3. Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Міндеті:** Сөздегі дыбыстардың ретін, дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>«Жалпы атауын ата»дид.ойыны<br>1.Алмұрт,алма,жүзім – ...(жемістер)<br>2.Сәбіз,бұрыш,қарбыз–... (көгөністер)<br>3.Қайың,терек, шырша– ... (ағаштар)<br>4.Қаңтар,ақпан,желтоқсан –...(қыс айлары)<br>5.Қыркүйек,қазан,қараша –...(күз айлары)<br>**«Сөздерді буынға бөл»дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:**Суреттегі сөздерді атап,буынға бөлу<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді ата.<br>Ферма,сиыр,сүт,қоян,сөре ,қора,күнбағыс,комбайн,т ал,шөп,сауыншы,қызанақ, қияр, пияз, сәбіз, фляга т.б.<br>Дыбыстық талдау:шөп,бақ,сүт сөздеріне дыбыстық талдау жасау | | Балалар, ауасыз өмір сүру мүмкін бе? (Балалардың жауаптары тыңдалады). Адам, жануар ауасыз тіршілік ете алмайды, өсімдіктер өспейді. Өсімдіктер де тыныс алады, оны біз сезбейміз. Таза ауа – біздің денсаулығымыздыңбасты кепілі. Өкінішке орай, көліктердің, зауыт, фабрикалардың ауаға шығаратын түтіндеріауаны ластап, табиғатқа, адамзатқа зиян тигізуде. Лас ауа жануарларға да, өсімдіктерге де қауіпті. Барлық зауыт, фабрикаларға зиянды қалдықтарды жинап, ұстап қалатын, ауаға жібермейтін арнайы қондырғылар орнату қажет. Таза ауаны сақтау – өте маңызды мәселе. Балаларға мұрнымен ауаны ішке тарту ұсынылады.<br>–Балалар, мұрын арқылы ауа біздің өкпемізге өтеді. Тынысты шығарғанда пайдаланылған ауа қайтадан ауыз немесе мұрын арқылы сыртқа шығады<br>**«Шар үрлеу» ойын-жаттығуы**<br>Мақсаты:«Шар әуеге ішіне ауа толтырылғандықтан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.<br>**4.Музыка**<br>**Міндеті:** Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Жасдәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева)<br>**Ән айту:**<br>«Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков<br>«Бүгін қай күн» С.Мухамеджанов, сөзі Ш.Мухамеджанов<br>**Музыкалық-ырғақтыққимылдар:**<br>«Мерекелікмарш»(Б.Дәлденбай)<br>**Билер:**«Көкпар»биі («Билеп үйренейік»жинағынан)<br>**Ойындар,хороводтар:**<br>«Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалықойындаржинағынан)**. Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Күншуақ»(Е.Құсайынов) | **Саусақ жаттығулары**<br>**Графикалық жұмыс**<br>Штрихтау,үзік сызықтарды бастырып жазу<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**<br>«Жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр)<br>«Біз көңілді балалар»<br>Мақсаты : Балалардың көңіл –күйлерін көтеру. Спорттық би билеуді үйрету. Дене қимылдарын , бұлшықеттерін жетілдіру. Спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. «Дені саудың – жаны сау» мақалының мәнін түсіне білуге тәрбиелеу. Ойынның шарты : Балалар 3 топқа бөлініп, қолдарына жалаушаларды, ленталарды және сылдырмақтарды алып «Балақай» әніне спорттық би қимылдарын билейді.<br>**«Құлатып алмай апар»**<br>**Мақсаты** : Балалардың дене қимыл қозғалыстарын дамытып,тепе –теңдікті, дәлдікті сақтай білуге үйрету. Арқаларын түзу ұстап, дұрыс жүруге | | ұшады деген тұжырымға келу.<br>Тәжірибие жасау<br>1.Ыдыстағы суды түтікшемен үрлегенде нені байқадың?<br>2.Қағаздан желпуіш жаса. Бетіңе желпі. Не байқадың?<br>3.Шарды үрлеп, ыдыстағы суға сал. Шар суға неге батпайды?<br>4.Поролон суға неге батпайды? Оның қуыстарында не бар?<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Өрмелеу<br>**Мақсаты:**<br>Өрмелеу дағдыларын қалыптастыру<br>**Міндеті:**<br>Гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.<br>**“Қақпа” Мақсаты:**<br>Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дағдыландырып, тәрбиелеу. Ойынның шарты : Әр балаға спорттық бұрыштағы құм салынып тігілген кішкене жастықшалар таратылады. Балалар оларды басына қойып, түсірместен , себетке апарып салады. Себетке жеткізбей, жастықшаны түсіріп алған бала айыппұл ретінде өлең не тақпақ айтады. | | балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Ойынның шарты: Балалар қол ұстасып шеңбер жасап, “қақпа” құрады. Ортаға санамақ арқылы бір бала қасқыр болып сайланады.<br>Қасқыр түссе қақпанға,<br>Ұстамаса болар ма?<br>Қасқырға қақпан құрайық<br>Қасқырды ұстап алайық.<br>“Қасқырды ұстап алайық” деген кезде қақпаны жабады, қолды төмен түсіреді, ортадағы бала қақпаннан шығуға тырысады.<br>**«Бірінші бол» Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Спорттық ойындарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ойнай алуға тәрбиелеу. Ойынның шарты: Ойын алаңының бір жағында сызық сызылады. Ал екінші сызықта 10 метр қашықтықта жалаушалар қойылады. Балалар бір-бірінен 1 метр қашықтықта, жалаушаға сол жақ қырымен тұрып, сол қолдарына құрсау ұстап тұрады. “Дайындалыңдар” деген белгі бойынша балалар құрсауды сол қолымен ұстап жалаушаға қарай жерге қояды, оң қолды құрсау соғуға дайындайды, “1,2,3” зымыран деп тәрбиеші айтқанда оң алақанымен құрсауды соғып, жалаушаға қарай сырғытады. Бірінші келген балалар жалаушаны басынан асырып көтеріп тұрады. Кім бірінші жалаушаны көтерсе, сол жеңеді |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету)**<br>• **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу<br>«Табиғат ресурстары деген не?»тақырыбында әңгімелесу | | | | |
| **Серуен** | **Серуен №1**<br>**Торғайларды бақылау**<br>**Мақсаты:** торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>—күздің келуімен құстар мінез-құлқының өзгеруін | **Серуен №2**<br>**Көгершіндерді (кептерлер) бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>Құстар әлемі туралы білімдерін | **Серуен №3**<br>**Емен ағашын бақылау**<br>**Мақсаты**: Күзгі емен туралы түсініктерін қалыптастыру,ағаштардың жыл мезгілдеріне | **Серуен №4**<br>**Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық | **Қараша**<br>№ 4 САБАҚ. «ЛИФТІ (ЖЕДЕЛ САТЫ) МЕН КІРЕБЕРІСТЕГІ (ПОДЪЕЗД)МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ» Ұзақтығы:25-30 минут Топ/сынып:мектепалды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көре білуге үйрету;<br>зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Көркемсөз**<br>Қалатындай қиқылдап,<br>Әдетіңді білемін,<br>«Шиық, шиық» еттің<br>шиқылдап ,<br>Дайын асқа ортақсың<br>Шашып берген жемімді<br>Торғай, торғай торғайым,<br>Жейсің сонша қиқымдап,<br>Сені әркез қорғаймын<br>Қорқақсың-ау, қорқақсың,<br>Қыстың қамын жаз ойлап,<br>Еңбек десе шорқақсың.<br>Бәріне де бол дайын!<br>**Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді.**<br>Торғай қандай болып көрінеді? (Бұл кішкентай пысық құс.)<br>Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар)<br>Ал қанаты мен құйрығы қандай? (құйрығы-қара-қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жирен түспен жиектелген) | тиянақтауды жалғастыру;<br>Құстар немен қоректенеді, қайда өмір сүреді, адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды, жабайы көгершіндер неге Қызыл кітапқа енгізілгендігін тиянақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>Көркем сөз:<br>Құстар менің достарым,<br>Жемін, суын керекгін,<br>Құспен қызық аспаным.<br>Күнде апарып беремін<br>Үйшік жасай білемін<br>Олар мәз боп қалады,<br>Ағаштарға ілемін<br>Шаттық әнге салады.<br>Қандай құстар алаңға келіп қонады?<br>Олар қайда тіршілік етеді?<br>Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді?<br>Оларды кім қоректендіреді?<br>Көгершіндер қайда мекендейді?<br>Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен | қарай бейімделуі туралы түсінік беру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>Білмейтіні жоқ елдің-<br>Өзім де ішіп көргенмін<br>Дейді әжейім<br>Ішектің емі-қашаннан<br>Қабығында еменнің<br>Қайнатындысы<br>Еменнің<br>Қасиеті бар дәрілік.<br>Қабығынан жасалған.<br>Орманда жасыл еменнен құдыретті де әсем ағаш жоқ. Халық ертегілері мен батырлар жырларында алып емендер тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ол алыптар бейнесінде бейнеленеді.  Кәрі еменнің діні мығым, бұтақтары тарам-тарам болады. Емендер мың жылға дейін өмір сүреде, олар көктемде ең кеш көктейді. Ол өте зор, мықты ағаш болғанмен, қатты аяздарда жарылып кетеді.<br>Емендер көбіне қайда өседі? (орманда.)<br>Ал бұл ағаш қайда өсіп тұр? (қалада.) | соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы)<br>Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды ).<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**   А. Сәрсеков<br>Күзгі ауланың талдары<br>Кейде құйын өтеді<br>Желмен басын шайқайды<br>Тозаңдатып жан-жақты<br>Дәурен өтіп жаздағы<br>Кейде құйын кетеді<br>Күздің желі соғады<br>Доп қылып ап жапырақты<br>Бейне тентек баладай<br>Ойран-асыр салады<br>Алма бағын жағалай<br>Алмаларын қағады<br>Күз мезгілінің аяқ жағын «күміс күз» деп те атайды. Суларда алғашқы жылтыр мұздар пайда болады. Жерге алғашқы күмістей жылтыраған алғашқы қар ұшқындары түседі. Жердегі жапырақтар үстіне қонған қыраумен күн сәулесінен күмістей жылтырайды. Күзде | тобы/сынып (5 жастағы балалар) Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды лифті мен кіреберістегі тәртіптің (қауіпсіздік) негізгі ережелеріне үйрету, қауіпті жағдайлардың алдын алу. Міндеттері: • Балаларды лифті мен кіреберісте тәртіптің (қауіпсіздік) негізгі ережелерімен таныстыру. • Балаларды қауіпті жағдайларды тануға және сол уақытта дұрыс әрекет етуге үйрету. • Төтенше жағдайларда өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал ету. Материалдармен ресурстар: Лифті мен кіреберісте өзін-өзі ұстау ережелерін бейнелейтін иллюстрациялар немесе суреттер Әртүрліжағдайлар бейнеленген карточкалар Ұйымдастырылғаніс-әрекет: Балаларды қарсы алу. Лифті мен кіреберісте қауіпсіздік ережелерін сақтау маңыздылығын талқылау. Лифтідегімінез-құлықережелерін талқылау: Лифтіні күту: лифті келгенше есіктерінен алыс тұр. Кіру және шығу: лифт есіктері ашылғанда тез кіріп, тез шығу, табалдырықта тұрмау. Түймешіктермен (кнопка) ойнамау: тек қажетті түймешіктерді басу, барлық түймешікті басудың қажеті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ал басының түсі қандай? (Сұр)Торғайлар қайда өмір сүреді? (қалада және ауылда.)Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? (адамдардың қасында олар жыртқыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.)Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады. Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? (подъездің немесе балконның күнқағарларына.)<br>Қане, жақсылап қарайықшы біздің балабақша ауласында қай жерге мекендеді екен?<br>Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? (Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек)<br>Күзде торғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды)<br>**Еңбек**Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру.<br>Мақсаты: | достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Кептер мен торғайды салыстыру<br>**Еңбек:**<br>Балабақша аумағына жем салғыш ілу<br>Мақсаты: еңбек әрекетін орындауға үйрету.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ұшады, с екіреді, жүзеді».<br>**Мақсаты:**<br>—- балаларды жүкіруге үйрету;<br>.— зверей.құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Қаданы (кегли) құлат».<br>**Мақсаты:**<br>Допты нысанаға лақтыру;<br>Назар аударуларын, дәлдіктерін дамыту. | Қалада тағы қандай ағаштар өседі?<br>Ағаштар қалаға не үшіни керек? (ағаш жапырақтары ауадағы көмір қышқыл газын бойына сіңіріп оттегін бөліп шығарады..)<br>Ағаш жапырақтары қай уақытта түседі? (күз айларында.)<br>Ағаш жапырақтары неге түседі? (ағаштардың қыста көп ылғалды жоғалтпасы үшін)<br>Емен ағашының адамға қандай пайдасы бар? (құрлысқа, жиһаздар жасауға және емдік қасиеттері бар)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ауладағы бірнеше ағаш жапырақтарының түстерін салыстыру<br>Мақсаты: ағаш жапырақтарының түстерінің әртүрлілігін аңғарту<br>**Еңбек**<br>Жерге түскен ағаш жапырақтарын тырмамен жинау және оны тазалау<br>Цель: ұжыммен жұмыс істеуге деген | күн көзі сирек көрінеді, ауа-райы бұлыңғыр, бұлтты болады.<br>Алғашқы қар түседі, ол бірақ еріп кетуі мүмкін<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>Қыс алдындағы күндерді қалай атайды? (Күміс күз.)<br>Неліктен?<br>Жұмбақ шешу:<br>Қар да емес, мұз да емес,<br>Ағаштар күміс жамылған (қырау)<br>**Еңбек:** Ауладағы қоқыстарды жинау.<br>Мақсаты: жасаған жұмыстарынан қанағат алуға тәрбиелеу .<br>**Қ/О:** «Бәйге»<br>Мақсаты:<br>Бір-біріне соқтықпай жүкіруге жаттықтыру ;<br>Төзімділікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру.<br>Мақсаты: Төбешікке жүкіріп шығу, жүкіріп түсу<br>**Халық болжамы:**<br>**Түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды** | жоқ. Лифтіге жалғыз кірмеу: ең дұрысы, лифтіге ересектермен немесе үлкен балалармен бірге кіру. Егер лифті тоқтап қалса: қорықпау, саспау, диспетчерді шақыру түймешігін басып, көмек күту. Кіреберістегімінез-құлық ережелерін талқылау: №1 бейнероликті қарау. «Кіреберісте» Бейнероликті талқылау: егер кіреберісте бөтен адам болса, не істеу керек? Кіреберісте: бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, бейтаныс адамдарға есік ашпау, баспалдақ мен қоршауларда ойнамау, ата-аналармен/ересектермен бірге болу. Негізгі сұрақтарарқылы бекіту: Бейтаныс адамдарға кіреберіс есігін ашуға бола ма? Неге? Егер лифті тоқтап қалса, не істеу керек? Кіреберісте баспалдақтар мен қоршауларда ойнауға бола ма? Лифтіге қалай дұрыс кіру және шығу керек? Пайдалы сілтеме: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету;<br>Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Қ/О: «Құстардың ұшуы».<br>Мақсаты: белгі бойынша қимыл жасауға үйрету.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Жалауды құлатпа»<br>Мақсаты: заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру | **Халық болжамы:**<br>**құс жүнін үрпитсе, жауын болады;**<br>**жыл құстары кеш ұшса, қыс жылы болады;**<br>**құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.** | қызығушылықтарын арттыру.<br>**Қ/О:** «Аққу-қаздар».<br>Мақсаты:берілген тапсырма бойынша жүкіруге жаттықтыру<br>**Жаттығу ойындары**<br>Бір аяқпен секіру.<br>Мақсаты: барынша биік секіруге жене жерге дұрыс түсуге жаттықтыру<br>**Мақал-мәтел**<br>**Аяламасаң ағаш та аспандап өспес**<br>**Орман ел дәулеті, жер сәулеті.** | **Ағашты қырау басса аяз болады.** | |
| **Серуенне оралу** | Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті) | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяуқимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **(Біртұтас тәрбие)**<br>**Ұлттық ойын**<br>**Алтыатар ойыны** – көнге әр адам асық тігеді. Сол қатарға тағы бір сақа тігіледі (үйіргенде баланың шік түскен сақасы). Асықтардың арасында саңылау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м. Сызық, ал 4-5-6 м. жерден ататын қарақшы белгілейді. Кімде-кім түптегі сақаны атып ұшырса (1м асыра) бүкіл | **(Біртұтас тәрбие)**<br>**Ұлттық ойынАқсақ қарға -** қазақтың ұлттық ойындарының бірі. “Қарға” деген бұл қарға атты құс, ал “ақсақ” ақсандайтын дегені. Неліктен “қарға ақсақ”? Өйткені “қарға” бейнесін жасайтын бір аяқпен секіреді. Ал екінші аяғы бүгілген және белбеумен немесе орамалмен байланған. “Қарға” | **(Біртұтас тәрбие)**<br>**Ұлттық ойын**<br>**Алтыатар ойыны** – көнге әр адам асық тігеді. Сол қатарға тағы бір сақа тігіледі (үйіргенде баланың шік түскен сақасы). Асықтардың арасында саңылау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м. Сызық, ал 4-5-6 м. жерден ататын қарақшы белгілейді. Кімде-кім түптегі | **(Біртұтас тәрбие)**<br>**Ұлттық ойынАқсақ қарға -** қазақтың ұлттық ойындарының бірі. “Қарға” деген бұл қарға атта құс, ал “ақсақ” ақсандайтын дегені. Неліктен “қарға ақсақ”? Өйткені “қарға” бейнесін жасайтын бір аяқпен секіреді. Ал екінші аяғы бүгілген және белбеумен немесе орамалмен байланған. “Қарға” қай аяққа ақсандайтыны маңызды | **(Біртұтас тәрбие)**<br>**Ұлттық ойын**<br>**.«Орамал тастамақ».**<br>Балалар шеңбер жасап тұрады.<br>Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | асықтарды сол алады. Ал сақаға тимей асықты ұшырса, оның сызықтан шыққаны ғана соныкі болады. Ату саны – 6рет. Алғаш сақасы шыққан бала бірінші болады да, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған асықтардың бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі (сақасы тігілген бала).[1] | қай аяққа ақсандайтыны маңызды емес. Қатысушылар құрамаларға бөлінеді және секірмелі эстафета жасалынады. Бірақ аяқты байлайтын белбеу немесе орамал бір “қарғадан” басқасына ауысып отырады. | сақаны атып ұшырса (1м асыра) бүкіл асықтарды сол алады. Ал сақаға тимей асықты ұшырса, оның сызықтан шыққаны ғана соныкі болады. Ату саны – 6рет. Алғаш сақасы шыққан бала бірінші болады да, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған асықтардың бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі (сақасы тігілген бала).[1] | емес. Қатысушылар құрамаларға бөлінеді және секірмелі эстафета жасалынады. Бірақ аяқты байлайтын белбеу немесе орамал бір “қарғадан” басқасына ауысып отырады. | бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Заттарды лақтыруға жаттықтыру;<br>**Жеке жұмыс:** «Ағаш суретін сал»<br>**Мақсаты**: қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.<br>Дильнара | Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Мәди | Құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.<br>**Құрастыру**<br>Диас | Жүгіру, жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту.<br>Тамирис | Суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру.<br>**Сурет салу**<br>Даяна |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.**:**<br>**Ата –аналарға кеңес**<br>Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйреніс іп, тіл табысатын болады.<br>**(Біртұтас тәрбие.Экологиялық тәрбие беру)** | | | | |

Тәрбиеші: Мендибаева А.С.

**КЕЛІСЕМІН:**
Оқу ісінің меңгерушісі
Абсатова Д.А. ___________

**Тәрбиелеу - білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тірек мектебі (РО)» КММ
**Мектепалды «Айгөлек» сыныбы**
**Балалардың жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі: 11-15 қараша 2024ж**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>11.11 | Сейсенбі<br>12.11 | Сәрсенб<br>13.11 | Бейсенбі<br>14.11 | Жұма<br>15.11 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | **«Күй күмбірі»** «Адай»<br>«Қоғамдық мүлікті қорға» Әңгімелесу**(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу) (Біртұтас тәрбие)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Бала денсаулығы туралы әңгімелесу. Өзіне – өзі қызмет ету туралы кеңес беру<br>(Жеке басының мәдени гигиеналық дағдыларын қалыптастыру)<br>Ауа райының өзгеруіне байланысты сыртта жылы киінуіне кеңес беру<br>Мәдени гигиеналық дағдыларды қалыптастыру туралы әңгімелесу | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, Үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дербес ойын «Мозайка»**<br>**Мақсаты:**Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыру дағдыларын қалыптастыру<br>Құрастыру бойынша балалар іс-әрекеті | **«Көлік»**<br>**Мақсаты**: Балаларға көлік туралы түсінік беру. Олардың қызметінің маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейту. Көлікті жапсыруға үйрету.<br>**Жапсыру**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **Саусақ жаттығу «Фигураларды құрастыр» жаттығуы.**<br>**Мақсаты :** қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту. | **Дид ойын:«Дөңгелек және сопақша»**<br>**Мақсаты:**Геометриялық пішіндерді ажырата білуге, оларға ұқсас заттарды топтай білуге, түстерін айта білуге үйрету.<br>Суреттегі заттарды санауға, оларды сызып қосуға үйрету.<br>Логикалық ойларын,есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойшылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері** | **Дид ойын:«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»**<br>Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Қарым- қатынас |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет | іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бір қатармен жүру.Жүрут үрлері: ұшымен, қол жоғары; өкшемен қол арқасында; жартылай отырып жүруЖүгіру түрлері: бір қатармен; шашылып. Шеңберге тұру. Б.қ. – н.т., доп төмен<br>1.Оң аяқты алдына шығару, доп жоғары.2.Б.қ.3.Сол аяқты алдына шығару, доп жоғары.4.Б.қ.<br>(5-6 рет)Б.қ. аяқты кең ашып тұрысы, доп кеуденнің алдында<br>1.Оң жаққа бұрылыс.2.Б.қ.3.Оң жаққа бұрылыс.4.Б.қ. (5-6 рет)Б.қ. аяқты кең ашып отыру доп еденде<br>1.Алдына енкейю, допты қолмен тигізу.2.Б.қ.3.Алдына енкейю, допты қолмен тигізу.4.Б.қ 5-6 рет)<br>Б.қ. н.т., доп алдында 1.Доп оң жақтан арқасына.2.Б.қ.3.Доп сол жақтан арқасына (5-6 рет)<br>Б.қ.-н.т., доп еденде 1-4 допты екі аяқтың арасында салу, секіру (6 рет)<br>Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Паровоз» - қолдарымен кезектестіріп қимылдар жасап, бөлме ішінде жүру; мұрын арқылы демді ішке жұтып, ауыздан «Чух-чух-чух» сөздерімен бірге демді шығарады. (5-6 рет). | | | | |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық** | **Біртұтас тәрбие:Қараша«Әділдік пен жауапкершілік айы»**<br>**Апта дәйексөзі**:«Жауапкершілік - адамгершілік қасиеттің көрінісі» | | | | |
| | **ҚР Әнұранын тыңдау** | **Дид ойын** «Сөйлемді аяқта»<br>**Мақсаты**: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.<br>**Қарым- қатынас іс – әрекеті Сөйлеуді дамыту** | **Дид ойын:**«Суреттерді құрастыр»<br>**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту<br>**Математика негіздері Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет** | **Қимылды ойын « Аңшылар мен қоянда р »**<br>**Мақсаты:** Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету.<br>**Дене шынықтыру Физикалық қасиеттерді қалыптастыру** | **Логикалық ойын: «Не артық»**<br>**Мақсаты:** Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады.<br>**(Зерттеу іс әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдасты-рылған іс-әрекет** | **1. Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша)үйрету «Артығын тап»ойыны | **1.Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру | **1. Математика негіздері**<br>**Міндеті:** қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. | **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Эксперименттік іс-әрекеті.**Сопақшаның қасиеттері туралы білу үшін эксперименттер жүргізеді.<br>Сопақшаның бұрыштары жоқ(сопақшаны саусақтармен ауада сызады).<br>Сопақша шеңберге несімен ұқсайды?<br>-Сопақша, дөңгелек сияқты, бұрыштары жоқ, ол да тегіс, тұрақсыз.Дөңгелек пен сопақша дөңгелек пішінді болып келеді.<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.**<br>Фигуралардың үстінен саусағың мен жүргіз<br>Ұқсастығын және айырмашылығын ата.<br>**2-тапсырма.**<br>Кілемшелерді геометриялық фигуралармен безендір. Боя<br>**3-тапсырма.**<br>Фотосуреттерді сәйкес пішіндегі жақтаулармен сызып қос.<br>Балалар отбасы мүшелерінің суреттері қандай пішінде орналасқанын | Мақсаты:артығын табу арқылы жылдамдықтарын арттыру<br>1.Ара,өрмекші,маса,көбелек,аю.(аю)<br>2.Тауық,әтеш,үйрек,қаз,сауысқан.(сауысқан)<br>**3.**Мысық,түлкі,аю,қасқыр.(мысық)<br>4.Колғап,көйлек,шалбар,етік.(көйлек)<br>5.Май,шай, нан,қант,қасық. (қасық)<br>6.Ара,өрмекші,маса,көбелек,аю.(аю)<br>7.Тауық,әтеш,үйрек,қаз,сауысқан.(сауысқан)<br>8.Мысық,түлкі,аю,қасқыр.(мысық)<br>9.Колғап,көйлек,шалбар,етік.(көйлек)<br>10.Май,шай, нан,қант,қасық. (қасық)<br>Тіл ұстарту<br>Ақ-ақ-ақ,<br>Тастан тасқа секірді лақ.<br>Аң-аң-аң,<br>Аңның ізіне болдым таң.<br>Ма-ма-ма,<br>Лақты қораға қама.<br>Рақ-рақ-рақ,<br>Керек маған тарақ<br>Уық-уық-уық,<br>Қорада тұр тауық.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс** | **«Сана және ата»дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты: фигураларды санау,атау,түстерін ажырату**<br><br>-Барлығы қанша шаршы(сопақша,дөңгелек, үшбұрыш)?<br>-Барлығы неше кішкентай шаршы(сопақша,дөңгелек)?<br>-Барлығы қанша үлкен шаршы(сопақша,дөңгелек)?<br>-Барлығы қанша кішкентай,үлкен фигуралар бар?<br>-Қанша қызыл (көк,сары, жасыл ...)фигуралар бар?<br>-Қандай фигуралардың түсі көбірек (мөлшері,пішіні)?<br>-Белгілі бір бағанда немесе қатарда қанша үлкен (кіші)фигура бар?<br>-Қай қатарда түсі (өлшемі,пішіні)бойынша пішіндері көп?<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.**Өз салатын заттың суретін | **«Пішінді жина» ойыны:** қағаз парағына төртбұрыш немесе шеңбер сияқты тұтас пішінді салыңыз, содан кейін оны бірнеше бөлікке бөліп, араластырыңыз.<br>Балалардан фигураны оның бөліктерін дұрыс біріктіру арқылы жинауды сұраңыз. Бұл ойын балаларға бүкіл фигураның бөліктерден тұратынын түсінуге және оларды дұрыс байланыстыруды үйренуге көмектеседі.<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.**<br>Фигуралардың бір бөлігін боя.Оларды қалай атауға болады?<br>**2-тапсырма.**Сурет қандай фигуралардан құралған?Көрсетілген түстермен боя.<br>**3-тапсырма.**<br>Фигураларды тауып,боя. Құрақ көрпені «жөндеу» керек. Балалар қажетті фигураны тауып, көрсетілген түспен бояйды<br>**4-тапсырма.**Осы фигураларды бір-біріне | «Сұрақ-жауап»әдісі арқылы қайталау.<br>1.Дыбыстар деген не?<br>2.Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>3.Қандай-қандай болып бөлінеді?<br>4.Олар қалай аталады<br>**Дидактикалық ойын«Дұрыс көрсет»**<br>й, ц, к,е, н,г,ш, щ, з,х, ф, ы,в,а, п, р,о, л, д,ж, э, с,м,и, т,б дыбыстарын айтқанда тиісті текшені көрсету<br>**«Дауыссызды быстан басталатын сөз жалға»дидактикалық ойыны**<br>Педагог балаларға суреттер көрсетедіде, балалар суретті атайды,сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалғайды.<br>Мысалы:доп...(қызыл),бал...(тәтті),ара...(сары),етік...(жылы), ет...(дәмді)т.б. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | анықтайды.<br>**4-тапсырма.**<br>Фигураларды қарандаштардың түсіне сәйкес боя.<br>**Дидактикалық ойын«Домалайды,домаламайды».**<br>Ойын мақсаты:: егер аталған зат домаласа, шапалақта, егер домаламаса, аяқпен топылдата отырып,заттардың пішінін ажырату<br><br>**<u>2. Сөйлеуді дамыту</u>**<br>Судың да сұрауы бар<br>**Мақсаты:** Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру.<br>**Міндеті:** Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; | 1.Заттардың атында естілген н,л дыбыстарының дыбыстық белгілерін қой.<br>2Дыбыстық талдау жаса.<br>3.Суреттердегі заттардың неше буыннан тұратынын анықта.Суреттерді тиісті сызбамен қос.(графикалықжұмыс)<br>4.Штрихта<br>5.Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.<br><br>**<u>2.Қоршаған ортамен танысу</u>**<br>**Міндеті:** Өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың,жарықтың,жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды,суықты,күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі,олардың өсуі және көбеюі.<br>**Сұрақ-жауап**<br>– Балалар, орман деген не? Онда не өседі?<br>Орман – өте көп ағаш, бұта , шөп, гүл, саңырауқұлақ, жеміс-жидектер өсетінәрі үлкен алқапты жер. Орман – аң мен құстардың қолайлы тіршілік ортасы.<br>Қазақстан ормандары | дөңгелек және сопақшат үрінде бейнеле.Балалар суреттегі заттардың пішінін атайды. Олар сопақшаға ұқсайтын затты бейнелейді.<br>Сопақша мен дөңгелектің айырмашылығын атайды.<br>2**тапсырма.**Түймелерді көрсетілген түспен боя. Белгілі бір пішіндегі түймелерді тауып, оларды тапсырмада көрсетілген түске бояуды ұсынады.<br>**3-тапсырма**<br>Фигураларды жалғастырып сал.<br><br>**2.<u> Көркем әдебиет</u>**<br>**Міндеті:** Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>**«Жұлдызды сәт» интеллектуалдық ойыны**<br>Интеллектуалдық ойын барысында берілген сұрақтарға, | беттестірсе,қандай сурет шығады?<br>Егер фигураларды бір-біріне беттестірсе,қандай сурет шығатынын айтады.<br><br>**2.<u> Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Міндеті:** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту<br>**Педагог түсіндірмесі: Алматы қаласында керемет көрікті жерлер өте көп.**<br>**Алматы – әсем қала! Ол Іле Алатауының баурайында орналасқан.**<br>**Алматы апорт алмасымен әлемге танылған. Қып – қызыл апорт алмалары дәмді, әрі ірі. Қалада саябақтар, демалыс орындары бар. Биік-биік ғимараттар қалаға ерекше сән береді.**<br>**Көше бойы ағаштар мен гүлдер отырғызылған.**<br>**Алматыда оқу орындары, мәдени** | **Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>1.Суреттерді ата.«С»дыбысы кездесетін заттың суретін қорша.Сөздерді буынға бөл.<br>**2.**Дыбыстық талдау жаса.(графикалық жұмыс)<br>3.Штрихта.<br>**4.**Үзік сызықтарды бастыр,жалғастыр<br><br>**<u>2. Көркем әдебиет</u>**<br>**Міндеті:** Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>Жұмбақ:<br>Жол бойында жортқан,<br>Сыбызғысын тартқан.<br>(Қасқыр)<br>-Қасқыр қандай аң?Қасқыр туралы қандай ертегі білесіңдер?<br>-Балалар,бүгін біз«Ақымақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жұмбақ:<br>Аспан түстес сұйық,<br>Әркім ішер құйып. (су)<br>Педагог түсіндірмесі:<br>Жер бетінде су көп болса да, барлығы бірдей ішуге жарамды бола бермейді. Су тұщы және тұзды (ащы) болады. Біз ішу үшін тұщы суды пайдаланамыз.<br>Су - тіршілік көзі. Оны тамаққа пайдаланамыз, шөлімізді басамыз. Сонымен қатар егін суарамыз, өрт сөндіреміз. Жан - жануарлар, балықтар, құстар да сусыз өмір сүре алмайды. Суға қоқысты тастауға болмайды, жазда өзен-көлге түсуге барғанда, өзімізден кейін қалған нәрселердің барлығын жинап бірге алып кетуіміз керек. Суды бекерге төкпей үнемдей білуіміз керек. Дана халқымыз"Суды бекерге төкпе","Судың да сұрауы бар"деп айтатыны сондықтан.<br>Дидактикалық ойын:"Су кімдерге немесе нелерге қажет?" | Шығыс Қазақстан, Қостанай, Батыс Қазақстан, Павлодар облыстарында орналасқан.<br>Жұмбақ:<br>Көктемде көгереді<br>Жазда жайқалады<br>Күзде сарғаяды<br>Қыста томарланады.<br>(өсімдік)<br><br>Қиналмай тауларды орманды<br>Теңізді дария топтарды<br>Ауылды, қаланы халықты<br>Ойлап тап көтерген алыпты. (жер)<br>Дид ойын: «Не қайда өседі?»<br>Мақсаты:бақ пен бақшаны ажырату ,жеміс пен көкөністердің себетке жинау<br><br>**3. <u>Шығармашылық әрекет</u>**<br>**Мүсіндеу:**<br>**Міндеті:** Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану<br>**4.<u>Музыка</u>** | тапсырмаларға жауапберіп жарысу. Екі топқа бөліну. Оң қанаттағылар «Алғырлар» тобы, сол қанаттағылар «Тапқырлар» тобы болады. Әр дұрыс жауап бір жұлдызбен бағаланады.<br><br>**1.Кім білгір?**<br>-Қазақстанның бас қаласын ата.<br>- Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Неліктен күзді жомарт дейміз?<br>-Астықты қай кезде жинайды?<br>- Бір аптада неше күн бар?<br>**2.Ұшқыр ой.**<br>Мақалды аяқта.<br>Дос болсаң .... (берік бол)<br>Еңбектің наны... (тәтті)<br>Отан көркі ... (жерімен)<br>Жері байдың ... (елі бай)<br>**3. Кім жылдам?**<br>Жұмбақтың шешуін тап | **орындары өте көп. Медеу мұз айдыны бар. Көктөбе, трамплин спорттық ойындар алаңы, Шымбұлақ демалыс орындары, М.Әуезов театры, А.Құнанбаев атындағы театр. Алматыдағы ең биік үй – «Қазақстан» қонақ үйі. Алматы Қазақстанның ең үлкен қалаларының бірі. С.Оспанов Алматы өлеңін жаттау<br>Жап – жасыл ағашы,<br>Қып – қызыл алмасы.<br>Ақ басты тауы бар<br>Алматы қаласы.**<br><br>**Дид.ойын: Кім жылдам?**<br>**Ойын мақсаты::** .Педагог бастаған сөзден сөйлем құрау арқылы,сөздің қорларын көбейту<br>**1.Қаламыз……….. гүлдене берсін**<br>**2.Еліміз………….. …аман болсын**<br>**3.Күніміз……………. жақсы өтсін**<br>**4.Деніміз…………. ..сау болсын** | қасқыр»ертегісімен танысамыз.<br>Ертегіні оқып беріп,мазмұнын ашу(соңындағықосымшадан қараңыз).<br>**Сөздік жұмысы:** өріс–мал жайылатын шөбі қалың жер ши–су жағасында тұтасып өсетін қамыс тектес өсімдік<br>Ертегінің мазмұны бойынша **сұрақ-жауап:**<br>-Ертегі қалай аталады?Қасқыр жайылып жүрген нені көрді?<br>-Қой қасқырға не деп жауап берді?Қалай құтылды?<br>-Қасқырға тағы не жолығады?Ешкі қасқырдан қалай құтылды?<br>-Қой қандай жануар?Ал қасқыр қандай аң?<br>Ертегі кейіпкерін сипаттайық. Ертегі қалай аяқталды?<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дидактикалық ойын:"**Су кімдерге немесе нелерге қажет?"<br>Мақсаты:Судың қажеттілігін білу<br>**Су туралы нақыл сөздер:**<br>1.Судың да сұрауы бар.<br>2. Су анасы - бұлақ<br>Сөз анасы - құлақ<br>3. Сумен ойнама - батарсың<br>Отпен ойнама - жанарсың<br>4. Сулы жер - нулы жер<br>5. Су - табиғаттың ажары<br>Су - тазалықтың досы<br>6. Суды шашып ойнама<br>**3.<u>Қазақ тілі</u>**<br>Үй жануарлары<br>мен жабайы жануарлар<br>**Мақсаты:** Үй жануарлары<br>мен жабайы жануарлардың тіршілігіндегі айырмашылықты білу<br>**Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын | **Міндеті:** Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің темблік ерекшеліктерімен таныстыру<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Балбырауын»(Құрманғазы)<br>«Домбыра-қобыз» Қ.Даулетиярова.<br>**Ән айту:**<br>«Балдырғандар әні»(Г. Жотаева)<br>«Мен өнерлі баламын»(М.Омаров)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Марш» (В. Дешевов)<br>**Билер: «**Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмырқылыш», «Жұптасу биі»(чехх.әуені)<br>**Музыкалықа спаптаойнау:**<br>«Еркем-ай»қазақтың халық әні (өңдегенБ.Дәлденбай) | 1.Өзі шырақ, өзі қу,<br>Жүрген жері айқай-шу.<br>**Түлкі**<br>2. Ұзын-ұзын ұсқауын,<br>Ұзынына кім жетер?<br>Шұбар ала күйкентай,<br>Шұбарына кім жетер?<br>**Кітап**<br>Қалпағы ақ қарасаң,<br>Дәрігер емес, бірақ ол.<br>Дәм мәзірін қаласаң,<br>Алға ұсынып тұрады ол.<br>**Аспаз**<br>Қызыл күлше тау асады,<br>Ыстық нұрын шашады.<br>**Күн**<br><br>(елібай)<br>**4.Көңілді сәт.**Әр топ өз өнерін көрсетеді.<br>**5.Кім тапқыр?**<br>Ертегілерді сюжетті суреті арқылы табу<br><br>**3.<u> Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Міндеті:** Буындардан сөздер құрастыруға(ауызша)үйрету<br>«Сұрақ-жауап»әдісі арқылы қайталау.<br>1.Дыбыстар деген не?<br>2.Дыбыстар нешеге бөлінеді? | **5.Күніміз……………..ашық болсын**<br>**6.Тыныштық………..заман болсын**<br>**7.Ауамыз……………. таза болсын**<br>**8.Суымыз………<br>…….мөлдір босын**<br>**9.Аман………<br>…………..сау болайық**<br>**10.Досымыз………..<br>.көп болсын**<br>**11.Қаламыз ………<br>….көркейе берсін**<br>**Міндеті:** Аңшылық кәсіпті (аң,аңшы,орманшы,қорықшы),мал өсіруге байланысты(қора,жайлау,қыстау,жем,астау,соғым,сыбаға),сөздермен таныстыру<br>Педагог түсіндірмесі<br>Жайлау — жазғы қоныс.Жайлауда суы мол, шөбі шүйгін, маса-сона, шыбын-шіркейі аз жерлерден таңдайды.Қора — мал ұстайтын орын.Ол мал түліктерінің түріне қарай әр түрлі болады.<br>Мысалы, ат қора, сиыр қора, қой қора, төл қора және жабық қора және т.б | Ыр-ыр-ыр–<br>ырылдайды қасқыр.<br>Ұйқасын тап:<br>Моп-момақан өзі,<br>Сүп-сүйкімді<br>(қозы)<br>**Дидактикалық ойын:«Жануардың дыбысын сал»**<br>**Қасқырдың дауысын сал–у-у-у-у.**<br>**Ешкінің дауысын сал – бе-е-е.**<br>Қойдың дауысын сал–мә-ә-ә.<br>Ертегіні сахналау<br><br>**3.<u>Қоршаған орта танысу</u>**<br>Көлік<br>**Мақсаты:** Балаларға көлік туралы түсінік беру. Көліктерді топтастыра білуге үйрету.<br><br>**Міндеті:** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру<br>Төлін тап дид ойыны<br>Мақсаты:Үй жануарларының төліп табу<br>Түйенің төлі - ботақан.<br>Қойдың төлі – қошақан.<br>Ешкінің төлі - лақ<br>Жылқының төлі - құлын<br>Сиырдың төлі - бұзау.<br>**«Сәйкестендір» дид ойын**<br>**Мақсаты:**Жануарлар-дың төлін тауып,сәйкестендіру<br>**Тақпақ жаттау**<br>Шөре, шөре лағым<br>Тентек болма шырағым.<br>Секеңдемей деміңді ал,<br>Селтеңдеме құлағың,-<br><br>Қара көзің мөлдіреп,<br>Қызықтырмай қоймайды.<br>Жібек жүнің үлбіреп,<br>Карасам көз тоймайды.<br>**4.<u>Дене шынықтыру</u>**<br>Өрмелеу<br>**Мақсаты** Балалардың спорттық жаттығулар түріндегі түрлі қимылдар туралы түсінігін кеңейту<br><br>**Міндеті:**Гимнастикалық скамейка бойымен | | 3.Қандай-қандай болып бөлінеді?<br>4.Олар қалай аталады?<br>**Дидактикалықойын:« Кім білгіш?»**<br>Мысалы:б, л,р, ө, т,и,м,с, о, г,н, е,щ, у, ш,д, ж, з,с, ч,і, з, в,ы, ф,й, ц, у,к, а, н.<br>Педагог дыбыстарды айтады,балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.<br>-Дауысты дыбыстарға қызыл текшені;<br>-Дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады.<br>1. Суреттерді ата. Дауыссыз дыбыстардан басталған сөздердің суретін қорша.<br>2. О дыбысы бар сөздерді белгіле.<br>3. Заттардың атын буынға бөл.<br>4.Дыбыстық талдау жаса (графикалық жұмыс)<br>5.Үзік сызықтарды бастыр.<br><br>**4.<u>Дене шынықтыру</u>**<br>Көңіл күйім | Жем-шөп — малды азықтандыру үшін пайдаланатын өнімдер. Олар өсімдік текті, жануар текті және минералдық болады. Жем-шөп құрамында сіңімді қоректікзаттар көп.<br>Сыбаға – құрметті қонаққа немесе жақын-жуыққа арнап сақталған кәделі ет мүшелері, тағама<br>Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суреттермен жұмыс)<br>Суреттің қайсысы ұқсайды? Олар қандай қимыл жасап тұр?<br>Жайылып жүрген жылқы<br><br>Шауып келе жатқан жылқы<br>Мультфильмдегі жылқы<br>1. Балалар (жеке жұмыс): - жылқы туралы өз ойларын, төлі мен пайдасы жайлы түсінгенін айтады, «Қ», «Ө» дыбыстарының орнын табады, кітапшадағы жарты әріптерді толықтырады, дауысты дыбыстарды | **Жұмбақтар**<br>Төрт аяқты, екі көзді<br>Отпен, майдан жемі бар,<br>Өзі жансыз жүреді.<br>Құрыш болат жүрегі.<br>Машина<br>1. Тізбектелген көп үйлер,<br>Көшіп жүрген көк үйлер. Поезд<br>2. Құс сияқты құс емес,<br>Жүрсе де тым биікте.<br>Қақпайды бір қанатын<br>Жүрсе де тым биікте<br>Ұшақ<br>3. Қос күрекпен еседі,<br>Су көлігі деседі.<br>Қайық<br>4.<br>Жүргізуші жүргізеді ,<br>Төрт аяқты батырды.<br><br>Әңгіме: **«Көліктер».**<br>Адамдар көліктерді алыс жерлерге қатынас жасау үшін пайдаланады.<br>Көліктердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу<br><br>«Саусақтарды жаттықтыру» – допты кез келген бағытта бір қолмен домалату. Педагогтің нұсқауымен алдымен допты сол қолмен, сосын оң қолмен, кейін екі қолмен бірақ дөңгелетеді. Доптың бағытын өзгертпеуге, допты алысқа жібермеуге, доптың артынан үлгеруге тырысады.<br><br>«Допты керілген жіптен асырып лақтыру. Шапшаңдыққа жаттықтыру»<br>Волейбол добын керілген жіптен асырып лақтырып, астынан өтіп, | | **Мақсаты:** Баланың эмоционалдық көңіл - күйін еркін білдіруіне қолайлы жағдай туғызу<br><br>**Міндеті:** Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктері мен таныстыру,олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Лақтыр-қағып ал». (10 рет)<br>Допты лақтырып, қалаған тәсілмен қайта қағып алады.<br>Допты кеудесіне қыспай, екі қолдап қағуға тырысады.<br>Допты жерге құлатпаған жеңіске жетеді.<br>**Қимыл ойын: Тарғыл мысық және балапандар**.<br>Ойынның мақсаты: Кеңістікті барлай отырып аландағы өз орындарын табуға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Бала бойында ептілік, | бояйды; (танымдық д.д.)<br>2. Суреттегі жылқы қандай қимылда көрсетілген. Сомдап көрсетеді, дауысын салады, жылқы болып шабады, жай жүреді. Ол жайында ойын айтады. (Балалар оны қимылмен көрсетеалады. Коммуникативтік, Шығармашылық д.д.).<br>**4.<u>Музыка</u>**<br>**Міндеті:** Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің темрлік ерекшеліктерімен таныстыру<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Балбырауын»(Құрманғазы)<br>«Домбыра-қобыз» Қ.Даулетиярова.<br>**Ән айту:**<br>«Балдырғандар әні»(Г. Жотаева)<br>«Мен өнерлі баламын»(М.Омаров)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Марш» (В. Дешевов)<br>**Билер: «**Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмырқылыш», «Жұптасу биі»(чехх.әуені) | төрт түрлері бар. Олар:<br>1. Әуеде ұшатын көліктер:<br>2. Суда жүзетін көліктер:<br>3. Жерде жүретін көліктер:<br>4. Темір жол көліктер:<br>Ал енді, балалар, осы көліктерді танысайық.<br>Ерте, ерте, ертеде адамдар алыс жерлерге жануарлар арқылы және жануарларға жегілген екі дөңгелекті арбамен қатынаған. Кейінірек адамдар машина, автобус сияқты жерде жүретін көліктерді, содан кейін темір жол көліктері: пойыз, трамвайды ойлап апқан.<br>- Балалар, сендер құс сияқты ұшқыларың келе ме? Міне, адамдар түрлі жолдарын ойластырған, ең алдымен әуе шары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шапшаң аттап, екінші жағынан қайта қағып алады.<br><br>«Секіргіштікті жаттықтыру»<br>20 см биіктікке жүгіріп келіп, секіріп шығу. Секіріп бір аяғына қонады | | табандылық секілді қасиеттерді қалыптастыру. | **Музыкалықа спаптаойнау:**<br>«Еркем-ай»қазақтың халық әні (өңдегенБ.Дәлденбай) | пайда болды да, кейін моторы бар ұшақтар мен тік ұшақтарды ойлап тапты.<br>- Балалар, сендер суда жүзіп көрдіңдер  ме?<br>- Ал қайықпен ше?<br>- Адамдар ертеде үлкен өзендерден бөренелер  арқылы жүзіп өткен. Қайықтарды, кемелерді уақыт өте ойластырып тапқан.<br>Дидактикалық ойын: **«Бағдаршам» ойыны**<br><br>**Ойын мақсаты:Жол ережесін сақтаудың маңыздлығын түсіндіру**<br>Көшедегі қимыл-қозғалысты реттеу үшін не қажет деп ойлайсыңдар?<br>- Жолда жүру  тәртібі  не үшін қажет ?<br>- Ал, машина туралы тақпақты кім айтады? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Ойын шарты: Бір бала - «Бағдаршам» болып<br>**Міндеті:** Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр),<br><br>**Секір-секір» (татар халқының ойыны)** (4 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру.<br>Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орамалды шығар»** (Дағыстан халқының ойыны)<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады. Араларына сызық сызылады. Әр баланың артында – белдіктерінде орамал тығулы тұрады. Балалар алдыға жылжиды. Жүргізуші: «От!» дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қуады. |
| **Серуенге дайындық** | • **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу«Тамақты босқа шашпа,төкпе обал болады»тақырыбында әңгімелесу<br>Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| **Серуен** | **Серуен №6**<br>**Торғайларды бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>— Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз Ж. Смақов**<br>**Шыр, шыр еткен торғайды**<br>**Таспен атып торғайды**<br>**Қорғамаса болмайды**<br>**Ұя бұзған оңбайды.**<br>**Кіп-кішкене торғайлар**<br>**Құс өкпелеп кетеді**<br>**Ағаштарды қорғайды**<br>**Ауламызға қонбайды.**<br>Балалармен әңгімелесу:.<br>Қараңдаршы, балалар, біздің аулада қандай құстар ұшып жүргенін. Бізде күзде ұшпай қалған құстарды қандай құстар деп атайды? (қыстап қалатын құстар) | **Серуен №7**<br>**Жаяу адамдарды бақылау**<br>**Мақсаты**: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау.<br><br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>Жаяу жүргінші білуі тиіс: Бағдаршамның өз белгісі бар-оған ешқандай қарсылықсыз көнуің керек! Сары түс-ескерту: қозғалыс белгісін асықпай күте біл! Жасыл түс-жол ашық. Жолдан еркін өте бер! Қызыл түс бізге ТОҚТА дегенді білдіреді. Қауіпті! Жол жабық! Балалар жолдан өтерде өте сақ болыңдар! Жолда жүру ережесін үнемі есте сақта!<br>Тәрбиеші балаларды | **Серуен № 8**<br>**Итті бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>Ей, адамдар, адамдар!<br>Айналаға қараңдар,<br>Зардап шегіп жатпасын,<br>Аш үйіңнің қақпасын,<br>Жануарлар қорғансыз,<br>Далада қалып қоймасын.<br>Балаларға сұрақтар.<br>Иттің тұратын орны қалай аталады?<br>Иттің сүйікті тамағы не?<br>Иттің сыртқы кейпі қандай? Иттің қандай түрлерін білесіңдер?<br>Кейбір иттерді неге «үйсіз иттер» (жабайы) деп атайды? Иттердің | **Серуен № 9**<br>**Суды бақылау**<br>**Мақсаты:** Күз мезгіліндегі судың жай – күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы**.<br>Балаларға сұрақтар.<br>*Судың қандай қасиеттерін білесіңдер?<br>*Судың көлемі (қалпы) болама?<br>*Өзеннің, көлдің, мұхиттың, шалшықтың сулары бәріде мөлдір ме?<br>*Суды аязға шығарса не болады?<br>Су өте мөлдір. Оның түбіндегі жатқан зат көрінеді. Су - сұйық зат, оның өзіндік қалпы (көлемі) жоқ. Оны қандай ыдысқа құйсаң сол ыдыстың көлемін береді. Су түссіз, дәмсіз, иіссіз. Таза су мөлдір болады. Лай немесе лас су мөлдір | № 5 САБАҚ.<br>«ДАЛАДАҒЫ ҚАУІПТІ ОРЫНДАР» (Ашық құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, септиктер, құрылыс алаңдары, гараждар)<br>Ұзақтығы:25-30 минут<br>Топ/сынып:мектепалды тобы/сынып (5 жастағы балалар)<br>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды көшедегі қауіпті орындарды білуге және жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін өзін қалай дұрыс ұстау керектігін үйрету.<br>Міндеттері: ▪Балаларды көшедегі түрлі қауіпті орындармен таныстыру (ашық құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, септиктер, құрылыс алаңдары, гараждар). ▪Балаларға бұл орындардың неге қауіпті екенін түсіндіру.<br>▪Балаларға қауіпті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қыстап қалатын құстар мен жыл құстарының қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың жүні қалың, мамық, тұмсықтары мықты)<br>Біз жақта қандай құстар қыстап қалады? (қарға, торғай, көптер)<br>Қыста торғайлар немен қоректенеді? (дәндермен, тамақтың ұсақ қалдықтарымен)<br>Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (оларға тамақ жетіспейді, ал олар тоқ болса жылы жүреді)<br>Қазір бақылап торғайлардың не істеп жүргеніне көңіл бөлейік және көргенімізді әңгімелеп берейік.<br>Торғайлар неге адамға жақын жүреді? (адамдар оларға тамақ береді, яғни ұсақтарды тастайды)<br>**Еңбек**<br>Ағаш жапырақтары мен бұтақтарды жинау<br>Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру<br>**Қ/О:** «Бір, екі, үш-жүкір!» | жолдың жаяулар жүретін бөлігіне әкеліп, әңгіме өткізеді.<br>♦Жаяу жүргінші жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен)<br>Жүргенде жолдың оң жағымен , өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүруге тырысу керек. Көшеде сабырлы болу керек. Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек.<br>♦Жаяулардың тек осы жерден өтуі керегін сендер қайдан білдіңдер?<br>- Дұрыс айтасыңдар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және жолға жалпақ ақ жолақ сызылған.<br>**Еңбек**<br>Гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау;<br>Түскен жапырақтарды ағаш түбіне тырмамен жинау.<br>Мақсаты: табиғатқа | жақсы өмір сүруі, оның иесіне байланысты.<br>Иттер әртүрлі тағамдармен тамақтанады. Олар ботқаларды, ірімшікті, сүтті жей береді. Иттер бәрінен де піскен етті жақсы көреді. Иттің тұқымы (түрлері) өте көп-неміс овчаркасы, тазы (аңшы ит), такса, пудель (бұйра жүнді ит), ротвеилер тағы басқа иттер. Олардың бәрінің бір-бірінен айырмашылығы бар.<br>Иттер ақылды және зиінді.  Есте сақтау қабілеттері өте күшті, есту қабілеті өте зор болады. Ол өзінің иесін еш уақытта еш уақытта қиын жағдайда далада қалдырмайды, өз иесіне сатқандық жасамайды.<br>Кейбір адамдар иттер мен мысықтарды далаға қуып жібереді. Ол кезде жануардың өмірі тозаққа айналады. Олардың ішер тамағы нашар, жылы орын жоқ, ешкім еркелетпейді, үй астындағы жертөледе, | болмайды. Лас судың жаман иісі болады. Ауа температурасы 0 градустан төмен болған жағдайда су мұз болып қатады.<br>**Зерттеу жұмысы.**<br>Тәрбиеші балалармен зерттеу жұмысын жүргізуге ұсынады.<br>Шыны ыдысқа толтырып су құйып, аузын мықтап жауып, далаға аязға шығарып қою.<br>Біраз уақыттан соң ыдыс жарылып сынады да, оның орнында бір кесек мұз қалады.<br>Қатқан су, яғни мұз сұйық судың өзіне қарағанда көп орын алады. Яғни мұз болып қатқанда судың көлемі ұлғаяды да, ыдысты сындырады. Ең алғаш аяз болған күні ақ өзендер, көлдер, шалшықтар мұз болып қатады. Аяз қатайған сайын мұз қалыңдай түседі.<br>Ал, егер мұзды жылы жерге әкелсе не болар еді? (Мұз ериді де су болады). | орындардағы қауіпсіздік ережелеріне үйрету.<br>Материалдармен ресурстар: Қауіпті орындардың суреттері немесе иллюстрациялары (ашық құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, септиктер, құрылыс алаңдары, гараждар).<br>Әртүрліжағдайлар бейнеленген карточкалар.<br>Ұйымдастырылғаніс-әрекет: Балаларды қарсы алу Көшедегі қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын талқылау.<br>Балаларменкөшедегі қауіпті орындартуралы әңгімелесу: Ашық құдықтар: Ашық құдыққа ешқашан жақындама, құлап кетіп, қатты жарақат алуың мүмкін. Егер ашық құдықты көрсең, ересек адамға айт немесе құтқару қызметінеқоңырау шал.<br>Қаңырап қалғанғимараттар: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: тез жүгіруге жаттықтыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулу.<br>**Жаттығу ойындары** «Шығыршыққа түсір».<br>**Мақсаты:**<br>Белгі бойынша әрекет ету дағдысын жаттықтыру;<br>Затты көздеген нысанаға түсіруге жаттықтыру. | деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.<br>**Қ/О:** «Бағдаршам».<br>Мақсаты:<br>бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту<br>- ептіліктерін дамыту.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>Мақсаты: затты қашықтыққа лақтыру дағдыларын дамыту. | көшеде мекендеулеріне тура келеді. Олар суықпен аштықтан ауырады, өледі. Мұндай адамдарды жүрексіз адамдар дейді. Сондықтан да үй жануарларын далаға тастамаңдар, оларға қамқор болыңдар!<br>**Еңбек.** Сынған ағаш бұтақтары мен жапырақтарды жинап қоқысқа апару.<br>Мақсаты. Бірлесе жұмыс істеу, мақсатқа жету.<br>Қ/О: «Біз көңілді балалармыз».<br>Мақсаты: Ойын шартын сақтап ойнауға баулу.<br>**Жаттығу ойындары**:<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>*Затты көлденең бағытта лақтыру тәсілін меңгерту;<br>*Көз өлшемін, қозғалыс координатын, ептіліктерін дамыту.<br>**Тыйым сөз: Ит – жеті қазынаның бірі. Сондықтан оны өлтіруге, азаптауға, қаңғыртып жіберуге** | -Үлкен және кіші ыдыстардағы таза сумен бояу қосылған судың қатуын бақылау.<br>-Ыдыстағы тығыз салынған және жәй салынған қардың еру жылдамдығы бақылау.<br>**Еңбек:**<br>Топ бөлмесіндегі өсімдіктерді күту.<br>Мақсаты: табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру.<br>**Қ/О:** «Қасқыр қақпан»<br>Мақсаты:<br>-Белгі бойынша әрекет етуге жаттықтыру;<br>-Жылдамдықтарын, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Еңбектеу.<br>Мақсаты:<br>-Қозғалыстарын үйлестіруін дамыту;<br>-Шешім қабылдауға, батылдыққа тәрбиелеу. | Қаңырап қалған үйлерге немесе ғимараттарға кірме, олар өте қауіпті болуымүмкін. Онда сынған еден, құлаған заттар немесе қауіпті жәндіктер, жануарлар болуы мүмкін.<br>Септиктер:<br>Септиктердің қақпақтарына жақындама, олар бекітілмеген болуы мүмкін. Егер ашық септикті байқасаң, ересек адамға айт.<br>Құрылыс алаңдары:<br>Ешқашан құрылыс алаңдарында ойнама, онда қауіпті заттар көп,жарақат алуың мүмкін. Әрқашан құрылыс алаңдарынан алыс жүр. Гараждар:<br>Гараждардың жанында, әсіресе олар жабық болса және ішінде ешкім болмаса, ойнама. Гараждарда қауіпті құралдар немесе химиялық заттар болуы мүмкін. Балалармен көшедегі қауіпті орындардағы тәртіп ережелерін қайталау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **болмайды. Олай етсе, иесінің басына жаманшылық үйіріледі.** | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**«Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (Біртұтас тәрбие)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, Үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар Қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **(Біртұтас тәрбие)** **Ұлттық ойын** **«Ақ сүйек»** баланың көзін жұмғызып алаңдағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады. Яғни, таңертеңгі қабылдау кезінен кешке баланың үйге қайтуына дейінгі уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесі күні бойғы тәрбие түрлерімен біртұтас сабақтас жүргізіледі. Сондықтан да, бағдарлама бойынша арнайы өтілетін тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында әуелі дене сергіту, жұмыс соңында ырғақты қимыл – қозғалыс ойындарын өткізу көзделеді. | **(Біртұтас тәрбие)** **Ұлттық ойын** **Ақшамшық (сақина салу**) – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он –он бес адам қатысып, ортаға бір жігітті немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз-жігіттер үйде дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің ала-қанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол барлық адамдардың алақанына сақина салған болып шығысымен, «Тұр сақинам, тұр», – деп, | **(Біртұтас тәрбие)** **Ұлттық ойын** **Түйілген орамал**. Тәрбиеші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» – деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан – жаққа бытырай қашады. Ал тәрбиеші қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді.. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұралы | **(Біртұтас тәрбие)** **Ұлттық ойын** **Соқыр теке**. Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады. Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ. Қайда кеткен құлыншақ. Соқыртеке бақ-бақ. Мені ізден тап-тап<br>Деп тақпақтайды.<br>Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «Соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді. | **(Біртұтас тәрбие)** **Ұлттық ойын** **“Шертпек “ойыны** Мақсаты: Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұлттық ойындарды жаңғыртып бала бойына сіңдіріп,достыққа, ептілікке тәрбиелеу. Шерту әдісін үйрету ,қол бұлшық еттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам орнынан атып тұруға тиісті, «Сақина менде», – деп. Оны көршісі ұстап алмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жеке баламен жұмыс: Айсұлтан**<br>Қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қия алуды; қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қия алуды үйрету<br>**Жапсыру**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **Жеке баламен жұмыс: Ильяс**<br>Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.<br>**Математика негіздері**<br>танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | **Жеке баламен жұмыс: Бекнұр**<br>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдануды, мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнауды үйрету<br>**Мүсіңдеу**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **Жеке баламен жұмыс: Асылым**<br>Өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін біледі. Сөздік қоры жақсы дамыған<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | **Жеке баламен жұмыс: Диас**<br>Ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта алуына; сөздегі дыбыстардың орнын анықтай алуына; айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айта алуына жаттықтыру<br>**Сауат ашу**<br>Қарым- қатынас іс –әрекеті |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.**:**<br>Кеңес: Ата-аналармен баланың дұрыс тамақтануы бойынша кеңес беру.<br>Профилактикалық кеңес: «Тұмаудың алдын алайық»<br>Балаңыздың сөздік минимумыңызды анықтау бойынша жұмыс жүргізу (кеңес)<br>«Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу жолдары» (**Біртұтас тәрбие.Экологиялық тәрбие беру**) | | | | |

Тәрбиеші: Мендибаева А.С.

**КЕЛІСЕМІН:**
Оқу ісінің меңгерушісі
Абсатова Д.А. ____________

**Тәрбиелеу - білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тірек мектебі (РО)» КММ

**Мектепалды «Айгөлек» сыныбы**

**Балалардың жасы:** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі: 18-22 қараша 2024ж**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 18.11 | Сейсенбі 19.11 | Сәрсенб 20.11 | Бейсенбі 21.11 | Жұма 22.11 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | **«Күй күмбірі»** «Көңіл ашар»<br>«Адалдық алаңы»Мақсаты Адалдық туралы ұғымдарын қалыптасыру<br>Мультфильм қарау<br>**(Біртұтас тәрбие)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Менің баламның таңы неден басталады?» ата-аналармен әңгімелесу – балабақшаға келмес бұрын баланың көңіл-күйі, көңіл-күйі туралы | | | | |
| **Балалардың ербесәрекеті (баяуқимылдыойындар, үстелүстіойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптар қараужәнетағыбасқа әрекеттер)** | **_ Дидактикалық ойын**<br>«Кім немен қоректенеді?»<br>**Мақсаты**:Балалар кім немен қоректенетінің біледі.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыны қалыптастыру** | **Дербес ойын**<br>**«**Себетке жемістерді саламыз».**Мақсаты:** Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.<br>**Мүсіндеу**<br>**Шығармашылық іс-әрекет** | **Танымдық-қимылды ойын:«**Қарағайлы ормандағы аю»<br>**Мақсаты:**Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Физикалық қасиеттерді қалыптастыру** | **Суреттік боямалар**<br>**«**Орман жануарлары**»**<br>**Мақсаты**: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлармен таныса алады.<br>**Сурет салу**<br>**Шығармашылық іс-әрекет** | **Дидактикалық ойын**<br>**«Бұл не? Кімге керек?»**<br>**Мақсаты:** Мектеп қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру**.**<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бір қатармен жүру.Жүру түрлері: ұшымен, қол жоғары; өкшемен қол арқасында; жартылай отырып жүру Жүгіру түрлері: бір қатармен; шашылып. Шеңберге түру.<br>•Б.қ. – н.т., доп төмен<br>1.Оң аяқты алдына шығару, доп жоғары.2.Б.қ.3.Сол аяқты алдына шығару, доп жоғары.4.Б.қ. (5-6 рет)<br>•Б.қ. аяқты кең ашып тұрысы, доп кеуденнің алдында<br>1.Оң жаққа бұрылыс.2.Б.қ.3.Оң жаққа бұрылыс.4.Б.қ. (5-6 рет)<br>•Б.қ. аяқты кең ашып отыру доп еденде | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1.Алдына енкейю, допты қолмен тигізу.2.Б.қ.3.Алдына енкейю, допты қолмен тигізу.4.Б.қ (5-6 рет)<br>Б.қ. н.т., доп алдында 1.Доп оң жақтан арқасына.2.Б.қ.3.Доп сол жақтан арқасына (5-6 рет)<br>Б.қ.-н.т., доп еденде 1-4 допты екі аяқтың арасында салу, секіру (6 рет)<br>Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Паровоз» - қолдарымен кезектестіріп қимылдар жасап, бөлме ішінде жүру; мұрын арқылы демді ішке жұтып, ауыздан «Чух-чух-чух» сөздерімен бірге демді шығарады. (5-6 рет). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **<u>Біртұтас тәрбие:Қараша«Әділдік пен жауапкершілік айы»</u>**<br>**<u>Апта дәйексөзі:</u>** «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!» | | | | |
| | Сюжетті - рөлді ойын:<br>«Кім үздік жүргінші?»<br>Мақсаты: Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділігін, назарын тәрбиелеу. | Саусақ ойындары<br>Ойын:« Қозылар»<br>Мақсаты: саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.<br>Тіл дамыту жаттығуы | Саусақ ойыны:«Құрттар»<br>Мақсаты:Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.<br>Тіл дамыту жаттығуы | Психологиялық ойын:<br>Ойын:« Сәлемдесу» жаттығуы.<br>Мақсаты: Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу. | Аз қимылды ойын:<br>Ойын: «Кеме»<br>Мақсаты: Адамдардың әр түрлі мамандықтары туралы балалардың білімдерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **<u>1. Математика негіздері</u>**<br>**Міндеті: Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу**<br>–Балалар, бізге қонаққа гномдар келді (№11 парақ). Күрделі сұрақ: – Барлық гномдар бірдей ме? – Олардың қайда орналасқанын айтайық. (Алдыңғы жақта, артқы жақта, оң жақта, сол жақта т.б.). – Олармен | **1.<u>Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Міндеті:**Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау**.<br>1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>2) Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай? | **1.<u>Математика негіздері</u>**<br>**Міндеті**:Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.<br>**Ойын жаттығуы. «Кімнің бойы ұзын? Кімнің бойы аласа?».** | **1<u>. Математика негіздері</u>**<br>**Міндеті:**Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.<br>**«Керісінше ата» дидактикалық ойыны.**<br>Педагог допты лақтырып, сөзді атайды. Бала допты педагогке лақтырып, айтылған сөзге | **1<u>. Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Міндеті:**Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру<br>**«Сөздерді буынға бөл» дидактикалық жаттығуы**<br>– Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер. Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ т.б. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | танысайық. Педагог балаларға суреттегі әр гномды «үлкен – кішкентай», киімнің түсі, «алдыңғы – артқы», «алдында», «арасында», «жанында» сөздерін қолданып сипаттауға көмектеседі<br>**Д/О «Гномдарды салыстыр»**<br>Педагог алдымен гномдарды көзбен қарап салыстыруды ұсынады<br>Түсі, өлшемі бойынша жіктеуге арналған<br>**Тәжірибелік жұмыс.**<br>Педагог жұппен немесе топпен отырғызылған балаларға көмекші материал таратады. 75 Қақпақтарды жіктеуге арналған тапсырма: өлшемі бойынша үлкен және кіші; түсі бойынша – сары, қызыл, жасыл<br>.<br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:**Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту | 3) Буында неше дауысты дыбыс болады?<br>Дыбыстармен жаттығулар.<br>**«Соңғы дыбыстан баста» дидактикалық ойыны**<br>Педагог балаларға сөз айтады да бір баланы көрсетеді, бала сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, сол дыбыстан басталатын сөз айтады, келесі бала жалғастырады.<br>**«Дұрыс көрсет»** дидактикалық ойыны<br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеті:** Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу<br>**«Отбасында нешеуміз?» деген ойынмен басталады.**<br>(QR-код арқылы қосымшаны жүктеу) – Қазақ халқында туған-туыстардың жалғасуын ерекше атаумен сақтаған. Ол «Жеті ата» деп аталады. Қазақ | – Балалар, қай баланың бойы ұзын немесе қай баланың бойы қысқа екенін қалай білеміз? Педагог топтың жартысына жақын арақашықтықта жұптасып немесе арқасымен жақындап тұруды ұсынады. Балалардың екінші жартысы жұптасып тұрған балалардың бойын анықтап, бір-бірімен салыстырады, кімнің ұзын, қысқа, немесе бойлары тең екендігін атайды<br>**Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма.**<br>Өлшеуіштерді боя. Салыстыр. – Әр қарындаштың қанша өлшемін боядың? Ең ұзынын тап. Онда қанша өлшем бар? Ең қысқа қарындаш қандай түске боялған? Онда қанша өлшем бар?<br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Міндеті**:Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, | қарама-қарсы антоним сөзді атайды.<br>Ұзын – қысқа, биік – төмен, кең – тар, жуан – жіңішке.<br>– Біз сендермен заттардың өлшемін білдіретін сөздерді қайталадық.<br>**«Ретке келтір» ойын жаттығуы.**<br>Педагог «Түрлі түсті Кюизенер есептейтін таяқшалар» жиынтығынан таяқшаларды таратады және оларды ұзындығы бойынша (содан кейін ені бойынша) өсу ретімен орналастыруды сұрайды. Оларды кесінділермен ауыстыруға болады.<br><br>**2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті**:Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**«Дыбыстармен танысу» карточкалар ойыны** | **«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы**<br>(Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады)<br>– Айсұлу бізге -та буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>1. Суретте бейнеленген заттарды ата. Буынға бөл. Сәйкес сызбамен қос.<br>2. Суреттен л дыбысы бар сөздерді ата. Алақанды шапалақтап, буынға бөл.<br><br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:**Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу<br>**Педагог «Әдептілік әлемі» өлеңін оқып береді** (соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: аяқ-табақ – тамақ ішетін ыдыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Қонақ келсе құт» деген сөздің мағынасын түсіндіру.<br>* Түйінді сөздер мен фразалар (10 минут)<br>*«Қонақ», «шақыру», «күту», «амандасу» сөздерін балалармен бірге талқылау.<br>Олардың мағыналарын түсіндіру, сөйлем қолдану.<br>Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді мысалдармен көрсету. Хабарлы: «Бүгін біздің үйге қонақ келеді.» Сұраулы: «Сенің досың бізге келе ме?» Лепті: «Келгеніңізге қуаныштымыз!»<br>Қонақты күтіп алу және амандасу (15 минут)**<br>**Рөлдік ойын:** Бір бала – қонақ, екінші бала – үй иесі.<br>Қонақ келгенде не айтатынын, қонақты қалай қарсы алу керектігін көрсету. Балаларға өз кезегінде қонақпен амандасуға мүмкіндік беру<br>**3.<u>Қазақ тілі</u>**<br>**Міндеті:**Аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, | халқы туыстық жалғасу естелігін болашақ ұрпақ үшін сақтауға тырысты. Ол не үшін қажет болды? Өйткені кейінірек бұл ақпаратты балаларына, немерелеріне, шөберелеріне жеткізу үшін олардың атын, тегін арнайы дәптерге жазуды шешті. Бұл жазбалар «Тектік шежіре» деп аталды ны. 2-ойын-тапсырма. **«Цифрларды тиісті жеті ата атаулары жазылған сурет-кестемен сәйкестендір»** ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). 1. Жеті ата 2. Түп ата 3. Тек ата 4. Баба 5. Арғы ата 6. Ата 7. Әке<br>**3. <u>Шығармашылық әрекет</u>**<br>**Құрастыру**<br>Дала құсы (торғай)Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда | бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау<br>**Педагог әңгімені мәнерлеп оқиды** (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: сыпыртқы – үй сыпыратын зат шыбық – сыпыртқының жеке талы Сұрақ-жауап:<br>– Әңгіменің авторы кім? Әкесі балаларына қандай ақыл айтты?<br>– Сыпыртқы неге сынбады?<br>– Жеке-жеке сындырғанда, шыбықтар неге оңай сынды?<br>– Әкесі балаларына «Әрдайым тату, бірге болсаңдар, сендерді ешкім ренжіте алмайды» деген ойды қалай білдірді?<br>– Балалар, әрқашан бірлікте болсаңдар, сендерді де ешкім ренжіте алмайды. | **Мақсаты:** Дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету және олардың айтылу ерекшеліктерін балаларға түсіндіру.<br>Қалай өткізуге болады: Ойын үшін әртүрлі дыбыстарды білдіретін карточкалар жасаңыз (мысалы, б, п, г, ғ, к, қ, ж, ш, з, с, н, ң, р, л). Әр карточкада жануарлардың суреттері немесе объектілердің суреттері болуы мүмкін, олардың аттары сәйкес келетін дыбыстармен басталады.<br><u>«</u>Ойыншықтар дүкенінде» рөлдік ойын Мақсаты: Балаларға б, п, г, ғ, к, қ, ж, ш, з, с, н, ң, р, л дыбыстарын дұрыс және анық айтуға дағдыландыру. Қалай өткізуге болады: Балаларды екі топқа бөліңіз: бір топ — сатушы, екінші топ — сатып алушы.<br>Дүкеннің ішін безендіріп, үстелге ойыншықтардың суреттерін немесе шағын | Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Өлең қалай аталады?Авторы кім?<br>– Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Асты қалай ішу керек?(Асықпай ішкен ас сіңімді болады)<br>– Ас ішкен соң не істеу керек? (Ыдыс-аяқты жинаймыз)<br>– Әдепті сөзіне сөйлем құра.<br>Дидактикалық ойын: «Не істеу керек?»<br>Шарты: сұрақтарға жауап алу арқылы балаларды әдептілікке жетелеу.<br>– Үлкен кісіні ... керек. Үлкендердің ... алу керек.<br>– Кішілерге ... керек. Ойыншықтарды ... керек.<br>Сергіту сәті<br>Алдан әже жолықса,<br>Бөгелем де әдейілеп,<br>Сәлемдесем сол тұста:<br>«Есенсіз бе, әже!» – деп.<br><br>**3. <u>Қоршаған орта танысу</u>**<br>**Міндеті:** Олардың тіршілігі туралы мағлұмат беру.Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға),<br>Аңшылық кәсіп туралы қысқаша әңгіме.<br>Кәсіп түрлерін (аң, аңшы, орманшы, қорықшы) түсіндіру.<br>Сөздерді таныстыру: аң, аңшы, орманшы, қорықшы. Олардың мағынасы мен қызметін түсіндіру.<br>**3. Көрнекілік (5 минут)**<br>Слайд арқылы аңшылық кәсіпке байланысты суреттер көрсету.<br>Әр сурет бойынша балалардан сұрақтар қою: «Бұл не?», «Ол кім?»<br>**4. Сөздік жұмыс (10 минут)**<br>Мал өсіруге байланысты сөздерді (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға) таныстыру.<br>Сөздердің мағыналарын түсіндіру және оларды сөйлемдерде қолдану.<br>**5. Ойын (10 минут)** | қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау<br>**4.<u>Музыка</u>**<br>**Міндет:**Б. Бейсенова.Күй" жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру.<br>Домбыра аспабының тарихы мен маңызы туралы қысқаша әңгіме. Оқушылардың домбыра туралы білетіндерін сұрау.<br>**2. Жаңа материал (15 минут)**<br>**Домбыра аспабы:**<br>Домбыраның құрылымы (басы, мойны, ішектері, және т.б.).<br>Аспаптың дыбыс шығару принципі.<br>**Күй жанры:**<br>Күй туралы түсінік.<br>Күйдің музыкалық шығарма ретіндегі рөлі. | Сергіту сәті<br>Жақсылықтан үйреніп, Боламыз біз жақсы адам. Жамандықтан жиреніп, Үлгі аламыз жақсыдан<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс<br>1. **Суреттер бойынша әңгімеле**.<br>**3.<u> Сауат ашу</u>** негіздері<br>**Міндеті**:Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру<br>**«Кім білгіш?» дидакикалық ойыны**<br>Мысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.<br>Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.<br>- Дауысты дыбыстарға қызыл текшені;<br>- дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады. | ойыншықтарды қойыңыз.<br>**3.<u>Қазақ тілі</u>**<br>**Міндеті:Салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу**<br>Сабақтың тақырыбымен таныстыру: «Салт дәстүрлер» деген не?<br>Оқушыларға «Салт» және «дәстүр» ұғымдарын түсіндіру.<br>Сұрақ: Сендер қандай салт-дәстүрлерді білесіңдер?<br>**2. Жаңа материал (15 минут)<br>**Салт-дәстүрлердің маңызы:**<br>Салт-дәстүрлердің халық өміріндегі рөлі.<br>Дәстүрлердің мәдениетіміз орны.<br>**Салт-дәстүрлердің түрлері:**<br>Туған күн, шілдехана, тұсаукесер, неке, жеті ата, ас беру, және т.б.<br>Әр салт-дәстүрдің мағынасы мен ерекшеліктерін түсіндіру.<br>**Мысалдар:**<br>Тұсаукесердің маңызы мен ритуалдары. | аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу ); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.<br>**<u>Бейнебаян: </u>**Қоңыр аю – өте ірі жануар. Ақсу-Жабағылы, Лепсі, Алматы қорықтарында қорғалады. Негізінен құрлықта тіршілік етеді, суда жақсы жүзеді, ағашқа да өрмелей алады. Аюдың баласы – қонжық. «Төртінші артық» ойыны.. **Үлестірмелі материалдармен жұмыс**:<br>1. Бірінші бағандағы суреттерде қандай жануарлардың бөліктері бейнеленген? Сызық арқылы қос. Таусоғарға олардың мекені туралы айтып бер. 2. Суреттегі жануарларды ата. Қазақстанда мекендейтін жануарларды көк қарындашпен, басқа елде мекендейтін жануарларды қызыл қарындашпен боя (дөңгелекті).<br><br>**<u>4.Дене шынықтыру</u>** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Кім жылдам?» ойыны. Балалар екі топқа бөлінеді. Топтарға аңшылық және мал өсіру саласына қатысты сөздер беріледі. Олар бұл сөздерді тез арада атауы керек.<br>**6. Тапсырма (5 минут)**<br>Балалардан аңшылық кәсіпке байланысты сурет салуды немесе кесте құруды сұрау. Олардың шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**4.<u>Дене шынықтыру</u>**<br>**Міндеті**:Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр),Секіру түрлері мен техникасы:<br>**Бір орында тұрып, алға қарай секіру:** Балаларға 3–4 метр қашықтыққаға | **Күйші-композиторлар:**<br>**Құрманғазы:** Оның «Саржайлау», «Адай» сияқты танымал күйлері.<br>**Қорқыт:** Күй өнерінің атасы, «Қорқыттың күйі» туралы.<br>**Тәттімбет:** «Сарғалдақ» және оның басқа да танымал күйлері.<br>**Дина Нұрпейісова:** Әйел күйші, «Ақсақ құлан» күйі.<br>**Дәулеткерей Шығайұлы:** Күй мен өнердің дамуына қосқан үлесі.<br>**Ықылас Дүкенұлы:** «Зарлы ән» және оның күйлері. | **«Жұп құр» ойын-жаттығуы**<br>Педагог тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Педагог тапсырманы орындау үшін, балаларды кезекпен тақтаға шығарады. Мысалы: алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізік, тақия-тарақ, от-орындық, керует-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит-ине.<br>**«Буынды айтып сөз құра» дидакикалық ойыны**<br>Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы: На..., та..., қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи.., бә... т.б.<br><br>**4.<u>Дене шынықтыру</u>**<br>**Міндеті:**Оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3метр), | **3. Топпен жұмыс (10 минут)**<br>Оқушыларды топтарға бөлу.<br>Әр топқа бір салт-дәстүрді таңдап, оның ерекшеліктері туралы шағын әңгіме дайындау.<br>Топтар өз жұмыстарын сынып алдында айтып береді<br>**4.<u>Музыка</u>**<br><br>**Міндеті:** Бейсенова.Күй" жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру.<br>**Домбыра аспабы:** - быраның құрылымы мен түрлері ( ішекті, 3 ішекті).<br>Домбыраның қазақ музыка мәдениетіндегі орны мен маңызы<br>**Күй жанры:** Күйдің мәні мен мақсаты: халықтың сезімін,ін, тарихын жеткізу. | **Міндеті:**Оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпенкұрсаудан құрсауға секіру (арақашықтығы 40 сантиметр),<br>**«Сызықтан секіру» ойыны**<br>**Мақсаты:** Балаларды сызықтан секіруге үйрету, сондай-ақ үйлесімділік пен ширақтықты дамыту. Қалай өткізуге болады:<br>Еденде немесе ашық алаңда жіптен немесе таспаға сызық сызыңыз.<br>Балаларға осы сызықтан екі аяғымен қатар секіріп өтуге немесе оң және сол аяғымен кезекпен секіріп өтуге тапсырма беріңіз. Әр түрлі секіру тәсілдерін көрсетіңіз (екі аяғымен бірдей секіру, аяқты алмастыра отырып секіру).<br>Тапсырманы қиындату үшін сызықтың қашықтығын біртіндеп арттырыңыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіру тәсілін. Олар алдымен тоқтап тұрып, сосын алға бір уақытта секіруді тәжірибе жасайды.<br>**Қапшықпен секіру:** Балаларға екіізесінің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіруді үйрету. Бұл жаттығу балалардың ден тепе-теңдігін жақсартады.<br>**Заттардың арасымен секіру:** Арнайы заттар (конустар, сөмкелер) қойып, балалардың қос аяқпен заттардың арасынан (арақашықтығы 4 метр) секіруін ұйымдастыру.<br>**Топтық жұмыс**<br>Балаларды 3-4 топқа бөліп, әр топқа секіру жаттығуларын орындауға мүмкіндік беру.<br>Әр топта жаттығуларды уақыт бойынша өткізу: 5 минут ішінде топтар кезек-кезек секіру жаттығуларыныңдайды | | бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпенқұрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр),<br>**«Арқанмен секіру» ойыны**<br>**Мақсаты:** Арқаннан секіру арқылы ептілік пен реакция жылдамдығын дамыту.<br>Қалай өткізуге болады: Бір немесе бірнеше арқанды жерге жатып қойыңыз (оларды әр түрлі қашықтықта қойсаңыз, балалар үшін қызықты әрі қиын болады).<br>Балалар секіру арқылы арқанды оң және сол аяғымен алмастыра отырып өтеді. Оларды секіргенде дұрыс қадам басуға, секіргенде тепе-теңдікті сақтауға үйретіңіз.<br>Секіру қарқынын бірте-бірте арттырыңыз.<br>Арқанды екі адам айналдыру арқылы балаларға секіруді ұсыныңыз. Балалар арқанның айналуының | **Күйші-композиторлармен таныстыру:**<br>**Құрманғазы** - "Сарыарқа", "Адай" күйлері.<br>**Қорқыт** - қобыздың шебері, "Қорқыттың күйі".<br>**Тәттімбет** - "Сылқым", "Қосылдым".<br>**Дина Нұрпейісова** - "Қара жорға".<br>**Дәулеткерей Шығайұлы** - "Адай", "Кеңестің күйі".<br>**Ықылас Дүкенұлы** - "Зайсан".<br>**3. Ойындар мен хараводтар (10 минут)**<br>Балаларды 2 топқа бөліп, "Күйші кім?" ойынын өткізу. Әр топқа күйші-композиторлар туралы сұрақтар қою.<br>"Харавод" ойыны: оқу барысында танысқан күйлердің ырғағында музыка әуенімен би жасау. Оқушылар бірге әуенді тыңдай отырып, хоровод құрады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жылдамдығын ұстана отырып секіріп өтеді. | | |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету)**<br>• **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу<br>«Үйде энергияны үнемдеу»тақырыбында әңгімелесу | | | | |
| **Серуен** | **Серуен №1**<br>**Торғайларды бақылау**<br>**Мақсаты:** торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>—күздің келуімен құстар мінез-құлқының өзгеруін көре білуге үйрету; зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Көркемсөз**<br>Қалатындай қиқылдап,<br>Әдетіңді білемін,<br>«Шиық, шиық» еттің шиқылдап ,<br>Дайын асқа ортақсың<br>Шашып берген жемімді<br>Торғай, торғай торғайым,<br>Жейсің сонша қиқымдап,<br>Сені әркез қорғаймын<br>Қорқақсың-ау, қорқақсың,<br>Қыстың қамын жаз ойлап,<br>Еңбек десе шорқақсың.<br>Бәріне де бол дайын!<br>**Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді.**<br>Торғай қандай болып көрінеді? (Бұл кішкентай пысық құс.) | **Серуен №2**<br>**Көгершіндерді (кептерлер) бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>Құстар әлемі туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>Құстар немен қоректенеді, қайда өмір сүреді, адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды, жабайы көгершіндер неге Қызыл кітапқа енгізілгендігін тиянақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>Көркем сөз:<br>Құстар менің достарым,<br>Жемін, суын керекгін,<br>Құспен қызық аспаным.<br>Күнде апарып беремін<br>Үйшік жасай білемін<br>Олар мәз боп қалады,<br>Ағаштарға ілемін<br>Шаттық әнге салады.<br>Қандай құстар алаңға келіп қонады?<br>Олар қайда тіршілік етеді? | **Серуен №3**<br>**Емен ағашын бақылау**<br>**Мақсаты**: Күзгі емен туралы түсініктерін қалыптастыру,ағаштардың жыл мезгілдеріне қарай бейімделуі туралы түсінік беру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>Білмейтіні жоқ елдің-<br>Өзім де ішіп көргенмін<br>Дейді әжейім<br>Ішектің емі-қашаннан<br>Қабығында еменнің<br>Қайнатындысы Еменнің<br>Қасиеті бар дәрілік.<br>Қабығынан жасалған.<br>Орманда жасыл еменнен құдыретті де әсем ағаш жоқ. Халық ертегілері мен батырлар жырларында алып емендер тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ол алыптар бейнесінде бейнеленеді. Кәрі еменнің діңі мығым, бұтақтары тарам-тарам болады. Емендер мың | **Серуен №4**<br>**Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы)<br>Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды ).<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз** А. Сәрсеков<br>Күзгі ауланың талдары<br>Кейде құйын өтеді<br>Желмен басын шайқайды<br>Тозаңдатып жан-жақты<br>Дәурен өтіп жаздағы<br>Кейде құйын кетеді<br>Күздің желі соғады<br>Доп қылып ап жапырақты<br>Бейне тентек баладай<br>Ойран-асыр салады<br>Алма бағын жағалай<br>Алмаларын қағады<br>Күз мезгілінің аяқ жағын «күміс күз» деп те атайды. Суларда алғашқы жылтыр мұздар пайда | № 6 САБАҚ. «ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР»<br>Ұзақтығы:25-30 минут<br>Топ/сынып:мектепалдытоп/сынып(5 жастағы балалар)<br>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды үйдегі қауіпті заттарды тануға және жазатайым оқиғалар мен улануды болдырмау үшін дұрыс әрекет етуге үйрету.<br>Міндеттері: Балаларды үйдегі әртүрлі қауіпті заттармен (дәрілер, тұрмыстық химия, газ баллондары) таныстыру.<br>Балаларға бұл заттардың неге қауіпті екенін және тәртіпсіздіктің салдары қандай болатынын түсіндіру.<br>Балаларды қауіпті заттардыңжанында қауіпсіздік ережелеріне үйрету.<br>Материалдармен ресурстар:<br>Қауіпті заттардың суреттері немесе иллюстрациялары (дәрілер, тұрмыстық химия, газ баллондары).<br>Әртүрліжағдайлар бейнеленген карточкалар.<br>Ұйымдастырылғаніс-әрекет: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар) Ал қанаты мен құйрығы қандай? (құйрығы-қара-қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жирен түспен жиектелген) Ал басының түсі қандай? (Сұр)Торғайлар қайда өмір сүреді? (қалада және ауылда.)Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? (адамдардың қасында олар жыртқыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.)Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады. Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? (подъездің немесе балконның күнқағарларына.)<br>Қане, жақсылап қарайықшы біздің балабақша ауласында қай жерге мекендеді екен? Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? (Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек)<br>Күзде торғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды) | Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді? Оларды кім қоректендіреді? Көгершіндер қайда мекендейді?<br>Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Кептер мен торғайды салыстыру<br>**Еңбек:**<br>Балабақша аумағына жем салғыш ілу<br>Мақсаты: еңбек әрекетін орындауға үйрету.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ұшады, с екіреді, жүзеді».<br>**Мақсаты:**<br>—- балаларды жүкіруге үйрету;<br>.— зверей.құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Қаданы (кегли) құлат».<br>**Мақсаты:**<br>Допты нысанаға лақтыру;<br>Назар аударуларын, дәлдіктерін дамыту. | жылға дейін өмір сүреде, олар көктемде ең кеш көктейді. Ол өте зор, мықты ағаш болғанмен, қатты аяздарда жарылып кетеді.<br>Емендер көбіне қайда өседі? (орманда.)<br>Ал бұл ағаш қайда өсіп тұр? (қалада.)<br>Қалада тағы қандай ағаштар өседі?<br>Ағаштар қалаға не үшіни керек? (ағаш жапырақтары ауадағы көмір қышқыл газын бойына сіңіріп оттегін бөліп шығарады..)<br>Ағаш жапырақтары қай уақытта түседі? (күз айларында.)<br>Ағаш жапырақтары неге түседі? (ағаштардың қыста көп ылғалды жоғалтпасы үшін)<br>Емен ағашының адамға қандай пайдасы бар? (құрлысқа, жиһаздар жасауға және емдік қасиеттері бар)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ауладағы бірнеше ағаш жапырақтарының түстерін салыстыру<br>Мақсаты: ағаш жапырақтарының түстерінің әртүрлілігін аңғарту<br>**Еңбек** | болады. Жерге алғашқы күмістей жылтыраған алғашқы қар ұшқындары түседі. Жердегі жапырақтар үстіне қонған қыраумен күн сәулесінен күмістей жылтырайды.<br>Күзде күн көзі сирек көрінеді, ауа-райы бұлыңғыр, бұлтты болады. Алғашқы қар түседі, ол бірақ еріп кетуі мүмкін<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>Қыс алдындағы күндерді қалай атайды? (Күміс күз.)<br>Неліктен?<br>Жұмбақ шешу:<br>Қар да емес, мұз да емес, Ағаштар күміс жамылған (қырау)<br>**Еңбек:** Ауладағы қоқыстарды жинау.<br>Мақсаты: жасаған жұмыстарынан қанағат алуға тәрбиелеу .<br>**Қ/О:** «Бәйге»<br>Мақсаты:<br>Бір-біріне соқтықпай жүкіруге жаттықтыру ;<br>Төзімділікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру.<br>Мақсаты: Төбешікке жүкіріп шығу, жүкіріп түсу<br>**Халық болжамы:** | Балаларды қарсы алу. Педагог балаларды қарсы алып, бүгін олар үйде қандай заттар қауіпті болуы мүмкін екенін және олардыңжанында қалай дұрыс әрекет ету керектігін түсіндіру. Үйде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік беру. Үйдегі қауіпті заттар туралы әңгіме: Дәрі-дәрмектер: Дәрі-дәрмектерді тек ересектердің нұсқауымен қабылдау керек екенін түсіндіру. Дәрілерді ешқашан өздігінен алмау және тіпті олар кәмпитке ұқсаса дадәмін көрмеу. Тұрмыстық химия: Жуу құралдары, ағартқыштар, тазалау құралдары және басқа тұрмыстық химикаттар өте қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Ешқашан тұрмыстық химияны ересек адамдарсыз ашып, қолданбау. Газ баллондары: Газ баллондары (мысалы, аэрозольдер) дұрыс қолданылмаса, қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Баллондармен ойнамау және оларды әсіресе жабық орындардашашпау. Сюжеттік-рольдік ойындар: Балаларды топтарға бөліп, қуыршақтар немесе ойыншықтар тарату. Жағдайларды сахналау: бала дәрілерді, тұрмыстық химияны немесе газ баллонын тауып алады. Әр жағдайдағы тәртіп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек**Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру.<br>Мақсаты:<br>Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету;<br>Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Қ/О: «Құстардың ұшуы».<br>Мақсаты: белгі бойынша қимыл жасауға үйрету.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Жалауды құлатпа»<br>Мақсаты: заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру | **Халық болжамы: құс жүнін үрпитсе, жауын болады; жыл құстары кеш ұшса, қыс жылы болады; құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.** | Жерге түскен ағаш жапырақтарын тырмамен жинау және оны тазалау<br>Цель: ұжыммен жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Қ/О:** «Аққу-қаздар».<br>Мақсаты:берілген тапсырма бойынша жүкіруге жаттықтыру<br>**Жаттығу ойындары** Бір аяқпен секіру.<br>Мақсаты: барынша биік секіруге жене жерге дұрыс түсуге жаттықтыру<br>**Мақал-мәтел**<br>**Аяламасаң ағаш та аспандап өспес**<br>**Орман ел дәулеті, жер сәулеті.** | **Түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды**<br>**Ағашты қырау басса аяз болады.** | қауіпсіздік ережесін талқылау. Ережелерді қайталау: Балалармен үйдегі қауіпті заттардың жанындағы қауіпсіздік ережелерін қайталау. Балаларға «Егер дәрілерді тауып алсаң, не істеу керек?», «Тұрмыстық химиямен ойнауға бола ма?» т.б. сұрақтар қою |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті) | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **(Біртұтас тәрбие)**<br>**Ұлттық ойын**<br>**Алтыатар ойыны** – көнге әр адам асық тігеді. Сол қатарға тағы бір сақа тігіледі (үйіргенде баланың шік түскен сақасы). Асықтардың арасында саңылау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м. Сызық, ал 4-5-6 м. жерден ататын қарақшы белгілейді. Кімде-кім түптегі сақаны атып ұшырса (1м асыра) бүкіл асықтарды сол алады. Ал сақаға тимей асықты | **(Біртұтас тәрбие)**<br>**Ұлттық ойын**<br>**Аксақ қарға -** қазақтың ұлттық ойындарының бірі. “Қарға” деген бұл қарға атта құс, ал “ақсақ” ақсандайтын дегені. Неліктен “қарға ақсақ”? Өйткені “қарға” бейнесін жасайтын бір аяқпен секіреді. Ал екінші аяғы бүгілген және белбеумен немесе орамалмен байланған. “Қарға” қай аяққа | **(Біртұтас тәрбие)**<br>**Ұлттық ойын**<br>**Алтыатар ойыны** – көнге әр адам асық тігеді. Сол қатарға тағы бір сақа тігіледі (үйіргенде баланың шік түскен сақасы). Асықтардың арасында саңылау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м. Сызық, ал 4-5-6 м. жерден ататын қарақшы белгілейді. Кімде-кім түптегі сақаны атып ұшырса (1м асыра) бүкіл | **(Біртұтас тәрбие)**<br>**Ұлттық ойын**<br>**Аксақ қарға -** қазақтың ұлттық ойындарының бірі. “Қарға” деген бұл қарға атта құс, ал “ақсақ” ақсандайтын дегені. Неліктен “қарға ақсақ”? Өйткені “қарға” бейнесін жасайтын бір аяқпен секіреді. Ал екінші аяғы бүгілген және белбеумен немесе орамалмен байланған. “Қарға” қай аяққа ақсандайтыны | **(Біртұтас тәрбие)**<br>**Ұлттық ойын**<br>**.«Орамал тастамақ».** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұшырса, оның сызықтан шыққаны ғана соңыкі болады. Ату саны – 6рет. Алғаш сақасы шыққан бала бірінші болады да, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған асықтардың бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі (сақасы тігілген бала).[1] | ақсандайтыны маңызды емес. Қатысушылар құрамаларға бөлінеді және секірмелі эстафета жасалынады. Бірақ аяқты байлайтын белбеу немесе орамал бір "қарғадан" басқасына ауысып отырады. | асықтарды сол алады. Ал сақаға тимей асықты ұшырса, оның сызықтан шыққаны ғана соңыкі болады. Ату саны – 6рет. Алғаш сақасы шыққан бала бірінші болады да, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған асықтардың бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі (сақасы тігілген бала).[1] | маңызды емес. Қатысушылар құрамаларға бөлінеді және секірмелі эстафета жасалынады. Бірақ аяқты байлайтын белбеу немесе орамал бір "қарғадан" басқасына ауысып отырады. | тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сыныппен таныстыру, шкафтарын суретпен беру | Айсұлтан қазақша тақпақ жаттату | Әли қарындаш ұстауға үйрету | Ерболсын қаламды ұстауға машықтандыру | Сыныппен таныстыру, шкафтарын суретпен беру |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.**:**<br>**Ата –аналарға кеңес**<br>Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.<br>(**Біртұтас тәрбие.Экологиялық тәрбие беру**) | | | | |

Тәрбиеші: Мендибаева А.С.

**КЕЛІСЕМІН:**
Оқу ісінің меңгерушісі
Абсатова Д.А. ___________

**Тәрбиелеу - білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тірек мектебі (РО)» КММ

**Мектепалды «Айгөлек» сыныбы**

**Балалардың жасы:** 5 жас

***Жоспардың құрылу кезеңі:* 25-29 қараша 2024ж**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 25.11 | Сейсенбі 26.11 | Сәрсенбі 27.11. | Бейсенбі 28.11 | Жұма 29.11 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | «Бұл күнтізбе күні» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: апта күндерінің, күзгі айлардың атауын бекіту, күннің күні мен атауын, ауа-райын, күннің бір бөлігін белгілеу<br>**«Күй күмбірі**» «Сарыарқа»күйі<br>**(Біртұтас тәрбие)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-анаға кеңес: Балалардың қол маторикасының дамуына үйде қайшымен қағаздардан түрлі заттардың сұлбасын қиып,айшымен жұмысты көбірек пайдалану туралы кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың ербесәрекеті (баяуқимылдыойындар, үстелүстіойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптар қараужәнетағыбасқа әрекеттер)** | **Саусақ ойыны:**<br>Санамақ<br>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет) | **Қ/О: «Күн мен түн»**<br>Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.<br>Ойын (айналаңыздағылармен танысу, сөйлеуді дамыту-ойын, танымдық және коммуникативті іс-әрекет) | **Д/О:«Кімге не керек»**<br>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, байланыстырып сөйлеуге төселдіру. Әр мамандық иесіне қажетті заттарды атау. | **Д/О: «Бүтін»**<br>Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды.<br>(математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет) | **Д/О:Сиқырлы қап»**<br>Мақсаты:Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу.<br>(сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативті іс-әрекет) |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бір қатармен жүру.Жүру түрлері: ұшымен, қол жоғары; өкшемен қол арқасында; жартылай отырып жүру Жүгіру түрлері: бір қатармен; шашылып. Шеңберге түру.<br>• Б.қ. – н.т., доп төмен<br>1.Оң аяқты алдына шығару, доп жоғары.2.Б.қ.3.Сол аяқты алдына шығару, доп жоғары.4.Б.қ. (5-6 рет)<br>• Б.қ. аяқты кең ашып тұрысы, доп кеуденнің алдында<br>1.Оң жаққа бұрылыс.2.Б.қ.3.Оң жаққа бұрылыс.4.Б.қ. (5-6 рет)<br>• Б.қ. аяқты кең ашып отыру доп еденде | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1.Алдына енкейю, допты қолмен тигізу.2.Б.қ.3.Алдына енкейю, допты қолмен тигізу.4.Б.қ (5-6 рет)<br>Б.қ. н.т., доп алдында 1.Доп оң жақтан арқасына.2.Б.қ.3.Доп сол жақтан арқасына (5-6 рет)<br>Б.қ.-н.т., доп еденде 1-4 допты екі аяқтың арасында салу, секіру (6 рет)<br>Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Паровоз» - қолдарымен кезектестіріп қимылдар жасап, бөлме ішінде жүру; мұрын арқылы демді ішке жұтып, ауыздан «Чух-чух-чух» сөздерімен бірге демді шығарады. (5-6 рет). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Біртұтас тәрбие:Қараша«Әділдік пен жауапкершілік айы»**<br>**Апта дәйексөзі: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»** | | | | |
| | **ҚР Әнұранын тыңдау** | **Саусақ ойыны:**<br><br>қайталайды.<br>**Құстар қанат қағады**<br><br>**(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)** | **«Гүлдер құрастыру»**<br>**Мақсаты:** Балаларға гүлдің бөліктерін құрастыруға үйрету. Ойын арқылы зейін және есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br><br>**(айналаңыздағылармен танысу, сөйлеуді дамыту-ойын, танымдық және коммуникативті іс-әрекет)** | **Дербес ойын**<br>«Жоғалған зат» ойыны.<br>Ойын барысы :<br>Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Оқушы қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. | **«Адасқан цифрлар»**<br>Мақсаты: баланың ойлау жылдамдығын арттыру.<br>Мазмұны: Тәрбиеші 2, 4, 6, 7, 3, 5, цифрлары жазылған карточкаларды тақтаға іледі, балалар қалып қойған санды атайды.<br>**(математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1. Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.<br>Сөздікпен жұмыс: ұзын – қысқа, ұзынырақ – қысқа, бірдей өлшем, жоғары – төмен, кең – тар немесе жуан – жіңішке. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>.<br>**Міндеті:**Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру<br>**«Жалпы атауын ата»** ойынын педагог ойнатады. 1. Автобус, такси, трамвай – ... (көліктер) 3.Қыс, көктем, жаз, күз – ... (жыл мезгілдері) 4. Кептер, қарға, сауысқан – ... (құстар) 77 5. Қызанақ, | **1.Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.<br>**1-тапсырма**. Әр жұлдызқұртта қанша дөңгелек бар? Сана. Цифрмен сызып қос. Қай жұлдызқұрт ұзынырақ? Белгіле. | **1.Математика негіздері**<br>**Міндеті**:Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.<br>**«Сандар қашты» ойыны**. Педагог балаларды үш топқа бөледі және әр топқа 1-ден 10-ға дейінгі | **1. Сауат ашу негіздері**.<br>. –**Міндеті:**<br>Сөздерді дыбыстық талдау:<br>сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>**«Жалауша» дидактикалық ойыны**<br>Педагог қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын «Суретте не бейнеленген?»**<br>**Мақсаты**: Балаларға көгөністердің ұзындығын қалай салыстыруға болатынын айту. Балаларға үстел үстінде қандай көгөністер бар екенін анықтау<br>**3-тапсырма. «Әр жұптағы ұзын көгөністі белгіле».**<br>**Мақсаты**:Көгөніс жұптарын қарауды, әрбір жұптағы ұзын көгөністі белгілеу.<br>2.**<u>Қазақ тілі</u>**<br>Салт-дәстүрлердің маңызы мен қазақ мәдениетіндегі орны. Мысал ретінде: Наурыз, Құдалық, Бесік той, Тұсау кесер, Сүндет тойы.<br>Салт-дәстүрлерді сипаттау:<br>Наурыз мейрамы: жыл басы, халықтың жиналуы, ұлттық тағамдар.Тұсау кесер: баланың алғашқы қадамы, жоралғылар.<br>**3. Ойындар (15 минут)** **Ойын 1:** | қияр, қызылша – ... (көгөністер)<br>**«Сөз тізбек» дидактикалық ойыны**<br>Педагог қандай да бір сөзді айтып, допты бір балаға береді, сөз аяқталған дыбыстан бала бір сөз айтып, допты келесі балаға береді. Мысалы: бақа-алма-алмұрт-темір-рауғаш-шахмат-тал-лақ т.б<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс** (графикалық жұмыс) 78 4. Үзік сызықтарды бастыр.<br>**<u>2.Қоршаған ортамен танысу</u>**<br>**Міндеті**: Кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге баулу<br>**"Тазалық марафоны"**<br>**Мақсаты:** Кезекші міндеттерін орындауды, тәртіпті сақтауды және бірге жұмыс істеуді үйрету. Қалай ойнауға болады:<br>Ойын алаңында немесе бөлмеде аздаған тәртіпсіздік (ойыншықтардың шашылып жатуы, | «Ұзындау/ұзынырақ – қысқа/қысқалау» жаңа ұғымдарды бекіту үшін орындалады<br>**2-тапсырма**.<br>Әр шөптің сабағында неше қанқыз қоңызы бар, сана және ата. Қай шөптің сабағы ұзынырақ? Балалар шөптің әр сабағындағы қоңыздарды санайды, олардың санын айтады, шөптің жоғарғы сабағында 10 қоңыз, ал төменгі жағында – 7-еу. 10 саны 7-ден көп. Бұл жоғарғы сабақтың ұзынырақ екенін білдіреді<br><br>**2.<u>Сауат ашу</u>** негіздері<br>**Міндеті:**-Балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;<br>**«Буынды қос» дидактикалық ойыны** (доппен) – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты | цифрлары бар карточкаларды таратады. Карточкаларды үстелде жайып, араластырады. Балалар сан қатарын тура, одан кейін кері тәртіпте орналастырады. Топтар ойынды 2-3 минут ойнайды<br>**Ойындық жаттығуы «Цифрды жина»**. Пазл-цифрлар кесілген материал жиынтығымен жеке жұмыс жасай алады, әр бала 1-2 цифрдан жинайды<br>**Жұптық жұмыс: «Ретімен қой»** ұзындық, жуандық бойынша), балаларға түрлі түсті кесінділер жиынтығы беріледі, оларды ұзындық бойынша: ұзынынан бастап, қысқасына дейін немесе керісінше орналастыру ұсынылады<br>**2. <u>Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Міндеті:**Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау | дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**«Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны**<br>– Н дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар, сөздерді шапалақпен буынға бөліңдер, қанша буын айтасыңдар. – Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, нақ, неліктен<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>(графикалық жұмыс) 5. Үзік сызықтарды бастыр.<br><br>**<u>2. Көркем әдебиет</u>**<br>**Міндеті:Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.**<br>– Балалар, қандай үй жануарларын білесіңдер? (Слайдтан көрсетеді).<br>– Үй жануарлары деп үйде күтім жасалатын жануарларды айтамыз.<br>– Бүгін үй жануарлары туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Салт-дәстүрлерді табу"**<br>Оқушыларға салт-дәстүрлердің атаулары жазылған карточкалар таратылады. карточкаларын көтеріп, салт-дәстүрдің қысқаша сипаттамасын айтуы керек.<br>Ойын 2: "Салт-дәстүрлер бойынша сұрақ-жауап"<br>Оқушылар жұптарға бөлінеді.<br>Бір жұп салт-дәстүр туралы сұрақ қояды, екінші жұп жауап береді. Мысалы: "Наурызда қандай тағамдар жасалады?", "Тұсау кесерде не істеледі?"<br><br>**<u>3. Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Міндеті**:Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Д/О: «Қай жануар?»**<br>**Мақсаты:**Жануарларды сипаттау арқылы жұмбақты шешу | кітаптардың тәртіпсіздігі) болуы керек.<br>Балалар кезекпен тазалық жұмысын атқарады. Бір бала тек ойыншықтарды жинап, екіншісі кітаптарды реттейді. Бұл процеске әр бала қатыса алады, кезекпен тапсырмаларды орындап. Тазалық жұмысы аяқталған соң, балалар бірге тапсырманы орындап, кімнің не жасағанын талқылайды.<br>**"Кезекші достар"**<br>**Мақсаты**: Кезекпен жұмыс істей отырып, балалардың бір-біріне көмек көрсетуін және жауапкершілік алуды үйрету. Қалай ойнауға болады:<br>Балалар жұп болып бөлінеді. Әр жұпқа тапсырма беріледі (ойыншықтарды жинау, шағын тапсырмаларды орындау).<br>Бір жұп кезекші болып, бірінші орындаған тапсырмасын айтады, екіншісі осы тапсырманы орындайды. Мысалы, бірінші бала ойыншықты жинап, екінші бала оның | лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді<br>**«Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны** Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызша беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен<br>**3.<u>Көркем әдебиет</u>**<br>Міндеті:**Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді (**соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Сөздік жұмысы:<br>бекет – көлік тоқтайтын аялдама | сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>**Д/О «Суреттер сөйлейді»**<br>**Мақсаты**: Суреттер арқылы негізгі ойды дұрыс жеткізе білу<br>**Д//О «Тосаптар мен салаттар жасаймын»**<br>Мақсаты: Қысқы азыққа тосаптар дайындауды,еңбек ету туралы түсініктерін кеңейту<br>**3.<u>Қазақ тілі</u>**<br>**Міндеті:**Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен таныстыру<br>**«Ұлттық киімдер сандығы» ойыны**<br>**Мақсаты:** Қазақ халқының киімдерін танып білу және олардың аттарын есте сақтау арқылы қазақ мәдениетімен танысу.<br>Қалай өткізуге болады:<br>Бұл ойын үшін балаларға түрлі киімдер мен аксессуарларды қамтитын үлкен қорап (сандық) дайындалады. Қорапқа қазақтың ұлттық киімдері мен олардың бөлшектерінің | Спандияр Көбеевтің **«Айтыс» әңгімесімен танысамыз.**<br>Ертегіні слайд арқылы көрсетеді, әңгімелейді. Педагог балаларға ертегіні оқып береді (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br><br>Сөздік жұмысы:<br>қожайын – үй жануарларының иесі<br>соқа – жер жыртатын құрал<br>Сұрақ-жауап:<br>– Ертегі не туралы? Авторы кім? Қандай жануарлар айтысты?<br>– Сиыр не деді? Ат не айтты?<br>– Ит не деп ырылдады? Қожайыны оларға не айтты?<br>Балалармен бірге қайталап оқу.<br>**«Белсенді суреттер» ойыны**<br>Балаға сурет көрсетіледі. Берілген суреттегі жануарды қимылмен бейнелеп көрсетеді. Қалған балалар жасырынған бейнені табады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дидактикалық ойын «Жануарлардың төлін тап»**<br>**Мақсаты**:Жануарлады атай отырып дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды ажырату<br><br>**4.<u>Дене шынықтыру</u>**<br>Жеке гигиена<br>**Мақсаты:**Жеке гигиена туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>**Міндеті**: Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну<br>**"Жеке гигиена" туралы қысқаша әңгімелеу**.<br>Оқушылардан жеке гигиена ережелері | орнына қояды. Кезекшілік ағынын өзгертіп, тапсырманы кезекпен орындау балаларға бір-біріне көмектесуді және жауапкершілікті сезінуді үйретеді.<br>**3.<u> Шығармашылық әрекет</u>**<br>**Сурет салу**: Орман құсы(Үкі) Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.<br>**4.<u>Музыка</u>**<br>**Міндеті:**Таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды;<br>**«Музыкалық сүйемелдеу» ойыны**<br>**Мақсаты**: Балаларға музыкалық сүйемелдеу арқылы әнді бірге орындауға мүмкіндік беру, ритм мен әуенді | зәулім – кең, үлкен, әдемі<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Өлең авторы кім? Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Алматы метросының неше бекеті бар? Сендер метроға мініп көрдіңдер ме?<br>– Метро көлігіне ұқсас рельспен жүретін тағы қандай көлік бар?<br>– Метро туралы не білетініңді әңгімелеп бер.<br>– Метро сөзіне сөйлем құра.<br>**Дидактикалық ойын: «Кім байқағыш?»**<br>(баланың есте сақтау қабілетін дамыту)<br>Шарты: балалар көлік түрлерінің суретін есінде сақтайды. Суреттердің орнын ауыстырып қояды, балалар орындары ауысқан көліктерді атайды.<br>**4.<u>Дене шынықтыру</u>**<br>**Міндеті:**Алға айналдыраотырып, ұзын және қысқа | суреттері, немесе миниатюралық киім үлгілері қойылады. Егер бар болса, нақты киімдер мен заттарды да қолдануға болады (мысалы, қалпақ, шапанның кішірейтілген нұсқалары, белбеу).<br>Балалар кезекпен шығып, қораптан бір затты таңдайды.<br>Таңдаған заттарының қазақтың ұлттық киіміне қатысты екенін айту керек. Мысалы:<br>«Бұл қалпақ — оны қазақтар басына киеді!»<br>«Бұл шапан — оны қыста киеді, жылы әрі әдемі!»<br>**4.<u>Музыка</u>**<br>**Міндеті:**Таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды <br>**Танымдық аспаптар**: Балаларға әртүрлі музыкалық аспаптар туралы айту, олардың дыбыстарын таныту және оларды дұрыс пайдалануды үйрету.<br> **Ән мәтінін талқылау**: Әннің | **3.<u> Қоршаған орта танысу</u>**<br>**Міндеті**: Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>**«Технологиялық қауіпсіздік» рөлдік ойыны**<br>**Мақсаты:** Балаларға әртүрлі байланыс құралдарын қауіпсіз қолдану дағдыларын дамыту. Қалай өткізуге болады:<br>Балаларға бірнеше рөлдерді бөліп беріңіз. Мысалы, бір бала «ұялы телефонды пайдаланушы», екіншісі «интернет қолданушы», тағы бір бала «теледидар көретін адам» бола алады.<br>Ойын барысында әр баланың рөлін дұрыс орындауын қадағалаңыз.<br>Ұялы телефонды пайдаланушы: Бұл бала телефонын дұрыс ұстап, қажет болса тек ата-анасымен сөйлеседі.<br>Телефонға келген хабарламаларды тек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы не білетіндерін сұрау.<br>Жеке гигиена ережелері:<br>Дене тазалығы: күнделікті жуыну, киім тазалығы.<br>Қолды жуу: тамақтанар алдында, дәретханадан кейін.<br>Тістерді тазалау: таңертең және кешке.<br>Тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.<br>Қол орамалын пайдалану: мұрын сүрту, тер басқан кезде.<br>Сүлгімен сүртіну: терлеу кезінде.<br>****Ойын 1: "Гигиена станциялары"****<br>Оқушыларды бірнеше топқа бөліңіз.<br>Әр топқа гигиена ережелерін орындау үшін станцияларды дайындаңыз. Мысалы:<br>Станция 1: "Қол жуу" (суды жұмсап, сабынмен қол жуу).<br>Станция 2: "Тіс тазалау" (пластикалық щеткамен тістің моделін тазалау).<br>Станция 3: "Ауызды шаю" (суға бірнеше тамшы ас содасын қосу, ауызды шаю). | дұрыс қабылдауды дамыту<br>**«Әнмен көңіл-күй» ойыны**<br>**Мақсаты:** Балаларды музыкалық тыңдау, әннің эмоционалдық реңктерін түсіну және өз бетінше орындауға баулу. Қалай өткізуге болады:<br>Балаларға «Балабақша» әнінің мәтіні мен әуенін таныстырыңыз. Әннің сөздері балаларға таныс болар, бірақ әуен мен ырғағын тыңдап, сезінуі қажет. | секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыраотырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктенсекіру,20 сантиметрдейінгібиікті ктікке секіру<br>**Алға айналып секіру:**<br>Оқушылар алға қарай секіру барысында айналуларын орындау<br>2. **Ұзын және қысқа секіргіштен секіру:**<br>Ұзын және қысқа секіргіштер секіру, әр бала кезекпен тәжірибе жасап көрінеді.<br>**Ойын 1: "Секіргіштер жарысы"**<br>Оқушылар екі командаға бөлінеді. Әр команда секіргішпен 10 метрге дейін секіру жарысын өткізеді.<br>**Ойын 2: "Секіріп өт"**<br>Оқушылар арқан немесе сызық бойымен секіріп өтіп, әр түрлі формада (бұрыш, шеңбер) жүреді. Ойын барысында әр бала өз тәсілдерін көрсетеді. | сөздеріне назар аударып, оларды балалармен бірге талқылап, балабақша туралы сұрақтар қойыңыз: «Қандай ойындар ойнаймыз?» «Балабақшада не істейміз?» және т.б. | ересектерге көрсету керек.<br>Интернет қолданушы: Бұл бала ғаламторға кіруге тырысады, бірақ тек қауіпсіз сайттарды ғана ашады. Балаларға тек белгілі және сенімді сайттармен жұмыс жасау керектігін түсіндіріңіз.<br>Теледидар көретін бала: Ол теледидарды орынды пайдаланып, ұзақ уақыт отырмауға, үзіліс жасауға үйренеді.<br>Әр рөлді орындап болған соң, балалар өздері таңдаған «құралдар» мен олардың қауіпсіздігін қалай сақтағаны туралы сөйлеседі.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Міндеті:**Алға айналдыраотырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыраотырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктенсекіру,20 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Оқушылар әр станцияда 2 минут өткізеді, сосын келесі станцияға өтеді.<br>**Ойын 2: "Гигиена кроссворды"**<br>Оқушыларға гигиена ережелеріне қатысты кроссворд немесе сөзжұмбақ дайындаңыз.<br>Оқушылар кроссвордты шешу барысында гигиена ережелерін еске түсіріп, талқылайды. | | | | сантиметрдейінгібиіктік тікке секіру.<br>**«Секіру арқылы кедергілерді еңсеру» ойыны**<br>**Мақсаты**: Секіру арқылы балалардың ептілігін және денесін дұрыс бақылауды үйрету. Қалай өткізуге болады:<br>Балаларға әр түрлі биіктіктегі (20 см) кедергілер қойып, оларды секіріп өтуге тапсырма беріңіз.<br>Әр баланың кезегімен кедергілерді еңсеруін бақылап, оларды қадам бойынша секіруге баулыңыз (мысалы: «Алдымен сол аяғымен, сосын оң аяғымен секір!»).<br>Балалар кедергілерден секіріп өту арқылы шапшаңдық пен ептілікті жақсартады.<br>**«Биіктіктен секіру» ойыны**<br>**Мақсаты:** Биіктіктен секіру арқылы балалардың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін және сенімділігін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | арттыру. Қалай өткізуге болады:<br>Биіктіктікке секіруді үйрету үшін балабақшада немесе аланда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, 20 см биіктіктен секіруге мүмкіндік беріңіз (мұны жұмсақ аланда немесе қалың кілемнің үстінде жасауға болады). |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету)**<br>• **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу<br>«Сусыз өмір жоқ»тақырыбында әңгімелесу | | | | |
| **Серуен** | **Серуен №6**<br>**Торғайларды бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>— Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз Ж. Смақов**<br>**Шыр, шыр еткен торғайды**<br>**Таспен атып торғайды**<br>**Қорғамаса болмайды**<br>**Ұя бұзған оңбайды.**<br>**Кіп-кішкене торғайлар**<br>**Құс өкпелеп кетеді**<br>**Ағаштарды қорғайды**<br>**Ауламызға қонбайды.** | **Серуен №7**<br>**Жаяу адамдарды бақылау**<br>**Мақсаты**: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>Жаяу жүргінші білуі тиіс: Бағдаршамның өз белгісі бар-оған ешқандай қарсылықсыз көнуің керек! Сары түс-ескерту: қозғалыс белгісін асықпай күте біл! Жасыл түс-жол ашық. Жолдан еркін өте бер! Қызыл түс бізге | **Серуен № 8**<br>**Итті бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>Ей, адамдар, адамдар!<br>Айналаға қараңдар,<br>Зардап шегіп жатпасын,<br>Аш үйіңнің қақпасын,<br>Жануарлар қорғансыз,<br>Далада қалып қоймасын.<br>Балаларға сұрақтар.<br>Иттің тұратын орны қалай аталады?<br>Иттің сүйікті тамағы не? | **Серуен № 9**<br>**Суды бақылау**<br>**Мақсаты:** Күз мезгіліндегі судың жай – күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы**.<br>Балаларға сұрақтар.<br>*Судың қандай қасиеттерін білесіңдер?<br>*Судың көлемі (қалпы) болама?<br>*Өзеннің, көлдің, мұхиттың, шалшықтың сулары бәріде мөлдір ме?<br>*Суды аязға шығарса не болады?<br>Су өте мөлдір. Оның түбіндегі жатқан зат көрінеді. Су - сұйық зат, | № 7 САБАҚ. «МЕН АДАСЫП КЕТКЕНЖАҒДАЙДАҒЫ БЕС ҚАРАПАЙЫМ КЕҢЕС»<br>Ұзақтығы:25-30 минут<br>Топ/сынып:мектепалдытоп/сынып(5 жастағы балалар)<br>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды адасып кеткен жағдайда дұрыс әрекет етуге үйрету.<br>Міндеттері: Балаларды адасып кеткен жағдайда көмектесетін бес негізгі кеңеспен таныстыру. Адасып кеткен жағдайда қай жерде қалудың маңыздылығын түсіндіру.<br>Балалардың өздері туралы маңызды ақпаратты (толық аты-жөні, ата-анасының есімдері, телефон нөмірлері) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалармен әңгімелесу:. Қараңдаршы, балалар, біздің аулада қандай құстар ұшып жүргенін. Бізде күзде ұшпай қалған құстарды қандай құстар деп атайды? (қыстап қалатын құстар)<br>Қыстап қалатын құстар мен жыл құстарының қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың жүні қалың, мамық, тұмсықтары мықты)<br>Біз жақта қандай құстар қыстап қалады? (қарға, торғай, кептер)<br>Қыста торғайлар немен қоректенеді? (дәндермен, тамақтың ұсақ қалдықтарымен)<br>Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (оларға тамақ жетіспейді, ал олар тоқ болса жылы жүреді)<br>Қазір бақылап торғайлардың не істеп жүргеніне көңіл бөлейік және көргенімізді әңгімелеп берейік.<br>Торғайлар неге адамға жақын жүреді? (адамдар оларға тамақ береді, яғни ұсақтарды тастайды)<br>**Еңбек**<br>Ағаш жапырақтары мен бұтақтарды жинау<br>Мақсаты:бірлесе жұмыс істеугe деген қызығушылықтарын арттыру<br>**Қ/О:** «Бір, екі, үш-жүкір!» | ТОҚТА дегенді білдіреді. Қауіпті! Жол жабық! Балалар жолдан өтерде өте сақ болыңдар! Жолда жүру ережесін үнемі есте сақта!<br>Тәрбиеші балаларды жолдың жаяулар жүретін бөлігіне әкеліп, әңгіме өткізеді.<br>♦Жаяу жүргінші жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен)<br>Жүргенде жолдың оң жағымен , өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүруге тырысу керек. Көшеде сабырлы болу керек. Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек.<br>♦Жаяулардың тек осы жерден өтуі керегін сендер қайдан білдіңдер?<br>- Дұрыс айтасыңдар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және жолға жалпақ ақ жолақ сызылған.<br>**Еңбек**<br>Гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау;<br>Түскен жапырақтарды | Иттің сыртқы кейпі қандай? Иттің қандай түрлерін білесіңдер? Кейбір иттерді неге «үйсіз иттер» (жабайы) деп атайды? Иттердің жақсы өмір сүруі, оның иесіне байланысты. Иттер әртүрлі тағамдармен тамақтанады. Олар ботқаларды, ірімшікті, сүтті жей береді. Иттер бәрінен де піскен етті жақсы көреді. Иттің тұқымы (түрлері) өте көп-неміс овчаркасы, тазы (аңшы ит), такса, пудель (бұйра жүнді ит), ротвеилер тағы басқа иттер. Олардың бәрінің бір-бірінен айырмашылығы бар. Иттер ақылды және зиінді. Есте сақтау қабілеттері өте күшті, есту қабілеті өте зор болады. Ол өзінің иесін еш уақытта еш уақытта қиын жағдайда далада қалдырмайды, өз иесіне сатқандық жасамайды. Кейбір адамдар иттер мен мысықтарды далаға қуып жібереді. Ол кезде жануардың өмірі тозаққа айналады. Олардың ішер тамағы нашар, жылы орын жоқ, ешкім еркелетпейді, үй астындағы жертөледе, | оның өзіндік қалпы (көлемі) жоқ. Оны қандай ыдысқа құйсаң сол ыдыстың көлемін береді. Су түссіз, дәмсіз, иіссіз. Таза су мөлдір болады. Лай немесе лас су мөлдір болмайды. Лас судың жаман иісі болады. Ауа температурасы 0 градустан төмен болған жағдайда су мұз болып қатады.<br>**Зерттеу жұмысы.**<br>Тәрбиеші балалармен зерттеу жұмысын жүргізуге ұсынады.<br>Шыны ыдысқа толтырып су құйып, аузын мықтап жауып, далаға аязға шығарып қою.<br>Біраз уақыттан соң ыдыс жарылып сынады да, оның орнында бір кесек мұз қалады. Қатқан су, яғни мұз сұйық судың өзіне қарағанда көп орын алады. Яғни мұз болып қатқанда судың көлемі ұлғаяды да, ыдысты сындырады. Ең алғаш аяз болған күні ақ өзендер, көлдер, шалшықтар мұз болып қатады. Аяз қатайған сайын мұз қалыңдай түседі.<br>Ал, егер мұзды жылы жерге әкелсе не болар еді? (Мұз ериді де су болады). | есте сақтауларын дамыту. Материалдар мен ресурстар: әртүрлі жағдайлар, қабылдануы тисәрекеттер бейнеленген карточкалар. Ұйымдастырылғаніс-әрекет: Балаларды қарсыалу Адасып кеткен жағдайдағы бес қарапайым кеңеспен таныстыру: 1-кеңес. Орныңдақал. Егер адасып кетсең, ең бастысы – орнында қалу. Бұл ересектердің сені тез табуына көмектеседі. Көмекті күтіп, орнында тұрған баланың иллюстрациясын көрсету. 2-кеңес. «Анашым/Әкем» деп қатты дауыстап, айналаға мұқият қара. 3-кеңес. Егер телефон болса, ата-анаңа қоңырау шалып, тұрған жеріңді айт (немесе айналаңдағы нәрселерді сипатта). Телефон жоқ болса, ересек адамнан қоңырау шалуды өтін. Егер анаңның/әкеңнің телефон нөмірін білмесең, біреуден полицияға қоңырау шалуды өтін. Егер формадағы полицейді көрсең, оған барып, адасып кеткеніңді айт. 4-кеңес. Егер көшеде/саябақта адасып кетсең, қауіпсіз жер тауып, сонда кір. Мысалы, жақын жердегі дүкен, бутик немесе кафе. Кассирге, сатушыға, әкімшіге, күзетшіге, даяшыға немесе тазалаушыға бару. Адасып кеткеніңді айтып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: тез жүгіруге жаттықтыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулу.<br>**Жаттығу ойындары**<br>«Шығыршыққа түсір».<br>**Мақсаты:**<br>Белгі бойынша әрекет ету дағдысын жаттықтыру;<br>Затты көздеген нысанаға түсіруге жаттықтыру. | ағаш түбіне тырмамен жинау.<br>Мақсаты: табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.<br>**Қ/О:** «Бағдаршам».<br>Мақсаты:<br>бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту<br>- ептіліктерін дамыту.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>Мақсаты: затты қашықтыққа лақтыру дағдыларын дамыту. | көшеде мекендеулеріне тура келеді. Олар суықпен аштықтан ауырады, өледі. Мұндай адамдарды жүрексіз адамдар дейді. Сондықтан да үй жануарларын далаға тастамаңдар, оларға қамқор болыңдар!<br>**Еңбек.** Сынған ағаш бұтақтары мен жапырақтарды жинап қоқысқа апару.<br>Мақсаты. Бірлесе жұмыс істеу, мақсатқа жету.<br>Қ/О: «Біз көңілді балалармыз».<br>Мақсаты: Ойын шартын сақтап ойнауға баулу.<br>**Жаттығу ойындары**:<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>*Затты көлденең бағытта лақтыру тәсілін меңгерту;<br>*Көз өлшемін, қозғалыс координатын, ептіліктерін дамыту.<br>**Тыйым сөз: Ит – жеті қазынаның бірі. Сондықтан оны өлтіруге, азаптауға, қаңғыртып жіберуге болмайды. Олай етсе, иесінің басына жаманшылық үйіріледі.** | -Үлкен және кіші ыдыстардағы таза сумен бояу қосылған судың қатуын бақылау.<br>-Ыдыстағы тығыз салынған және жәй салынған қардың еру жылдамдығы бақылау.<br>**Еңбек:**<br>Топ бөлмесіндегі өсімдіктерді күту.<br>Мақсаты: табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру.<br>**Қ/О:** «Қасқыр қақпан»<br>Мақсаты:<br>-Белгі бойынша әрекет етуге жаттықтыру;<br>-Жылдамдықтарын, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Еңбектеу.<br>Мақсаты:<br>-Қозғалыстарын үйлестіруін дамыту;<br>-Шешім қабылдауға, батылдыққа тәрбиелеу. | көмек сұра. 5-кеңес. Бейтаныс адамдарға еріп кетпе Ешқашан бейтаныс адамдарға еріп кетпе, тіпті олар көмек сұраса да. Орнында қалып, сенім артуға болатын адамдардың көмегін күт. Бейтаныс адаммен кетпей тұрған баланың иллюстрациясын көрсету.<br>Ережелерді қайталау:<br>Балалармен адасып кеткен жағдайда қолданылатын бес қарапайым кеңесті қайталау. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті) | | | | |
| **Балалардың ербесәрекеті** | **(Біртұтас тәрбие)**<br>**Ұлттық ойын** | **(Біртұтас тәрбие)**<br>**Ұлттық ойын** | **(Біртұтас тәрбие)**<br>**Ұлттық ойын** | **(Біртұтас тәрбие)**<br>**Ұлттық ойын** | **(Біртұтас тәрбие)**<br>**Ұлттық ойын** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(баяуқимылдыойындар, үстелүстіойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптар қараужәнетағыбасқа әрекеттер)** | **«Ақ сүйек»** баланың көзін жұмғызып аландағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады. Яғни, таңертеңгі қабылдау кезінен кешке баланың үйге қайтуына дейінгі уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесі күні бойғы тәрбие түрлерімен біртұтас сабақтас жүргізіледі. Сондықтан да, бағдарлама бойынша арнайы өтілетін тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында әуелі дене сергіту, жұмыс соңында ырғақты қимыл –қозғалыс ойындарын өткізу көзделеді. | **Ақшамшық (сақина салу)** – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он –он бес адам қатысып, ортаға бір жігітті немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз-жігіттер үйде дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің ала-қанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол барлық адамдардың алақанына сақина салған болып шығысымен, «Тұр сақинам, тұр», – деп, немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам орнынан атып тұруға тиісті, «Сақина менде», – деп. Оны көршісі ұстап алмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді. | **Түйілген орамал**. Тәрбиеші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» – деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан – жаққа бытырай қашады. Ал тәрбиеші қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді.. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұралы | **) Соқыр теке**. Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады. Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ. Қайда кеткен құлыншақ. Соқыртеке бақ-бақ. Мені ізден тап-тап Деп тақпақтайды. Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «Соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді. | **“Шертпек “ойыны** Мақсаты: Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұлттық ойындарды жаңғыртып бала бойына сіңдіріп,достыққа, ептілікке тәрбиелеу. Шерту әдісін үйрету ,қол бұлшық еттерін дамыту. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ильяс Қаламды дұрыс ұсауға үйрету | Даяна Сөздердегі дыбыстарды дұрыс анықтауға үйрету | Бейбарыс пішіндер мен сандарды қайталату | Мәди түстерді қайталау | Әмір өткен ертегі туралы әңгімелесу |

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.**:**<br>**Ата –аналарға кеңес**<br>Балалардың ұялы телефонға деген қызығушылығын төмендету туралы<br>(**Біртұтас тәрбие.Экологиялық тәрбие беру**) |

Тәрбиеші: Мендибаева А.С.

**КЕЛІСЕМІН:**
Оқу ісінің меңгерушісі
Абсатова Д.А. ___________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тірек мектебі (РО)» КММ
**Мектепалды «Айгөлек» сыныбы**
**Балалардың жасы:** 5 жас
**Қандай кезеңге жасалды : 02 - 06 желтоқсан 2024 ж**

**Желтоқсан** – «Бірлік және ынтымақ» айы
**Апта дәйексөздері: «Бірлігі күшті ел озады»**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 02.12. | Сейсенбі 03.12 | Сәрсенбі 04.12 | Бейсенбі 05.12 | Жұма 06.12 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **«Күй күмбірі» – «Алатау»** Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу | **«Күй күмбірі» – «Алатау»** Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу | **«Күй күмбірі» – «Алатау»** Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу | **«Күй күмбірі» – «Алатау»** Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу | **«Күй күмбірі» – «Алатау»** Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Отбасында қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес | Мектпете қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес | Отбасында қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес | Мектпете қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес | Келген балалардың ата-аналарымен үй режимін сақтау туралы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)** | **«Табиғат мінезі» Сюжеттік ойындар: «Сиқырлы фломастер»** еркін сурет салу. **Не артық? Мақсаты:** Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға | **Еркін сурет салу қызметі-трафаретпен сурет салу Мақсаты:** трафареттерді қолдана отырып, сурет салуды үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сурет салу-шығармашылық қызмет)** | **Ойын– жаттығу:** «Туған жер табиғатын қорғау керек пе, әлде жоқ па?» әңгімелесу, сұрақ жауап **Ойын:«Жер шары»** Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю. **(коммуникативтік, танымдық қызмет)** | **"Көңілді фигуралар" дидактикалық ойыны** Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы білімді бекіту, заттардың пішінін белгілі геометриялық фигуралармен байланыстыру | **Үстел үсті театр ойыны:** «Өлі табиғат құбылыстары» тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. **(коммуникативтік, танымдық қызмет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**«Табиғат мінезі»** жаттығуы**(айналаңыздағы лармен танысу, сөйлеуді дамыту-ойын, танымдық және коммуникативті іс-әрекет)** | | | қабілетін қалыптастыру.<br>**(математика негіздері – танымдық және коммуникативтік қызмет)** | |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | **Картотека № 1**<br>І. Бір сапқа тұру, саппен жүріп және жүгіру. Педагогтың бұйрығы бойынша тоқтау. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру,<br>қолды белге қойып өкшемен жүру.<br>ІІ. 1.Б.қ. Тік тұру,қол белде. Қолды желкеге қойып басымызды артқа шалқайту, оң аяқты артқа аяқ ұшымен қою.Орнына келу.<br>Сол аяқпен қайталау. 5-6 рет.<br>2. Б.қ. Аяқ алшақ,қол белде. Оңға бұрылу,оң қолды жанға созу. Орнына келу,сол жаққа келу. 6 рет<br>3. Б.қ. Тізеге тұру,қол екі жанда. Оң аяқпен алға қою,пружинше қозғалу. Орнына келу,сол аяқпен қайталау. 5-6 рет.<br>4. Б.қ. Тізеге тұру, қол белде. Бір,екі оң жақ жанбасқа отыру, | **Картотека № 2**<br>І. Бір сапқа тұру, саппен жүріп және жүгіру. Педагогтың бұйрығы бойынша тоқтау. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру,<br>қолды белге қойып өкшемен жүру.<br>ІІ. 1.Б.қ. Тік тұру,қол белде. Қолды желкеге қойып басымызды артқа шалқайту, оң аяқты артқа аяқ ұшымен қою.Орнына келу.<br>Сол аяқпен қайталау. 5-6 рет.<br>2. Б.қ. Аяқ алшақ,қол белде. Оңға бұрылу,оң қолды жанға созу. Орнына келу,сол жаққа келу. 6 рет<br>3. Б.қ. Тізеге тұру,қол екі жанда. Оң аяқпен алға қою,пружинше қозғалу. Орнына келу,сол аяқпен қайталау. 5-6 рет. | **Картотека № 3**<br>І. Бір саппен жүру, жүгіру. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, қолды белге қойып өкшемен жүру. Үш топқа бөліну.<br>ІІ. 1. Б.қ. Тік тұру, қол белде. Оң жаққа аттау, қолды екі жанмен жоғары көтеру. Орнына келу, сол жаққа қайталау. 5 – 6 рет<br>2. Б.қ. Аяқ алшақ, қол белде. Оңға иілу, сол қолды желкеге қою. Орнына келу, сол жаққа қайталау. 5 – 6 рет<br>3. Б.қ. Тік тұру, қол белде. Бір,екі отыру,қолды алға созу.<br>Үш, төрт орнына келу.5-6 рет<br>4. Б.қ. Отыру, аяқ бірге,қол артта тіреулі. Аяқты алға тіке созу «бұрыш». Орнына келу. 5 – 6 рет<br>5. Б.қ. Шалқасына жату,қол желкеде. Оң аяқты тіке көтеру, оң қолмен аяқ ұшына тигізу,орнына келу. | **Картотека № 4**<br>І. Бір саппен тұру. Денені тік ұстау. Аяқтың ұшымен жүру,<br>қол жоғарыда.Өкшемен жүру, қол белде. Жүгіру.Үш топқа бөлініп тұру.<br>ІІ 1. Б.қ. Тік тұру, қол белде.Қолды екі жанынан жоғары көтеру.<br>Созылу,орнына келу. 5рет.<br>2. Б.қ. Аяқ иық деңгейінде. Қол артта.1 – қол екі жаққа созу,<br>2 – оңға иілу, қолды жоғары созу. 3 – тік тұру, қолды екі жаққа созу. 4 – орнына келу. Сол жаққа қайталау 4 –5 рет.<br>3.Б.қ қолымызды алдымызға ұстап қайшылаймыз 4 – 5 рет<br>4. Б.қ. Аяқ алшақ,қолды екі | **Картотека № 5**<br>І.Сапта екі – екіден жүру. Денені тік ұстау. Тәрбиешінің белгісі бойынша «тырна» дегенде бір аяқты жоғары көтеріп тұру. «Қоян» дегенде, қос аяқтап алға секіру. Жүгіру, үш сапқа тұру.<br>ІІ 1. Б.қ. Аяқ алшақ,кубик оң қо<br>лда. 1 – қолды екі жаққа созу. 2 – қол алға, кубикті сол қолға ауыстыру. 3 – қолды екі жаққа созу. 4- орнына келу. 5 рет.<br>2. Б.қ. Аяқ алшақ, кубик оң қолда.1 – алға еңкею, кубикті аяқ арасына қою. 2 – орнына келу,қол белде,3-алға еңкейіп кубикті сол қолмен алу, 4- орнына келу. 5-6 рет<br>3. Б.қ.. Аяқ алшақ,кубик оң қолда,кубик түсірулі, 1 – отыру, қолды алға созып,сол қолға кубикті ауыстыру. 2 – тұру.<br>Сол қолмен қайталау. 5 – 6 рет.<br>4. Б.қ. Аяқ алшақ, кубик оң қолда.1- қолды екі жанға созу.2-қол артта,кубикті сол қолға ауыстыру.3-қолды екі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолды алға созу. Үш,төрт орнына келу. Сол жаққа қайталау.6 рет<br>5. Б.қ. Тік тұру, қол екі жанда,қос аяқтап секіру. 4 – 5 рет<br>Тыныс алу жаттығулары.<br>III. Жәй жүріп аузын ашып демалып, мұрынмен шығару.<br>Уф-уф-уф | 4. Б.қ. Тізеге тұру, қол белде. Бір,екі оң жақ жанбасқа отыру, қолды алға созу. Үш,төрт орнына келу. Сол жаққа қайталау.6 рет<br>5. Б.қ. Тік тұру, қол екі жанда,қос аяқтап секіру. 4 – 5 рет<br>Тыныс алу жаттығулары.<br>III. Жәй жүріп аузын ашып демалып, мұрынмен шығару.<br>Уф-уф-уф | Сол аяқпен қайталау. 5 – 6 рет.<br>6. Б.қ. Тік тұру, қол белде. 1 – 3 сол аяқ, 4 – 6 оң жақ аяқпен секіру.<br>III. Тыныс алу жаттығулары<br>Жәй жүру. Тыныс алу жаттығулары үлкен болып өсеміз қолды жоғары созып,демді ішке алып, уф деп сыртқа шығару. | жаққа созу. Бір,екі терең отырып,тізені құшақтау,басты түсіру.үш,төрт орнына келу.5-6<br>5. Б.қ аяғымыз сәл ашамыз оң қолымызды сол аяққа тигіземіз, сол қолымызды оң жаққа тигіземіз б.қ келу 5-6 рет<br>6.Б.қ. Тік тұру ,қол белде. Орнында қос аяқтап секіру. 7-8 рет<br>III. Бір саппен жүріп, терең демалу.<br>«Шар үру» уф – уф – уф | жанға созу.4-орнынан келу. 5-6 рет.<br>5. Б.қ. Аяқ алшақ,кубикті еденге қою,айналып секіру. 5-6 рет.<br>III. Саппен жәй жүру. Қолымызды екі жанға созып,терең демалып жоғары көтеріп демді шығарып төмен түсіру.<br>Уф-уф-уф |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | **«Сиқырлы қапшық»**<br>Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br>**(математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)** | **«Затты сипатта»**<br>**Мақсаты:**заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.<br>**(танымдық және коммуникативті іс-әрекет)** | **"Не артық?**<br>**Мақсаты:** Балаларға ұқсас заттарды тауып, артық затты табуға үйрету.<br>**Нұсқаулық:** Педагог бірнеше заттарды көрсетіп, олардан біреуі басқа заттардан айырмашылығы бар екенін айтады (мысалы, «қалам», «көпіршік», «кітап» — «кітап» артық, себебі ол қатты зат). | **Саусақ гимнастикасы "Сиқырлы текше"**<br>**Мақсаты:** логикалықойлау қабілетін, шапшаңдығын, ептілігін дамыту және балаларға заттарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыруға үйрету<br>**(математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)** | **"Қуыршақтың сөйлесуі"**<br>**Мақсаты**: Тіл дамыту арқылы сөйлеу дағдыларын жақсарту. Нұсқаулық: Балалар қуыршақты немесе ойыншықтарды қолына алып, онымен әңгіме жүргізеді. Бұл жаттығу сөйлеу қарым-қатынасын қалыптастырады.<br>**(сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативті іс-әрекет)** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **<u>ҚР Гимн тыңдау</u>**<br>**<u>Математика негіздері</u>** | **<u>Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Міндеті:**Сөздерді дыбыстық талдау: | **<u>Математика негіздері</u>**<br>Міндеті:Денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс | **<u>Математика негіздері</u>** | **<u>Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Міндеті:**Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Міндеті:Денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>**Топтық жұмыс**<br>Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді. р топқа фигура таратылады. Педагог оларды зерттеп, анықтап қарауды, көлемді фигураларды қолмен ұстап көруді сұрайды. Фигуралардан сарай тұрғызуды ұсынады және оның қандай фигуралардан құрастырылғанын айтып беруді сұрайды.<br>**«Неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны**.<br>Педагог текше, шар, цилиндр фигуралы пішіндес заттарды бейнелейтін суреттерді қарап шығуды ұсынады.<br>– Шар неге ұқсайды? (Қарбыз, доп, глобус.)<br>– Цилиндр неге ұқсайды? (Стақан, саптаяқ.)<br>– Текше неге ұқсайды? (Текше, сыйлық қорабы.)<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**<u>Сөйлеуді дамыту</u>** | сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>**«Артығын тап»** ойынын педагог балалармен ұйымдастырады.<br>1. Бас, қол, көз, қас, тас. (тас)<br>2. Алма, алмұрт, шие, бие. (бие)<br>3. Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (фокус)<br>4. Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім. (жүзім)<br>5. Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе<br>**«Тізбекті жалғастыр» дидактикалық жаттығуы**<br>– Балалар, мен бір сөз айтып, допты біреуіңе беремін, мен айтқан сөз қандай дыбыспен аяқталса, ол сол дыбыстан басталатын сөз ойлап айтады да, келесі балаға допты береді. | атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>Жазық фигура мен көлемді фигура<br>**«Затты тап» ойыны**<br>Балалар санамақ санау арқылы топқа бөлінеді. Педагог жиынтықтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, оларға қандай заттар ұқсас екенін сұрайды (пішіні бірдей). Топтарда тақырыптар талқыланады және аталады<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**Ойын жаттығуы.**<br>**«Фигураларды топқа бөл».** Тапсырманы түсіндіреді:<br>«Фигураларды екі белгіге қарап, топқа бөл: пішіні және түсіне қара». Педагог әр топқа пішін мен түс бар карточканы көрсетеді. р топ фигураларды өз белгісі бойынша таңдайды және оларды біріктіреді. Балалар фигураларды талдайды, салыстырады<br><br>**<u>Көркем әдебиет</u>**<br>Әңгімені жалғастырып айтуға | **Міндеті:** (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>**«Пішіндес заттарды тап» ойын жаттығуы.**<br>Жұптық ойын.<br>Үстелдің үстінде фигуралар жиынтығы бар конверттер қойылған: шеңбер, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш. конверттен кез-келген фигураны алады, оны атайды. Ал екінші бала қоршаған ортада кездесетін осындай пішінді заттарды тауып айтады. Содан кейін балалар рөлдерімен ауысады..<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма**. Текше мен шаршыны қолыңа ал. Фигуралардың | ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» дидактикалық жаттығуы<br>Педагог балаларға суреттер көрсетеді, балалар сол суреттің мағынасына келетін, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер жалғаулары керек.<br>Мысалы: қызанақ ... (қызыл), қияр ... (жасыл), балмұздақ ... (тәтті) т.б.<br>«Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы<br>– Балалар, мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді айтасыңдар.<br>Мысалы: кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш,<br>**<u>Көркем әдебиет</u>**<br>**Қыс**<br>Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту..<br>**Мнемокест арқылы «Қыс» өлеңін жаттау**<br>**Тіл ұстарту жаттығуы**:<br>Ыс-ыс-ыс – келіп жетті қыс.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Кімге не керек?»** (ойлау қабілетін дамыту) Шарты: қыста киетін қыздар мен ұлдардың киім түрлерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Алғашқы қар**<br>Балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту, алғашқы қар туралы әңгімелер құрастыру арқылы сөздік қорын байыту және ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Мақсаты:**<br>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>**Ойын:"Қар түскенде не көрдің?"**<br>Бұл ойын балаларға алғашқы қар туралы әңгіме құрастыруға мүмкіндік береді.<br>**Құралдар**: Жылдың төрт мезгілін бейнелейтін суреттер немесе карточкалар.<br>**Ойынның ережесі:**<br>Балаларға "Қар түскенде не көрдің?" деп сұрау қойылады. Олар осы сұраққа жауап ретінде өздерінің көру тәжірибесіне сүйене | Мысалы: қала – алмұрт – тарақ – қымыз – зәкір – рауғаш<br>**<u>Қоршаған ортамен танысу</u>**<br>Міндеті:Жүк және жолаушы көліктері.Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну<br>**1. "Көлік құралдарын тап!"**<br>**Мақсаты**: Балаларды әртүрлі көлік құралдарымен таныстыру, олардың жұмыс істеу принципін түсіндіру, көліктерді ажыратуға үйрету.<br>Ойын барысы:<br>Балалар шеңберге тұрып, әртүрлі көлік құралдарының суреттері немесе ойыншықтары қойылады.<br>Мұғалім әртүрлі көліктердің сипаттамасын айтады (мысалы, "Бұл көлік үлкен жүк тасиды", | жетелеу. Сөздік қорын байыту.<br>Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау<br>Бағдат Мәжитовтың «Жантөре мен ақ қоян» деген қызықты әңгімесін оқу<br>Сұрақ-жауап ойыны(доппен)<br>– Әңгіме қалай аталады? Жантөре қардан не жасағысы келді?<br>– Жантөре досы екеуі нені көрді? Жантөре досына не айтты?<br>– Қардың арасынан ақ қоянды көргенде Жантөре не деді?<br>– Қоянды не үшін жібере салды?<br>**<u>Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Міндеті**:Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және | үстінен саусағыңмен жүргізу<br>**<u>Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Міндеті:**<br>Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.<br>**Ойын 1: "Отанымның табиғаты"**<br><br>Ойынның барысы:<br>Суреттер мен заттарды қолдану:<br>Балаларға Отанның табиғатынан (таулар, өзендер, ормандар, көк аспан, алаңқайлар) суреттер көрсетіледі.<br>Әр сурет бойынша балалар табиғат құбылыстарын сипаттап, сын есімдер мен үстеулерді қолданады.<br>Сұрақтар қою: | іріктейді. Педагог қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>Яз-яз-яз – сақылдаған сары аяз.<br>**<u>Қоршаған ортамен</u> танысу**<br>**Міндеті:**Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының маңыздылығын түсіну<br>Қазақстан туралы екенін айтады.<br>Педагог өлең оқиды<br>Үлкен орман, шөлдері<br>Елді десем, табыңдар! Үлкен өзен, көлдері<br>Бұл – менің Отаным...<br>Пайдалы қазба – жер астынан қазылып алынатын кен туралы әгімелесу.<br>**«Эксперимент әдісі»**<br>**Мақсаты:** тұз, құм, темір пен көмірді зерттеп көру<br>Ыдыстағы суға көмірді салып, судың қара түске боялғанын көреді, көмір қатты болғанымен үгітілгіш екенін байқайды, тұзды салса еріп, су бұлыңғыр түске айналғанын , бор да үгілгіш екенін, тақтаға жазып, із қалдыратынын, құм сусылдақ, суға салса ерімейтінін анықтайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отырып, шағын әңгіме құрастырады.<br>**Д/о:"Қармен ойнау"**<br>Бұл ойын балалардың логикалық ойлауын дамытуға бағытталған.<br>**Құралдар:** Қардың суреттері, қармен ойын жағдайын сипаттайтын карточкалар.<br>**Ойынның ережесі**:<br>Балаларға қармен ойнау туралы карточкалар беріледі. Әр карточкада қармен байланысты іс-әрекеттер немесе көріністер жазылған болады (мысалы, "Қарды лақтырып ойнау", "Қармен тұратын адам", "Қарды мүсін жасау").<br>Балаларға осы карточкалар бойынша шағын әңгімелер құрастыру ұсынылады. Әр бала кезекпен карточканы таңдап, оның мазмұны бойынша әңгіме айтып береді<br>**<u>Қазақ тілі</u>**<br>**Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ | "Бұл автобус адамдарды тасымалдайды", "Бұл көлік жолды қазуға арналған").<br>Балалар осы сипаттамаға сәйкес көліктерді табуы керек.<br>Ойын барысында мұғалім әр көлік түрінің ерекшеліктері мен қолданылу аймағы туралы әңгімелейді.<br>Ойынның соңында балаларға әр көліктің маңызы мен қажеттілігі жайлы сұрақтар қойылып, олар өз ойларын жеткізуге шақырылады.<br>**2. "Көлікпен саяхат"**<br>**Мақсаты**: Балаларға көліктердің түрлерін таныстыру, олардың қозғалысымен таныстыру, жол ережелерін үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар екі топқа бөлінеді: бір топ көлік құралдары болып, екінші топ – жолаушылар. | дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>**«Жалауша» дидактикалық ойын-жаттығуы**<br>Педагог дыбыстарды айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**«Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны**<br>– Н дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар.<br>– Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, нақ, неліктен. Қолдарын шапалақтап, сөздерді буынға бөледі, сонан соң буындары ретімен айтады.<br>– Р дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар.<br>– Радио, раушан, рас, рет, резеңке, рең.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>**<u>Дене шынықтыру</u>**<br>**Міндеті:**Ынта мен шығармашылық таныта | "Бұл қандай жер?", "Мұнда қандай өсімдіктер өседі?", "Бұл жерде қандай ауа райы?"<br>Балалар сипаттама жасайды.<br>**Ойын 2: "Менің Отанымның мәдениеті мен тарихы"**<br>Мақсаты: Сюжеттік суреттер арқылы Отанымыздың мәдениеті мен тарихи нысандарын сипаттауға дағдыландыру.<br>Ойынның барысы: Сюжеттік суреттерді қолдану:<br>Балаларға Отанымыздың мәдени және тарихи орындары (елорда, ескерткіштер, ұлттық киімдер, мерекелер) туралы суреттер көрсетіледі<br>**<u>Қазақ тілі</u>**<br>**Міндеті:мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға),** | Темірге магнит жақындатса, жабысатыны туралы айтады<br>**Дене шынықтыру**<br>Гигиена<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға қоғамдық орындардағы гигиена ережелерін түсіндіру;<br>**Міндеті:**Қоғамдықорындардагигиенаережелерінсақтаудағдыларынқалыптастыру.<br><br>**Ойын 1: «Таза қала»**<br>**Мақсаты:** Қоғамдық орындарда тазалықты сақтау және тәртіпті болу туралы түсінік беру.<br>**Қажетті құралдар:** Үлкен қағаз беті, түрлі-түсті маркерлер немесе бояулар, қағаздан қиылған әртүрлі заттар (қоқыс, қалдықтар, жол белгілері, қоқыс жәшіктері және т.б.).<br>**Өткізілу барысы:**<br>1.Балаларға таза қала мен ластанған қаланың суреттерін салыңыз. Таза қалада қандай көріністер болатыны туралы айтып, балаларды ойландыру керек (таза көше, қоқыс жәшіктері, гүлдер, таза ауа және т.б.).<br>2.Балалардан қоғамдық орындарда тазалықты сақтау үшін қандай ережелер бар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру<br>**Ойын 1: «Қысқы дыбыстар»**<br>**Мақсаты:** Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.<br>**Өткізілу барысы:**<br>Алдын ала дайындық: Мұғалім балаларға қыс мезгілі туралы айтып, қысқы заттарды көрсету. Мысалы, қар, шана, мұз, таулар, бүркіт және т.б. туралы сөздер айтылады.<br>Дыбыстарды анықтау: Қыс мезгіліне қатысты сөздер арасында ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын кездестіру.<br>Мұғалім балаларға әр дыбысты нақты әрі анық айтуға көмектеседі. Мысалы, «құйрық», «қар», «шана», «мұз» сөздеріндегі қ, ү, ә, һ дыбыстарын айтуға назар аудару.<br>**Жұптық жаттығу:**<br>Балалар жұптаса отырып, қыс туралы сөздерді айтуға жаттығады, содан кейін мұғалім олардың | "Жол" белгіленген алаңда жүру ережелері түсіндіріледі: "қызыл түс – тоқтау", "жасыл түс – жүру" және т.б. Көліктер жолаушыларды белгілі бір бағытқа апару керек. Олар белгілі бір көлік түрін таңдауы керек. Жолаушылар көліктерге отырғызылады және жол ережелерін сақтай отырып, көлік құралдары қозғалады. Ойын кезінде көліктердің әр түрі арнайы тапсырмаларды орындап жүреді (мысалы, автобус балаларды апарады, жүк көлігі тасымалдауды орындайды).<br>Ойын соңында жол ережелерін сақтаудың маңыздылығы мен көшеде қауіпсіз жүрудің қажеттілігі туралы әңгіме жүргізіледі. | отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Ойын: "Асық ату"**<br>**Мақсаты:** Балалардың ұлттық ойындарға қызығушылығын арттыру, ойлау және дәлдік дағдыларын дамыту.<br>Құралдар: Асықтар, белгіленген аймақ немесе нысан.<br>**Ойынның ережесі**:<br>Балалар екі топқа бөлініп, асықтарды белгіленген нысанға ату керек.<br>Әр бала кезекпен асық атып, оны белгіленген жерге түсіруге тырысады.<br>Бұл ойын балалардың дәлдік, ұтқырлық, ойлау қабілеттерін және ынтымақтастыққа деген қызығушылығын арттырады. | Ойын 1: «Қыстау мен жайлау»<br>Мақсаты: Қыстау мен жайлау, қора, жем, астау сөздерін таныстыру, дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Алдын ала түсіндіру**:<br>Мұғалім балаларға мал өсіру туралы әңгіме айтып, қыстау мен жайлау ұғымдарын түсіндіреді.<br>Балаларға қыстау дегеніміз не, жайлау мен қораның айырмашылығы, соғым мен сыбағаның мағынасы туралы сұрақтар қойылады.<br>Қыстау – қыста малды ұстайтын жер.<br>Қора – малға арналған үй.<br>Жайлау – жазда малды өрістететін жер.<br>Жем – малға арналған азық (сена, түйіршік және т.б.). | екенін сұраңыз. Олар ұсынған идеяларды қағаз бетіне жазыңыз.<br>3.Балаларға ластанған қаланың суретін көрсете отырып, олардан қоқыстарды қалай жинау керек екенін, қоқыс жәшіктеріне қоқыстарды қалай салу керектігін түсіндіріңіз.<br>4.Балалар әртүрлі заттарды (қоқыс, қоқыс жәшіктері, гүлдер, т.б.) қағаз бетіне орналастырып, «Таза қала» жасауы керек.<br>**Ойын 2: «Гигиеналық ережелерді орындау»**<br>**Мақсаты:** Қоғамдық орындарда гигиеналық ережелерді сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br> Балаларға гигиеналық ережелерді көрсету үшін бірнеше бейнемазмұн немесе картиналар пайдаланыңыз. Мысалы, баланың қоғамдық жерде қол жуғаны, қоқысқа қоқыс тастағаны, гүлді суарғаны сияқты әрекеттерді көрсетіңіз.<br> Балаларға осындай жағдайларды талқылап, оларды орындауды сұраңыз: «Егер сен дүкенде болсаң, қолыңды қалай жуу керек?», «Қоқыс жәшігін қайда тастау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстарды дұрыс айтуын тексереді.<br>Тапсырма: Мұғалім әр суретті балаларға көрсетіп, олардан осы суретке қатысты сөздерді айтуын сұрайды. Балалар сол сөздерді дұрыс айтуға тырысады, мұғалім олардың айтылуын тексереді. Мысалы:<br>«Қар» сөзіне «қ» дыбысын анық айту.<br>«Шана» сөзіне «ш» дыбысын, «а» дыбысын айқындау.<br>«Құйрық» сөзіндегі «қ» және «ұ» дыбыстарын айқындау.<br>**<u>4.Дене шынықтыру</u>**<br>**Секіру**<br>Мақсаты:<br>Балалардың секіру дағдыларын дамыту, дене қозғалыстарының үйлесімділігін арттыру, баланс пен координацияны жетілдіру.<br>**Міндеті:**Алға айналдыраотырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыраотырып, арқаннан, сызықтан | **Шығармашылық тәрекет**<br>**<u>Мүсіндеу</u>/** Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау<br>**<u>Музыка</u>**<br>**Міндеті:**Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Мақсаты:** Мәтінге сәйкес әнді сахналау арқылы балалардың сахналық қабілеттерін дамыту.<br>**Құралдар**: «Бақытты балалық» әнінің әуені, сахна декорациясы (қажет болса). | | Астау – жем салатын ыдыс.<br>Соғым – қысқы мезгілде сойылатын мал.<br>Сыбаға – соғым кезінде еттің бөлінуі.<br>**Ойын: «Қыстау мен жайлау табу»**<br>Мұғалім балаларға карточкаларды көрсетіп, онда жазылған сөздерге сәйкес суреттерді таптыруға тырысады. Мысалы, «Қыстауда қандай нәрселер болады?» деген сұраққа «қора», «жем», «астау», «соғым» деп жауап беру керек.<br>**Музыка**<br>«Бақытты балалық» әні: Ә.Бейсеов, сөзі: Ә.Дүйсеков<br>Мақсаты: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту, ән мәтініне сәйкес би қимылдарын орындау, шығармашылық тапсырмалар арқылы | керек?» деген сұрақтарды қойыңыз.<br> Балаларға осы гигиеналық дағдыларды орындауға мүмкіндік беріңіз. Олар «қол жуу», «қоқыс жинау», «қоғамдық орындарда тазалық сақтау» секілді тапсырмаларды орындап, сабақ соңында гигиеналық дағдыларды тексеру үшін қысқаша сұхбат өткізіңіз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктенсекіру,20 сантиметрдейінгібиіктіктікке секіру.<br>**1. "Арқанмен секіру"**<br>Бұл ойын балалардың секіру техникасын және үйлесімділігін дамытады.<br>**Құралдар**: Қысқа және ұзын секіргіштер.<br>**Ойынның ережесі:**<br>Оқушылар екі түрлі секіргішті пайдалана отырып, секіруге қатысады.<br>Бірінші кезекте балаларға секіргішті қолымен айналдырып, оның астынан секіруге тапсырма беріледі.<br>Әр бала кезекпен секіріп, ойын кезінде дұрыс координация жасап, секіргіштің астынан қауіпсіз өтуді үйренеді.<br>Бұл жаттығу балалардың қимыл үйлесімділігі мен секіру жылдамдығын арттырады.<br>**2. "Сызықтан секіру"**<br>Бұл ойын балалардың оң және сол аяқтарын алмастыра отырып, | **Ойынның ережесі:**<br>Балалар әннің мәтініне сәйкес сахналық қойылымды орындап көреді.<br>Әннің сөздері мен әуенін балаларға таныстырып, оларды сахналау үшін өз рөлдерін таңдап алуға шақырамыз.<br>Әннің сөздеріне сай қол қимылдары, дене қозғалыстары және бет-әлпет арқылы эмоцияларды білдіруді үйретеміз.<br>Балалар әнді орындап, сахнада өз эмоцияларын көрсетіп, музыкалық шығармашылықта белсенділік танытады.<br>Бұл ойын балалардың сахналық шеберліктерін және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. | | балалардың өзін-өзі көрсетуін ынталандыру.<br>Міндеті: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>Ойын 1: «Әнмен би билеу»<br>Мақсаты: Балаларға әннің мәтініне сәйкес би қимылдарын орындау арқылы музыкалық сезімталдықты дамыту.<br>Ойынның барысы:<br>Әнді тыңдау:<br>Балалар «Бақытты балалық» әнін тыңдайды. Әннің музыкасының сипатына назар аудару қажет: әуеннің көңілді, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіру дағдыларын дамытады.<br>**Құралдар:** Жерге тартылған сызықтар немесе арқан.<br>**Ойынның ережесі:** Балалар сызықтан немесе арқаннан оң және сол аяғымен секіріп өтулері керек.<br>Тапсырма ретінде әр бала сызық арқылы немесе арқанның үстінен әр аяғын кезек-кезек қойып секіруді орындайды.<br>Бұл ойын балалардың тепе-теңдікті сақтап, әртүрлі секіру қимылдарын дұрыс жасауға дағдыландырады. | | | қуанышты екендігін аңғаруға тырысу.<br>Қимылдарды көрсету: Мұғалім әннің әр бөлігіне сәйкес би қимылдарын көрсетеді. Әр қимыл әннің мәтініне және музыкасына сәйкес келеді. | |
| **Серуенге дайындық** | **«Үнемді тұтыну»**<br>Суды үнемдеу<br>Неге суды үнемдеу маңызды?<br>Су — тіршіліктің негізі. Біз оны үнемдеп пайдалану арқылы табиғатқа көмек көрсетеміз. Сонымен қатар, судың тапшылығы мәселесі бүкіл әлемде маңызды болып тұр.<br>Үнемді су пайдаланудың қарапайым жолдарын апта бойы түсіндіру | **«Үнемді тұтыну»**<br>Құбырларды, крандарды тексеріп отырыңыз. Құбырларда немесе крандарда ағып жатқан су табиғатқа зиян келтіреді. Бұған жол бермей, ағып кеткен суды тез арада жою керек. | **«Үнемді тұтыну»**<br>Шыны немесе стаканмен су ішу. Шүмектен су ішпе | **«Үнемді тұтыну»**<br>Жуыну кезінде суды үнемдеу. Душ қабылдағанда суды ағызып қоймай, қажет мөлшерде ғана пайдалану | **«Үнемді тұтыну»**<br>Су толтырылған ыдыстарды қайта қолдану. Су өсімдіктерді суаруға өте қолайлы, оны да үнемдеп қолдануға болады. |
| **Серуен** | **№ 1 картотекасы.** | **№ 2 серуен картотекасы.** | **№ 3 серуен картотекасы.** | **№ 4 серуен картотекасы:** | **«Қауіпсіздік сабағы»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Бақылау: Ауа райындағы өзгерістерді бақылау,** қарды бақылау.<br>Еңбек: Ауласыпырушының еңбегін бақылау, оларға көмектесу.<br>Жеке жұмыс: Жұрттың бәрі оны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді.<br>Қимылды ойын: «Алдар көсе»<br>Мақсаты: Ойын арқылы ұлттық сана – сезімін қалыптастыру.<br>Өзіндік іс – әрекет: Ауласыпырушыға қолдарынан келгенше көмектесу. | **Бақылау: Ауа райындағы өзгерістерді бақылау, қарды бақылау.**<br>Еңбек: Ауласыпырушының еңбегін бақылау, оларға көмектесу.<br>Жеке жұмыс: Жұрттың бәрі оны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді.<br>Қимылды ойын: «Алдар көсе»<br>Мақсаты: Ойын арқылы ұлттық сана – сезімін қалыптастыру. Өзіндік іс – әрекет: Ауласыпырушыға қолдарынан келгенше көмектесу. | **Бақылау: Жауған қарды алақандарына салып бақылау (түсі, пішіні, қатты, жұмсақ**)<br>Еңбек: Ауласыпырушының еңбегіне араласу, сыпыруға көмектесу.<br>Жеке жұмыс: Санамақтар айту.<br>Жаттау жаттату:<br>Аппақ көше, бар дала<br>Аппақ ой мен қыраттар<br>Ақ шатырлы қар қала<br>Ақ жамылып тұр бақтар<br>Қимылды ойын: «Күн мен түн», шана тебу<br>Өзіндік іс – әрекет: Балаларды шапшаңдыққа баулу | **Бақылау: Қыстап қалған құстарды бақылау**<br>(қара қарға, сауысқан, торғай, ұзақ қарға, көгершін)<br>Еңбек: Құстарға жем шашу, қамқорлыққа алу.<br>Жеке жұмыс:<br>Тікен – тікен тік пісте<br>Қысы – жазы бір түсте<br>(Шырша)<br>Қимылды ойын: «Аю мен құлпынай», «Өз үйіңді тап»<br>Өзіндік іс – әрекет: Балаларды зейінді болуға үйрету. | № 6 САБАҚ. «ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР»<br>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды үйдегі қауіпті<br>заттарды тануға және жазатайым оқиғалар мен улануды болдырмау үшін дұрыс<br>әрекет етуге үйрету.<br>Міндеттері:<br>Балаларды үйдегі әртүрлі қауіпті заттармен (дәрілер, тұрмыстық химия, газ баллондары) таныстыру.<br>Балаларға бұл заттардың неге қауіпті екенін және тәртіпсіздіктің салдары<br>қандай болатынын түсіндіру.<br>Балаларды қауіпті заттардыңжанында қауіпсіздік ережелеріне үйрету.<br>Материалдармен ресурстар:<br>Қауіпті заттардың суреттері немесе иллюстрациялары (дәрілер, тұрмыстық<br>химия, газ баллондары).<br>Әртүрліжағдайлар бейнеленген карточкалар.<br>Ұйымдастырылғаніс-әрекет:<br>Балаларды қарсы алу.<br>Педагог балаларды қарсы алып, бүгін олар үйде қандай заттар қауіпті болуы<br>мүмкін екенін және олардыңжанында қалай дұрыс әрекет ету керектігін түсіндіру.<br>Үйде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Үйдегі қауіпті заттар туралы әңгіме:<br>Дәрі-дәрмектер:<br>Дәрі-дәрмектерді тек ересектердің нұсқауымен қабылдау керек екенін түсіндіру.<br>Дәрілерді ешқашан өздігінен алмау және тіпті олар кәмпитке ұқсаса дадәмін көрмеу.<br>Тұрмыстық химия:<br>Жуу құралдары, ағартқыштар, тазалау құралдары және басқа тұрмыстық химикаттар өте қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру.<br>Ешқашан тұрмыстық химияны ересек адамдарсыз ашып, қолданбау.<br>Газ баллондары:<br>Газ баллондары (мысалы, аэрозольдер) дұрыс қолданылмаса, қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру.<br>Баллондармен ойнамау және оларды әсіресе жабық орындардашашпау.<br>Сюжеттік-рольдік ойындар:<br>Балаларды топтарға бөліп, қуыршақтар немесе ойыншықтар тарату.<br>Жағдайларды сахналау: бала дәрілерді, тұрмыстық химияны немесе газ баллонын тауып алады.<br>Әр жағдайдағы тәртіп, қауіпсіздік ережесін талқылау.<br>Ережелерді қайталау: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен алған әсерімен бөлісу. | Ретімен шешіну. Отбасы туралы мақалдарды жаттау | Серуен туралы эмоционалды жауап (Не көбірек есте қалды?) | Киім заттары туралы жұмбақтарды шешу. | Серуеннен алған әсерімен бөлісу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Айсұлтан Ғ,Қ дыбыстарымен жұмыс | Томирис<br>Дыбыстармен жұмыс | Асылым<br>Апта күндері туралы түсінік беру | Бейбарыс<br>Жыл мезгілдері туралы түсінік беру | Диас<br>1-10ға дейінгі сандармен жұмыс |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)*** | **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>«Түлкі мен қоян»<br>Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен ептілікке үйрету. Құралдар: Жердегі сызық немесе белгіленген орын. Ережелер:<br>• Балалар екі топқа бөлінеді: біреуі түлкі, екіншісі қоян болады.<br>• Түлкі мен қоян белгіленген сызық бойында жүреді. Түлкі қоянды қуып жетіп, ұстап алуы керек.<br>• Қоян түлкіден қашып, өз сызығынан өтіп кетпеуі керек. Ойын сынып ішінде орындалады. | **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** «Қазақша күрес»<br>Мақсаты: Балалардың денесін шынықтырып, күш-жігерін арттыру.<br>Құралдар: Жұмсақ кілем немесе кішігірім төсеніш. Ережелер:<br>• Балалар жұпқа бөлініп, бір-бірімен «қазақша күрес» ойнайды. Ойынның мақсаты — қарсыласты төселген кілемге немесе жерге құлату.<br>• Балалар бір-біріне ешқандай жарақат келтірмей, тек жеңіл әрі қауіпсіз қозғалыстар жасайды. | **Түс өзгерту эксперименті (Түстердің әсері)**<br>Мақсаты: Түстердің әсерін зерттеу.<br>Құралдар:<br>• Ақ қағаз<br>• Түрлі түсті су (пластик бөтелкелермен немесе шыны ыдыстармен)<br>• Сұйық бояу немесе түсті сұйықтықтар<br>Жаттығу:<br>1. Балаларға бірнеше сұйық түсті (қызыл, көк, жасыл, сары) сұйықтықтарды көрсету.<br>2. Әр түрлі түстердің суы әртүрлі сипаттарға ие екенін айту (мысалы, қызыл су жылу сияқты, көк су салқын сияқты).<br>3. Балаларға әртүрлі түстерді араластырып көріп, қандай түстер шығады екендігін бақылауға мүмкіндік беру. | **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>«Арқан тартыс»<br>(Сынып ішінде)<br>Мақсаты: Балалардың күшін тексеріп, командалық рухты дамыту. Құралдар: Ұзын арқан немесе жіп. Ережелер:<br>• Балалар екі топқа бөлінеді.<br>• Топтар өздері тартып тұрған арқанның белгілеген сызықтан өтуіне жол бермей, қарсыластарын сызықтың арғы жағына тартуы керек.<br>• Балалар сыныптың ішінде қауіпсіз түрде орын ауыстыра алады. | **Құмдағы іздер эксперименті**<br>Мақсаты: Құмның қасиеттерін зерттеу, іздер қалдыруды үйрету.<br>Құралдар:<br>• Таза құм<br>• Жұмсақ қылқалам немесе таяқша<br>Жаттығу:<br>1. Балалар құмға әртүрлі құралдармен іздер қалдырып көреді (қолмен, таяқшамен, қылқаламмен).<br>2. Қандай іздер басқалардан ерекше екендігін бақылау (жіңішке немесе кең, терең немесе жеңіл).<br>3. Балаларға құмның бетінде әртүрлі іздер қалдырудың нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік беру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **«Өнегелі 15 минут»**<br>Отбасында қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес | **«Өнегелі 15 минут»**<br>Мектпете қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес | **«Өнегелі 15 минут»**<br>Отбасында қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес | **«Өнегелі 15 минут»**<br>Мектпете қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес | **«Өнегелі 15 минут»**<br>Келген балалардың ата-аналарымен үй режимін сақтау туралы әңгімелесу |

Тәрбиеші: Мендибаева А.С.
Психолог: Камалиева А.Т.

**КЕЛІСЕМІН:**
Оқу ісінің меңгерушісі
Абсатова Д.А. ____________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тірек мектебі (РО)» КММ
**Мектепалды «Айгөлек» сыныбы**
**Балалардың жасы:** 5 жас
Қандай кезеңге жасалды : 09 -13 желтоқсан .2024-2025 оқу жылы

**Желтоқсан** – «Бірлік және ынтымақ» айы
**Апта дәйексөздері:«Ынтымақ жүрген жерде ырыс жүреді»**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 09.12** | **Сейсенбі 10.12** | **Сәрсенбі 11.12** | **Бейсенбі 12.12** | **Жұма 13.12** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. **Күй күмбірі «Сарыарқа»** | Смайликпен қарсы алу **Күй күмбірі «Сарыарқа»** | Қоян ойыншығымен қарсы алу **Күй күмбірі «Сарыарқа»** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу **Күй күмбірі «Сарыарқа»** | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. **Күй күмбірі «Сарыарқа»** |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | Балалардың көңіл-күйі ,денсаулығы жайлы әңгімелесу | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Отбасында қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес | Ауа-райының өзгеруіне байланысты қаауіпсіздік ережелерін сақтау туралы кеңес беру | Балалардың ата-аналарымен үй режимін сақтау туралы әңгімелесу |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары) | Үстел үсті ойыны: Тақырыбы: «Жоғалған зат» Мақсаты:Балаларды байқампаздыққа,тапқырлыққа баулу Шарты:Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады.Балалар мұқият қарап алады,сосын көздерін жұмады,бір затты алып | Үстел үсті ойыны " Мозаика" "Пазл". Мақсаты: Балаларға берілген сүреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу. Шарты:Ұлттық оюлардан пазл құрау**(сөйлеуді дамыту-ойын,** | Үстел үсті ойыны. Тақырыбы:Түсін тап. Мақсаты:Түстер туралы түсініктерін арттыру,ойлау қабілеттерін арттыру. Шарты: Суреттерді түстері мен пішініне сәйкестендіру **(математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық және** | Үстел үсті ойыны «Таяқшалар» Мақсаты:Ойлау,құрастыру қабілеттерін дамыту Шарты:Санау таяқшалар арқылы түрлі заттардың бейнесін құрастыру **математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық және** | Үстел –үсті ойыны «Фасоль» Мақсаты:Зейіндерін тұрақтандыру,жылдамдықтарын арттыру Шарты:Түрлі сызықтардың бойына фасоль дәнін тізіп шығу **(сөйлеуді дамыту-ойын,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тастайды,не зат екенін балалар айтады **(танымдық және коммуникативті іс-әрекет)** | **коммуникативті іс-әрекет)** **Біртұтас тәрбие** | **коммуникативтік қызмет** | **коммуникативтік қызмет)** | **коммуникативті іс-әрекет)** |
| **Таңертеңгілік** жаттығу | **Картотека №6** **І**. Бір саппен тұру және жүгіру. Тәрбиешінің дабылы бойынша тоқтау. Әр жануарлардың қимылдарын жасау. **ІІ**. 1.Б.қ. Тік тұру, қол белде. Қол желкеде, оң аяқты артқа аяқ ұшымен қою. Орнына келу. Сол аяқпен қайталау. 6 – 7 рет. 2. Б.қ. Аяқ алшақ, қол белде. Оңға бұрылу, оң қолды жанға созу. Орнына келу, сол жаққа келу. 6 рет 3. Б.қ. Тізеге тұру, қол екі жанда. Оң аяқпен алға қою, пружинше қозғалу. Орнына келу, сол аяқпен қайталау. 5 – 6 рет. 4. Б.қ. Тізеге тұру, қол белде. Бір, екі оң жақ жанбасқа отыру, қолды алға созу. Үш, төрт орнына келу. Сол жаққа қайталау.6 рет | **Картотека №7** **І.**Сапты екі – екіден жүру. Денені тік ұстау. Тәрбиешінің белгісі бойынша бір аяқты жоғары көтеріп тұру. «Қоян» дегенде,қос аяқтап алға секіру. Жүгіру, үш топқа тұру. **ІІ.1.** Б.қ. Аяқ алшақ, жіп оң қолда. 1 – қолды екі жаққа созу. 2 – қол алға, кубикті сол қолға ауыстыру. 3 – қолды екі жаққа созу. 4 – орнына келу. 4 – 5 рет. **2.** Б.қ.Аяқ алшақ, жіп оң қолда.1–алға еңкею, жіп аяқ арасына қою. 2 – орнына келу,қол белде, 3-алға еңкейіп жіп сол қолмен алу, 4 – орнына келу. 5 – 6 рет **3.** Б.қ. Жіп екі қолға жоғары көтеріп, оң жаққа қисаю, сол жаққа ауысып қисаю. **4.** Б.қ. еденге отырып екі қолға жоғары көтеріп | **Картотека №8** **І**. Бір саппен тұру және жүгіру. Тәрбиешінің дабылы бойынша тоқтау. Әр жануарлардың қимылдарын жасау. **ІІ.**1.Б.қ. н.т. 1 – қол алда, қол жоғары, 3–қол жанда 4–б.қ. 4-5рет 2.Б.қ. н.т. 1-4 екі қолды айналдыру алға, 5-8 артқа айналдыру. 3.Б.қ Аяқ иық деңейінде 1-оң қолды сол аяққа тигізу. 2-б.қ. 3-сол қолды оң аяққа тигізу. 4 – б.қ. 4 – 5 рет 4.Б.қ. Аяқ иық деңгейінде, қол белде, 1 – оңға бұрылу, оң қол жанда. 2 – б.қ. 3 – 4 сол қолмен. 4 – 5 рет 5.Б.қ. Аяқ иық деңгейінде, қол белде. 1-оң жаққа бұрылу. 2-б.қ. | **Картотека №9** **І.**Сапқа тұру, саппен жүру. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, қолды белге қойып өкшемен жүру. Үш топқа бөліну. **ІІ.** «Допты бастан жоғары көтеру» Б.қ. Аяқты алшақ қойып, қолды төмен түсіру. 1. Допты алға созу. 2. жоғары көтеру. 3.алға созу. 4.б.қ. 2. «Екі жаққа иілу» Б.қ. Доп қолда, төменде ұстау. Оң, сол жаққа қарай иілу. Б.қ. 4 – 5 рет. 3. «Алға иілу» Б.қ. Еденге отырып аяқтың арасын сәл ашу, доп қолда. Алға еңкейіп допты кезек оң және сол аяққа тигізу. Бқ.4-5рет. 4. «Отырып тұру» 1.Б.қ. Доп қолда, қолды алдыға созып отыру 2 Б.қ. Тұру. 4-5 рет. | **Картотека №10** **І.**Сапқа тұру,саппен жүру.Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру,қолды белге қойып өкшемен жүру. Үш топқа бөліну. **ІІ**.1.Б.қ. Қолды желкемізге ұстап басты оңға, солға бұру. 2.Б.қ Н.т. қол алда, кеуде тұсында 1-2 қолды артқа қарай сермеу, 3-4 қолды созып сермеу. 4 – 5 рет 3.Б.қ Аяқ иық деңгейінде, қол белде 1 – қолды жоғары көтеру, 2 – еңкею, аяқ ұшын ұстау. 5 – 6 рет 4.Б.қ. Қол белде 1 – оң қолды бастан асырып сермеу, еңкею 2 – б.қ. 3-сол қолмен 5 – 6 рет 5.Б.қ. Аяқ бірге, қол жанда.1-оң тізені көтеру, екі қолмен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Б.қ.Тік тұру, қол екі жанда, қос аяқтап,қайшылап секіру.4–5 рет<br>**ІІІ.** Жәй жүріп аузын ашып демалып, мұрынмен шығару. | алға еңкейіп, қайтадан б.қ келу. 4 – 5 рет.<br>**5.** Б.қ. Жіпті жерге қойып алға,артқа секіру. 5 – 6 рет<br>**ІІІ.** Жәй жүріс демалу жаттығулары. | 3 – сол жаққа бұрылу. 4 – б.қ. 5 – 6 рет.<br>6.Б.қ. Қол белде 1 – секіріп аяқты екі жанға созу. 2 – б.қ.<br>**ІІІ**.Саппен жүру тыныс алу жаттығулары. Гүл иіскеу | 5. «Аяғынды шынықтыр» Б.қ. Еденге арқамен жату, допты аяқтың ортасына қысып ұстау.<br>1.Аяқты еденнен көтеру.2 Б.қ.6 рет.<br>**ІІІ**.Саппен жүру тыныс алу жаттығулары<br>Қаз ысылдайды ыс-ыс-ыс | құшақтау, кеудеге тақау, арқаны тіке ұстау. 4-5рет<br>6.Б.қ. Қол белде, аяқ бірге 1 – секіріп аяқты жанға сермеу.<br>2-б.қ. 6-рет.<br>**ІІІ**.Саппен жүру,терең демалып жүру<br>Үлкен болып өсеміз<br>Уф-уф-уф |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | Жылулық сәті:<br>Қайырлы таң, көк аспан,<br>Қайырлы таң, жер Ана!<br>Қайырлы таң достарым!<br>Сәлем, сәлем, сәлем! | Жылулық сәті:<br>Жарқырап күнде ашылды,<br>Айналаға нұр шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз,<br>Қайырлы күн!<br>Сәлемдесіп аламыз. | Жылулық сәті:<br>Сүйеміз барлық әлемді,<br>Әлемдегі бар елді.<br>Бақыттымыз осы біз,<br>Қасымызда досымыз. | Жылулық сәті:<br>Адамдарға кешіріммен қарайтын,<br>Жан жылуы жылулықпен тарайтын.<br>Кішіпейіл бала болғым келеді,<br>Айналасын нұрлы күнге балайтын. | Жылулық сәті:<br>Сүйеміз барлық әлемді,<br>Әлемдегі бар елді.<br>Бақыттымыз осы біз,<br>Қасымызда досымыз. |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | **<u>Математика негіздері</u>**<br>**Міндеті:** Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау.<br>**Жұмбақ**<br>Күн шығады аспанға,<br>Қораз белгі береді.<br>Бөбектер тұрып ұйқыдан, Бала-бақшаға олар келеді.(Таң) | **<u>Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>**«Дыбысты балға»дидактикалық жаттығуы**<br>– Мен сендерге дауыссыз, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер айтамын, сендер дауыссыз дыбыстан | **<u>Математика негіздері</u>**<br>**Міндеті:** Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау.<br>**Тәулік бөліктері»** карточка жиынтығын таратады және карточкаларды тапсырма бойынша таңдап алуды | **<u>Математика негіздері</u>**<br>**Міндеті:**<br>Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.<br>Педагог өлеңді тыңдауды ұсынады.<br>**Апта күндері**<br>Дүйсенбіде доп ойнадық алаңда,<br>Сейсенбіде серуен құрдық далада,<br>Сәрсенбіде сурет | **<u>Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.<br>**«Бөлшектерінен тап» ойыны**<br>1.Көз,ауыз,желбезек–...(балық)<br>2.Бас,қанат,аяқ –... (құс) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күн шуағын төгеді,<br>Жап-жарық боп айнала.<br>Серуенде жүреді,<br>Ойнап-күліп бар бала.(Күндіз)<br>Шуақ шашқан Күніміз,<br>Көкжикке батады, Үйге кіріп балалар<br>Кешкі ас жеп жатады.(Кеш)<br>Көкте жұлдыз жанады,<br>Өзен суы сылдырар.<br>Аспанға алтын Ай шығып Терезеден қарады. (Түн)<br>**1-тапсырма.**Тәулік бөліктерін ата.Балалар таңертең,күндіз,кешке,түнде не істейді?<br>Тәулік бөліктерін және осы уақытта балалардың орындайтын іс-әрекетін сызып қос.<br>**2-тапсырма.**Әр қатардан артық суретті тап.Өз қалауыңды түсіндір.Белгіле.<br>**3-тапсырма.**<br>Торкөздерді сана. Фигураларды қарындаштардың түсіне сәйкес боя.<br>**<u>Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Міндеті:** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты | басталатын сөз естісеңдер,партаны бір рет жұдырықтарыңмен ұрасыңдар,ал дауысты дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, бір рет шапалақ ұрасыңдар.<br>Мысалы:парта,ферма,алқа,бидон,вагон,кітап,алша, Камшат,гүл,ғалым,асық,қайшы, доп,орындық,тарақ, сағат, ожау, жұлдыз, зәкір, хат, циркуль, щетка, дәрі,т.б.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>1.Суреттерді ата,буынға бөл.Өз буыны сәйкес келетін тиісті сызбамен сәйкестендір.<br>2.Р дыбысы бар заттарды қорша.<br>3.Жануарларды ата.Сөздерді буынға бөл,неше буыннан тұратынын айт.Дыбыстық талдау жаса.<br>**«Не артық?» дидактикалық ойыны**<br>Педагог бір топқа жататын сөздерді тез-тез бір бөгде сөзді қоса айтады. Балалар сол артық сөзді табуы керек.<br>Мысалы:нан, шай,май, | ұсынады. Педагог: «түн» дейді, балалар тиісті суретті көрсетеді. Соңында балалар карточкаларды реттеп, өз жүйесін сақтап орналастырады: таңертең – күндіз – кеш – түн.<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Бұл қай мезгілде болады? Тәулік бөліктерін көрсететін суретпен баланың осы уақыттағы іс-әрекетін сызып қос.Педагог тәулік бөліктерін атауды сұрайды. Бала тәуліктің осы мезгілінде не істейтінін, суреттерді таңдау арқылы айтып береді, сызып қосады.<br>**2-тапсырма.**Суреттен күндізгі,кешкі және түнгі мезгілдерді тап.Жұбымен сызып қос.Күндіз бен түнгі мезгілді боя.<br>3**тапсырма.**Көрсетілген түспен штрихта.<br>**<u>Көркем әдебиет</u>**<br>**Міндеті:**<br>Әңгімелесушіні | салдық сәндетіп, Бейсенбіде би биледік әндетіп, Жұма күні жидек тердік ағаштан, Сенбі күні кино көрдік театрдан, Жексенбіде үйде болдық демалдық. Осылайша өте шықты бір апта.<br>-Өлең не туралы?<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.**Суреттерге қара. Аптаның әр күні қыздың немен айналысқанын айтып бер.Балалар аптаның әр күні бойынша қыздың әрекеттеріт уралы айтады.<br>2+**тапсырма.**Апта күндерін ата.Оларды үйлерге орналастыр.Үйлердің нөмірін бастырып сыз.<br>**3-тапсырма.**Аптаның әр күнін кемпір қосақтың түсімен боя.<br>Кемпірқосақта неше түс бар?<br>**«Аптаның келесі күнін ата»дидактикалық ойыны (**доппен ойналады**).**<br>Бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды.<br>Екінші бала допты | 3.Құлақ, көз, жал – ...(жылқы)<br>4.Бас,мүйіз,сақал–...(ешкі)<br>**Сызбамен жұмыс**<br>Сөйлемдегі сөздерді тіктөртбұрыштармен белгілейміз. Әр сөздің арасына арақашықтық қалдырамыз.<br>Сөйлемнің сызбасының басындағы тіктөртбұрыштың бірінші сызығы биігірек болады.<br>Педагог тақтаға сызып көрсетеді. Сөйлемде қанша сөз болса, сонша тіктөртбұрыштың арасына бірдей арақашықтық қалдырылады.<br>Соңынан нүкте қойылады.<br>**«Сөйлемді толықтыр»дидактикалық ойыны**<br>Ойын шарты:балалар педагогтің бастаған сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек.<br>Бәрін жасап қоятын (ол кім?) – (пысық).<br>Тышқанның жауы–(мысық).<br>Әжем иірді – (ұршық). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>-Балалар бүгінгі іс-әрекетіміз ерекше болады. Алдымызда Тәуелсіздік күні мерекесі жақындап келеді.<br>-Біздің еліміз қалай аталады?<br>-Қазақстан Республикасының президенті кім?<br>-Қазақстан Республикасының рәміздерін ата.<br>Мемлекеттік Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков<br>Елтаңбаның авторлары: Жандарбек Мәлібеков, Шота Уәлиханов.<br>Еліміздің мемлекеттік гимні – «Менің Қазақстаным» әні.<br>Авторлары: Нұрсұлтан Назарбаев, Жұмекен Нәжімеденов, Шәмші Қалдаяқов.<br>Рәміздердерді қандай жерлерге іледі? | тай – ... (тай)<br>Қызыл,жасыл,ақ,тақ,көк–...(тақ) Алма, шие, бөрік, өрік – ... (бөрік) Екі, үш, төрт, бес, кес – ... (кес)<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**(графикалық жұмыс)<br>1.Нүктелерді үзбей бастыр.<br>2.Үзік сызықтарды бастыр.<br>**<u>Қоршаған ортамен таныстыру</u>**<br>**Міндеті:** Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.<br>Гүлдердің ертемен<br>Қауызын ашқанын,<br>Көктемнің мөп-мөлдір аспанын,<br>Таулардың қол жетпес асқарын.<br>-Отанымыз белгілеріне, яғни мемлекеттік рәміздерге не жатады?<br>-Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Гимн.<br>-Рәміздер – сол елді айқындайтын белгілер.<br>Жалау<br>Желбірейді шалықта<br>Қазақстан жалауы.<br>Көкке қыран қалықтап<br>Қанат қағып барады. | тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>-Қазақстан қандай мемлекет?<br>-Қазақстанның бас қаласы қалай аталады?<br>-Астананың көрікті жерлерін ата.<br>-Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның басқаласы–Астана Сарыарқа даласында,Есілдің жағасында орналасқан(картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз.<br>16желтоқсан–Тәуелсіздік күні.Өткенді еске алып,батырларымызға тағзым етеміз. Тәуелсіздік монументіне гүл шоғын қоямыз.<br>Бүгін Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік»атты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – | ұстап, аптаның келесі күнін атауы қажет.<br>**<u>Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Міндеті:** Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану<br>**Ойын жағдаяты**<br>Балалар, мен бүгін аязды көрдім. «Қыс мезгілі келгеніне балалар қуанды ма?» – деп сұрады ол менен. Мен: «Әрине, қуанды», – дедім. Балалар, сендер шын қуандыңдар ма?<br>-Аяз: «Ендеше мына күміс қоңырауды балаларға бер, қоңырауды | Шәуілдеп үрді–(күшік).<br>Ең қу аң – (түлкі).<br>Үсті ине– (кірпі).<br>Қол жуғышта ілулі–(сүлгі).<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>1.Сызбаны сурет бойынша түсіндір.Сөйлеммен сөздің сызбасын анықта.Сызбаға байланысты сөйлем құра.<br>2.Әр топтағы заттарды бір сөзбен ата.Заттардың жалпы атын қатыстырып,сөйлем құра. Сызбасын сыз.<br>3.Дыбыстық талдау жаса.<br>4.Нүктелерді бастыр.<br>5.Үзік сызықтарды бастыр<br>**<u>Көркем әдебиет</u>**<br>**Міндеті:** Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>-Қазақстан Республикасының бас қаласын ата.<br>-Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Балалар қай жерлерде Қазақстанның.<br>-Елордамыз қай қала?<br>Мақал-мәтелмен таныстыру, мағынасын түсіндіру.<br><br>Отан үшін отқа түс – күймейсің.<br>Тәуелсіз елдің ұлы – өжет,Қызы қайратты, халқы қаһарман болады.<br>**Тәуелсіздік**<br>Арқау болып өлеңге,<br>Мереке күн атанған<br>Тәуелсіздік деген не? –<br>Деп сұрадым атамнан.<br>Атам айтты:<br>Ұмытпа,Тәуелсіздік – елдігің! Мағынасын шын ұқ та,<br>Мақтаныш ет сен бүгін!<br>Зор бақытты халқыма<br>Тәуелсіздік әкелген.<br>Даңқ қосып даңқына,<br>Мәртебесін көтерген...<br>Бұл мереке шынымен<br>Толқытады көңілді.<br>Тәуелсіздік күнімен<br>Құттықтаймын елімді!(Б. Мәжитов)<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>Суретке қарап, еліміздің мемлекеттік рәміздері туралы әңгімеле. Біздің | Көк аспанда нұрлы<br>Күн күлімдейді далама.<br>Бақыт тілеп тұр бүгін<br>Ол барлық пәк балаға.<br>Ұлттық өрнек мұрамыз<br>Адастырмас мұраттай.<br>Нық көтеріп тұрамыз<br>Жалауды біз құлатпай!<br>**ЕЛТАҢБА**<br>Бейнелеп сан ғасырды<br>Елтаңбасы елімнің,<br>Таратады хас үлгі<br>Киесіндей жерімнің.<br>Бабам тұлпар жаратты,<br>Құлынында танып-ақ.<br>Тұлпар барда қанатты,<br>Шайқалмайды шаңырақ.<br>Тәуелсіздік көркі ол да<br>Өркениет өрінде.<br>Нұр төгеді елтаңба<br>Ақ орданың төрінде.<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс.<br>1.Еліміздің мемлекеттік рәміздер туралы не білесің?<br>2.Мемлекеттік рәміздердегі суреттерді тауып белгіле. Бұл суреттерді қай мемлекеттікрәмізден көрдің?<br>3.Басқа елдердің елтаңбаларымен таныс.<br>Қазақстан Республикасының | болған оқиғаның желісі бойынша жазылады.<br>**Тәуелсіздігіміз мәңгілік**(әңгіме)<br>Менің Отаным– Қазақстан.Бұл– тәуелсіз,егемен мемлекет.16желтоқсан күні еліміздің тәуелсіздігі тойланады. Бұл халқымыз үшін ең басты әрі құнды мереке.<br>Тәуелсіздік–халықтың мерекесі,ұлттың тілі мен діні.Әрине,бұған дейін ата-бабаларымыз елі үшін,жері үшін,ұрпағы үшінт алай қиындықтарды бастан өткізгені тарихтан белгілі.Қазақ халқы бұлк үнді,бұл мерекен іжүрегімен сезінуі керек.Сондықтан біз тәуелсіздігімізді жоғалтпай, қадірлеп, қастерлеп, мемлекетіміздің гүлденуіне үлес қосуымыз керек.<br>(Әлия Дәулеткелді)<br>**Сөздік жұмысы: еркіндік–ешкімге** | сылдырлатып, қыстың келгеніне қалай қуанғандарын білдірсін. Қысқы мерекелерді, ойын түрлерін айтып, қоңырауды сылдырлатсын. Мен терезеден қарап тұрамын, әйтпесеқатты боран соғып, аяз қысады», – деді.Кәне, балалар, аяздың айтқанын орындаймыз ба? Орындамасақ, аязды ашуландырып алармыз.<br>-Өте жақсы, балалар. Қыстың келгеніне қатты қуанғандарыңды аяз да көріп, ризаболып қалған шығар.<br>-Балалар, бүгін ақын Абай Құнанбайұлының шығармаларымен танысамыз. Абай Құнанбайұлы – ұлы ақын. Жылдың төрт мезгіліне арнап "Жазғытұрым","Жаз", "Күз", "Қыс" өлеңдерін жазған. Біз бүгін қыс мезгіліне арналған "Қыс"өлеңімен танысамыз.<br>Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды.<br>**Қыс** | Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері– Туы,Елтаңбасы,Гимні бар<br>**«Тәуелсіздік»өлеңі**<br>Өзіндікі елің де,<br>Өзіндікі жерің де.<br>Өзіңді өзің еткен бақ,<br>Тәуелсіздік төрінде.<br>Өзіндікі туың да,<br>От пен ауа,суыңда.<br>Жаса,Қазақстаным,<br>Белд і бекем буын да.<br>.(Иран-Ғайып)<br>Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды.<br>Балаларға өлеңді жатқа айтқызып қайталату<br><br>**Дидактикалық ойын:«Жалғасын тап»**(баланың ойлау қабілетін дамыту)<br>Шарты: педагог сөздің басын айтады, балалар жалғастырады.<br>Менің елім... .<br>Менің туған жерім...<br>Менің Отаным т.б<br><br>**<u>Қоршаған ортамен таныстыру</u>** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басты құндылығымыз – тәуелсіздігіміз, сол үшін бүгінгі жас ұрпақ, тәуелсіздігімізді ардақ тұтып, қадірлей білгені абзал.<br>**<u>Қазақ тілі</u>**<br>**Міндеті:** Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>Менің Отаным<br>Әйнегі – күн,<br>Шатыры – аспан,<br>Кең далам асқақ.<br>Төсі толған егін,<br>Көлдері күміс шашқан,<br>Қазақстан Республикам менің!<br>"Туған өлкем " тақырыбында әңгіме құрату<br>Мақал-мәтел жаттау<br>Алтын ұяң<br>— **Отан** қымбат,<br>Құт-берекең — атаң қымбат,<br>Аймалайтын — анаң қымбат,<br>Асқар тауың — әкең қымбат | МемлекеттікЕлтаңбасын тап. Белгіле.<br>4.Мемлекеттік Гимнді айтып тұрғанда қандай ережені сақтау керек?<br>**<u>Шығармашылық іс-әрекет</u>**<br>**<u>Құрастыру</u>**<br>**Міндеті:**<br>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту<br>Топтық жұмыс<br>**<u>Музыка</u>**<br>**Міндеті:** Ән айтуда дауыс пен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Туған ел» (Л. Хамиди)<br>**Ән айту:**<br>«Қазақстан»әні:С.Мұхамеджанов,сөзі Ғ.Жұмабаев<br>«Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Жаса, Қазақстан» (үнтаспада)<br>«Көңілді балалар» литва | **тәуелдіе мес,еркін ел теңге – біздің ұлттық төл ақшамыз Сұрақ-жауап:**<br>-Әңгіме қалай аталады?Авторы кім?Әңгімене туралы?<br>-Тәуелсіздік күні қандай мереке?<br>-Қазақстан халқы бұл мерекені қалай тойлайды?<br>-Тәуелсіздік мерекесін сен қалай сезінесің?<br>**Дидактикалық ойын:«Кім жылдам?»**(баланың ойлау қабілетін дамыту) Шарты: мақалдың басын педагог айтады, балалар жалғастырады<br>Туған жерге туыңды....т(тік)<br>Батыр туса ел ырысы,жаңбыр жауса....(жер ырысы)<br>**<u>Сауат ашу негіздері</u>**<br>Сөйлем<br>**Мақсаты:** Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету. | Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды.<br>**Сөздік жұмысы: мылқау – сөйлемейді, естімейдіБалаларға сұрақ қояды.**<br>-Өлеңді оқығанда көз алдарыңа кімді елестеттіңдер?<br>(Ақын қысты ашулы, қаһарлы қария адамға теңеп отыр)<br>-Қалай ойлайсың, карияны Абай атамыз не үшін ашулы, соқыр, мылқау түрінде бейнелеген?<br>-Қыс мезгіліне қай кезде дайындалуымыз керек?<br>-Қыстың қаһарына ұшырамас үшін адамдар не істейді?<br>-Ауыл адамдары малдарын қысқа қалай дайындайды?<br>Бүгін **м, н** дыбыстарымен танысамыз. Бұл екеуі де дауыссыз дыбыстар.<br>М дыбысының дұрыс артикуляциясы: | **Міндеті:** Балаларды адамгершілік құндылықтарға,өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу<br>Сюжетті ойын: «Дүкенші»<br>Мақсаты:Дүкенші ойынын ойнау арқылы әдептілік сақтауды үйрету<br>Шарты:Дүкеншімен өзара байланыс кезінде әдепті сөздерді іс-әрекеттерді көрсету<br>«Әдептілік ережесін құра» ойын-жаттығуы<br>Мақсаты:Әдептілік ережесін құрау арқылы әдепті болуға тәрбиелеу<br>Шарты:Балалар бойында болу керек әдеп пен тәптіп түрлерін атату<br>**<u>Дене шынықтыру</u>**<br>**Міндеті:** Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бұлбұл гүлзарын сүйеді,<br>Адал адам **Отан**ын сүйеді.<br>**<u>Дене шынықтыру</u>**<br>**Міндеті:** Лақтыру,қағыпалу,домалату:допты жоғары,жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бірқатарға қойылған заттардың арасымен домалату,допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу;<br>«Допты еденге соқ». Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды.<br>Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып | халық әуені<br>(өңдеген Т. Ломова)<br>**Билер:** «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**«**Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:** «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Илигай» қ.х.ә. (өнд. Б. Дәлденбай) | **Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.<br>«Кері әрекетті айт»ойыны<br>1.Асан кірді,анам...(шықты)<br>2.Анам құйды,Марат...(төкті)<br>3.Айгүл жинады, Айсұлу...(шашты)<br>3.Әкем келді,ағам...(кетті)<br>4Атам ашты,әжем...(жапты)<br>**«Кім шапшаң сөйлем құрайды?»дидактикалық ойыны**<br>Педагог суреттер көрсетеді(көбелек,көлік,тарақ,кітап,қоянт.б.). Балалар суретке байланысты 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>1.Суреттерде кімдер бейнеленген?Балалар не істеді?Сөйлем құра. | ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылышығуынан жасалады.<br>**М** дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау.ма-ма-ма – қыс деген бұл шал ма?Ма-ма-ма – апорт тәтті алма.<br><br>**Н дыбысының дұрыс артикуляциясы:** ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді.<br>**Н** дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. **Н** дыбысы кездесетін сөздергемысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады.<br>**<u>Қазақ тілі</u>**<br>Тәуелсіздік –Төрімде!<br>**Мақсаты:** Тәуелсіздік мерекесінің маңызын түсіндіру<br>**Міндеті:** Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына | факторлар туралы түсініктерді кеңейту.<br>**«Секір-секір» (татар халқының ойыны)** (4 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>**«Орамалды шығар»** (Дағыстан халқының ойыны)<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады. Араларына сызық сызылады. Әр баланың артында – |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды.<br>Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет | | 2.Суреттерге қара.Сұрақтарға бір сөйлеммен жауап бер.<br>3.Суретті жалғастырып сал.<br>4.Бастыр.<br>5.Үзік сызықтарды бастыр.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Лақтыру<br>**Мақсаты:**<br>Лақтыру,қағыпалу,домалату қабілеттерін дамыту<br>**Міндеті:**<br>Лақтыру,қағып алу,домалату:допты жоғары,жіптің үстінен лақтыру жән еекі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бірқатарға қойылған заттардың арасымен домалату,допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу;<br>«Допты еденге соқ».<br>Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды.<br>Төрт тізбекке тұрады: | қолдау көрсету, ынталандыру.<br>-Балалар қазір жылдың қай мезгілі<br>-Қазақстан Республикасының президенті кім?<br>-Дұрыс айтасыңдар. Енді мына суреттер не көріп тұрысыңдар?<br><br>-Тудың түсі қандай?<br>-Тудың ортасында күн бейнеленген астында қалықтаған қыран құстың суреті бейнеленген , ал сол жақ шетінде ұлттық ою өрнектелген.<br>-Мынау Қазақстанымыздың Мемелкеттік ел таңбасы.<br>-Елтаңбаның негізі шаңырақ. Ол елтаңбаның жүрегі.<br>Отан тарих. Отан тіл<br>Отан өлең, отан жыр<br>Көтерген көкке ел даңқын<br>-Ал мына суретте не көріп тұрсыңдар?<br>Тәуелсіздік жолында,<br>Талай-талай тер тамған<br>Билігім өз қолымда<br>Еркіндігім ел таңба | белдіктерінде орамал тығулы тұрады. Балалар алдыға жылжиды. Жүргізуші: «От!» дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды қуады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған<br>балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды.<br>Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет | **«**Отан отбасынан басталады»,-неге айтамыз?<br>- Сенің  отбаснда неше адам бар,кіммен сен тұрасың?<br>Сенің отбасыңда кім бар?<br>Балалар мына суретте не көріп тұрсыңдар? **-** **Отан** туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер ме?<br>1.«Отан отбасынан басталады».<br>2.«Жері байдың-елі бай»<br>3.«Отансыз адам-ормансыз бұл-бұл»<br>4.«Отан ұшінотқа түс күймейсің»<br>**<u>Музыка</u>**<br>**Міндеті:** Ән айтуда дауыс пен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Туған ел» (Л. Хамиди)<br>**Ән айту:**<br>«Қазақстан»әні:С.Мұхамеджанов,сөзі Ғ.Жұмабаев<br>«Жомарт елім»  (И. Нүсіпбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада)<br>«Көңілді балалар» литва халық әуені<br>(өңдеген Т. Ломова)<br>**Билер:** «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**«**Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) **Ойындар, хороводтар:**<br>«Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Илигай» қ.х.ә. (өнд. Б. Дәлденбай) | |
| Серуенге дайындық | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету<br>(Өз-өзіне қызмет ету) |
| Серуен | **Ауладағы ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты** :<br>— ағаштар туралы білімдерін молайту;<br>— ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру<br>**Бақылау барысы** | **Қара қарғаны бақылау**<br>Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау;<br>Басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі).<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**Құстар қыста тоңады** Ө. Ақыпбеков | **Желді бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы** | **Қардың түсуін бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>- Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>Қардың түсуі туралы білімдерін молайту;<br>әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы** | **Бақшаны бақылау**<br>**Мақсаты**: —қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру;<br>—зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз .**<br>Далада қар болрайды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы**<br>Қар жамылды бақтарым<br>Қыратым да, сайым да.<br>Тағыпты қыс ақ қарын,<br>Үкі етіп қайыңға.<br>Бүркеніп ақ желекті,<br>Жарқырайды маңайым.<br>Ойға шомып теректің,<br>Ақ шалыпты самайын.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.<br>Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді??<br>Күзде қандай болды?<br>Қазіргі бейнесі қандай?<br>Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру<br>**Еңбек**<br>Жолды қардан тазалау.<br>Мақсаты: аула қараушыға көмектесу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім аққалаға бұрын жетеді?»<br>Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Секіру | **Мақсаты:**<br>Құстар қыста тоңады,<br>Жоқ киетін ішігі.<br>Желде қатты соғады,<br>Қарды көзге ұшырып.<br>Қалатындай қайта ұшпай,<br>Ұя тапса шаттанып.<br>Жем іздейді байғұстар,<br>Қардың астын ақтарып.<br>Балаларға сұрақтар:<br>* Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? (қар...қар).<br>* Қарғаның түсі қандай?<br>* Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар?<br>* Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол көбіне ағаштың басына шығып, айналаны бақылап отырады. Қарғаның мамығы қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті ұсақ жәндіктер мен құстарды да жейді.<br>**Еңбек** Аланды қардан тазалау.<br>Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге | **Көркем сөз**<br>**Ұйытқыма жел** Ө. Ақыпбекұлы<br>Ұбырып-шұбырып,<br>Ұйтқиды құбылып.<br>Ұлпадай ақ қарды,<br>Ұршықтай үйіріп.<br>Ұлиды қасқырдай,<br>Ұйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады,<br>Алдыға бастырмай.<br>**Баларға сұрақтар**<br>Бүгін ауа райы қандай? (суық, желді, аязды)<br>Қыс мезгілінде желді қалай атайды? (боран,үскірік)<br>Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?(компаспен, зырылдауықпен)<br>Жел қалай пайда болады?<br>Тәрбиеші түсіндіреді:<br>**Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.**<br>**Еңбек** | **Көркем сөз «Қыс» Т. Молдағалиев**<br>Жауа-жауа, қар жауып көп,<br>Шұқырларға толады.<br>Иығыңа қонады кеп,<br>Мойныңа да қонады.<br>Жауып бітер қарды тосып,<br>Үйіңе де сыймайсың,<br>Табиғаттың ақ көрпесін<br>Басуға да қимайсың<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды.**<br>Ауа-райы қандай болғанда қар жабысқақ болады?<br>Аяқ астында қар неге сықырлайды?<br>Қар неге ұлпа болады?<br>Айналаға қарандаршы, қандай әсем көрністерді көріп тұрсыңдар? (айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық).<br>**Еңбек:** өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму. | Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады қатады,<br>Жып-жылтыр болып жатады.<br>Аралайды бақшаны,<br>Үзілмейді жақсы әні.<br>Гүлденеді бақшалар,<br>Жауса-жаусын ақша қар.<br>Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? (барлық жерді қар басты.)<br>өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? (аяз бен желден сақтайтын «көрпе»)<br>♦бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? (жақсы, себебі жерде ылғал мол болады)<br>Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? (жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады)<br>Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? (ғимарат жанында)<br>♦неліктен? (соққан жел орталықтағы қарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты:орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру<br>**Халық болжамы. Ағашты қырау басса аяз болады, тұман түссе күн жылынады** | деген ықыласын тәрбиелеу<br>**Қимылды ойын:** «Бәйге».<br>Мақсаты: жүкіру жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту.<br>**Жаттығу ойындары** Шаңғымен жүруге жаттықтыру<br>Мақсаты: күштіліктері мен мықтылықтарын дамыту. | Сырғанақ төбешік соғу<br>Мақсаты: бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «ең мерген кім?».<br>Мақсаты:<br>Заттарды лақтыруға жаттықтыру;<br>Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту.<br>«Ағаш суретін сал».<br>Мақсаты:қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.<br>**Жеке жұмыс:** «Затты тап».<br>Мақсаты:<br>Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту;<br>Затты сипаттау бойынша табу. | Мақсаты: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту<br>**Қимылды ойын** «Ыстық-суық».<br>Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету<br>**Жаттығу ойындары** Қимылдарын дамыту**.**<br>Мақсаты: Қарды алысқа лақтыруға үйрету<br>**Халық болжамы: Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.** | ғимарат жанына ысырады.).<br>**Зерттеу жұмысы** Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалындығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу..<br>**Еңбек:** қардан құрлыс тұрғызу<br>Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;<br>Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойындар:** «Қу түлкі».<br>Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.<br>**Жаттығу ойындары:** «Нысанаға тигіз». |
| Серуеннен оралу | Ретімен шешіну. Серуеннен алған әсерімен бөлісу. | Ретімен шешіну. Серуеннен алған әсерімен бөлісу. | Ретімен шешіну. Серуеннен алған әсерімен бөлісу. | Ретімен шешіну. Серуеннен алған әсерімен бөлісу. | Ретімен шешіну. Серуеннен алған әсерімен бөлісу. |
| Балалармен жеке жұмыс | Жазу парағында бағдарлай білуді, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратуды үйрету | Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді анық айтуды қалыптастыру | Әртүрлі белгілері бойынша заттарды салыстыруды қалыптастыру (түсі, пішіні, өлшемі, | Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен, жүйелі түрде жеткізуді қалыптастыру | Суреттер бойынша әңгіме құрастыруды қалыптастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | материалы, қолданылуы) | | |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)* | **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>**Арқан тарту**<br>Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. | **«Хан талапай»**<br>Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы.<br>Талапай-ау, талапай,<br>Табылды ойын, алақай!<br>Бүк асықпен - бүкті,<br>Шік асықпен - шікті,<br>Тәйкеменен - тәйкені,<br>Алшыменен - алшыны.<br>Бір-біріне атамыз!<br>Қызығына батамыз!<br>Талапай-ау, талапай,<br>Ойын қызық, балақай!<br>Асықты алға шашамыз,<br>Егер, «Хан» алшы түссе<br>Талапайға басамыз.<br>Біреу- бесеу, он алды,<br>Біреу-одан мол алды.<br>**«Хан»** түссе кім қолына,<br>Бар асықты сол алды-деп | **Шертпек ойыны**<br>Мақсаты:ұлттық ойындарды ойнау арқылы шапшаңдыққа тәрбиелеу<br>Ойын шарты : балалар асықты түсіне қарай шерту қажет. Бала асықты шерткенде дәл түссе, асықтың түсі жолаққа сай түссе өзіне сол асықты жинайды немесе сонша ұпай алады. | **Ойын: «Түйілген орамал»**<br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>**Ойынның шарты:** Балалар айналасына жиып алады да «1,2,3»- деп дауыстайды. Осы кезде бабалар жан жаққа бытырап қаша бастайды. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа балаға лақтырады. Қағып алған бала қаша жөнеледі.<br>Осылайша ойын жүргізіледі. Түюлі тұрған орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортаға тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізушісі ауыстырылады. | **Тақырыбы: «Қояндар мен қасқырлар»** ойыны.<br>Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілілк қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын нығайту.<br>Шарты: Бір бала қасқыр болады. Қалған балалар қоян болады. Қояндар өз үйлерінтығылып жатады. Қасқыр өз апанында жатады. Тәрбиеші<br>-секеңдердер, секеңдеңдер қояндар десе қояндар шығып секеңдеп ойнайды. Қасқыр өз апанынан шығып қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды өз апанына апарады. Осылай 3-4 қоян ұстаған соң, ойында басқа бала жалғастырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың үйге қайтуы | **«Өнегелі 15минут»** Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу | **«Өнегелі 15минут»** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке  келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | **«Өнегелі 15минут»** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | **«Өнегелі 15минут»** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке  келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | **«Өнегелі 15минут»** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Тәрбиеші: Мендибаева А.С.
Психолог: Камалиева А.Т.

**КЕЛІСЕМІН:**
Оқу ісінің меңгерушісі
Абсатова Д.А. ____________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тірек мектебі (РО)» КММ

**Мектепалды «Айгөлек» сыныбы**

**Балалардың жасы:** 5 жас

**Қандай кезеңге жасалды : Желтоқсан 16-20 2024-2025 жыл**

**Желтоқсан** – «Бірлік және ынтымақ» айы

**Апта дәйексөздері:**«Бірлік болмай тірлік болмас»

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 16** | **Сейсенбі 17.12.** | **Сәрсенбі 18.12.** | **Бейсенбі 19.12.** | **Жұма 20.12.** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | | **Күй күмбірі: Ерке сылқым** Балалар үшін жайлы жағдай жасау.. | **Күй күмбірі: Ерке сылқым** Балаларға тәрбиешінің толық аты-жөнін атап сәлемдесуді үйрету. | **Күй күмбірі: Ерке сылқым** Баланың бүгінгі көңіл күйі туралы сұрау | **Күй күмбірі: Ерке сылқым** Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:**Балаларға суды үнемді тұтыну жайлы ақпарат беруін сұрау | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа** | | <u>ҚР Әнұранын тыңдау</u> **Жылулық сәті:** Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын күн келді. Күліп шықты күн бүгін Қайырлы таң! Қайырлы күн! | **«Дөңгелек және сопақша»** Мақсаты:Геометриялық пішіндерді ажырата білуге, оларға ұқсас заттарды топтай білуге, түстерін айта білуге үйрету. Суреттегі заттарды санауға, оларды сызып қосуға үйрету. Логикалық ойларын,есте | **«Аңдар қысқа қалай дайындалады?»** Мақсаты: Жануарлардың қысқа қалай дайындалатынын әңгімелеу. **Қоршаған ортамен танысу** Қарым- қатынас іс –әрекеті,танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | **«Көлік»** Мақсаты: Балаларға көлік туралы түсінік беру. Олардың қызметінің маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейту. Көлікті жапсыруға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)** | | | сақтау қабілеттерін дамыту. Ойшылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері**<br>Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет | | **Жапсыру**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | | Жүру түрлері: екі-екіден жүру; ұшымен, қол жоғары; өкшемен қол; тізені жоғары көтеріп жүру. Жүгіру түрлері: екі-екіден жүгіру. Жүру. Екі қатарға екі-екіден тұру.<br>Б.қ. н.т.бір-біріне қарау, қол ұстасып тұру<br>1.Ұшыге тұру, қолды жан-жақтан көтеріп.2.Б.қ. 3.Ұшыге тұру, қолды жан-жақтан көтеріп.4.Б.қ.<br>(6-7рет)<br>Б.қ. н.т.бір-біріне арқамен, қол ұстасып тұру<br>1.Бұрылу, бір-біріне қарау.2.Б.қ.3. Бұрылу, бір-біріне қарау.4.Б.қ.<br>(6-7рет)<br>Б.қ. бір-біріне қарама-қарсы тұру, қол кеуденнін алдында<br>1.Бір-бірінді қолмен итеру.Б.қ.3. Бір-бірінді қолмен итеру.4.Б.қ<br>(5-6 рет) | Жүру түрлері: екі-екіден жүру; ұшымен, қолжоғары; өкшемен қол; тізені жоғары көтеріп жүру. Жүгіру түрлері: екі-екіден жүгіру. Жүру. Екі қатарға екі-екіден тұру.<br>Б.қ. н.т.бір-біріне қарау, қол ұстасып тұру<br>1.Ұшыге тұру, қолды жан-жақтан көтеріп.2.Б.қ. 3.Ұшыге тұру, қолды жан-жақтан көтеріп.4.Б.қ.<br>(6-7рет)<br>Б.қ. н.т.бір-біріне арқамен, қол ұстасып тұру<br>1.Бұрылу, бір-біріне қарау.2.Б.қ.3. Бұрылу, бір-біріне қарау.4.Б.қ. (6-7рет)<br>Б.қ. бір-біріне қарама-қарсы тұру, қол кеуденнін алдында<br>1.Бір-бірінді қолмен итеру.Б.қ.3. Бір-бірінді қолмен итеру.4.Б.қ (5-6 рет)<br>Б.қ. н.т., бір-бірінің иығына бір қолдарын қойып, екінші қолдарын белге қойып тұру.<br>1.Жартлай отыру.2.Б.қ.3. Жартлай отыру.4.Б.қ<br>(5-6 рет) | Жүру түрлері: екі-екіден жүру; ұшымен, қол жоғары; өкшемен қол; тізені жоғары көтеріп жүру. Жүгіру түрлері: екі-екіден жүгіру. Жүру. Екі қатарға екі-екіден тұру.<br>Б.қ. н.т.бір-біріне қарау, қол ұстасып тұру<br>1.Ұшыге тұру, қолды жан-жақтан көтеріп.2.Б.қ. 3.Ұшыге тұру, қолды жан-жақтан көтеріп.4.Б.қ.<br>(6-7рет)<br>Б.қ. н.т.бір-біріне арқамен, қол ұстасып тұру<br>1.Бұрылу, бір-біріне қарау.2.Б.қ.3. Бұрылу, бір-біріне қарау.4.Б.қ. (6-7рет)<br>Б.қ. бір-біріне қарама-қарсы тұру, қол кеуденнін алдында<br>1.Бір-бірінді қолмен итеру.Б.қ.3. Бір-бірінді қолмен итеру.4.Б.қ<br>(5-6 рет)<br>Б.қ. н.т., бір-бірінің иығына бір қолдарын қойып, екінші қолдарын белге қойып тұру. | Жүру түрлері: екі-екіден жүру; ұшымен, қол жоғары; өкшемен қол; тізені жоғары көтеріп жүру. Жүгіру түрлері: екі-екіден жүгіру. Жүру. Екі қатарға екі-екіден тұру.<br>Б.қ. н.т.бір-біріне қарау, қол ұстасып тұру<br>1.Ұшыге тұру, қолды жан-жақтан көтеріп.2.Б.қ. 3.Ұшыге тұру, қолды жан-жақтан көтеріп.4.Б.қ.<br>(6-7рет)<br>Б.қ. н.т.бір-біріне арқамен, қол ұстасып тұру<br>1.Бұрылу, бір-біріне қарау.2.Б.қ.3. Бұрылу, бір-біріне қарау.4.Б.қ.<br>(6-7рет)<br>Б.қ. бір-біріне қарама-қарсы тұру, қол кеуденнін алдында<br>1.Бір-бірінді қолмен итеру.Б.қ.3. Бір-бірінді қолмен итеру.4.Б.қ<br>(5-6 рет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Б.қ. н.т., бір-бірінің иығына бір қолдарын қойып, екінші қолдарын белге қойып тұру.<br>1.Жартлай отыру.2.Б.қ.3. Жартлай отыру.4.Б.қ<br>(5-6 рет)<br>Б.қ. негізгі тұрысы, доптар төмен.<br>Допты айналып секіру (5-6 рет)<br>Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Маятник» - түзу тұрып, аяқтарын иық деңгейінде қойып, таяқты арқасына жауырыннан төмен ұстау; денесімен жанына қарай еңкейу; уақытта «Т-у-у-х-х» - деген дыбыспен демін сыртқа шығарады(5-6 рет) | Б.қ. негізгі тұрысы, доптар төмен.<br>Допты айналып секіру (5-6 рет)<br>Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Маятник» - түзу тұрып, аяқтарын иық деңгейінде қойып, таяқты арқасына жауырыннан төмен ұстау; денесімен жанына қарай еңкейу; уақытта «Т-у-у-х-х» - деген дыбыспен демін сыртқа шығарады(5-6 рет) | 1.Жартлай отыру.2.Б.қ.3. Жартлай отыру.4.Б.қ<br>(5-6 рет)<br>Б.қ. негізгі тұрысы, доптар төмен.<br>Допты айналып секіру (5-6 рет)<br>Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Маятник» - түзу тұрып, аяқтарын иық деңгейінде қойып, таяқты арқасына жауырыннан төмен ұстау; денесімен жанына қарай еңкейу; уақытта «Т-у-у-х-х» - деген дыбыспен демін сыртқа шығарады(5-6 рет) | Б.қ. н.т., бір-бірінің иығына бір қолдарын қойып, екінші қолдарын белге қойып тұру.<br>1.Жартлай отыру.2.Б.қ.3. Жартлай отыру.4.Б.қ<br>(5-6 рет)<br>Б.қ. негізгі тұрысы, доптар төмен.<br>Допты айналып секіру (5-6 рет)<br>Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Маятник» - түзу тұрып, аяқтарын иық деңгейінде қойып, таяқты арқасына жауырыннан төмен ұстау; денесімен жанына қарай еңкейу; уақытта «Т-у-у-х-х» - деген дыбыспен демін сыртқа шығарады(5-6 рет) |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | | «Құмырадағы гүл»<br>**Мақсаты**: Балаларға құмырадағы гүлді жапсыруға үйрету. Достық пен жанашырлыққа тәрбиелеу, түрлі-түсті қағазбен, желіммен жұмыс жасай білуге үйрету. | **«Теңін тап»**<br>Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады.<br>**Мүсіндеу**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **«Қ дыбысы»**<br>Мақсаты:«Қ» дыбысының дұрыс дыбысталуын, әріп таңбасын қайталату, ойын арқылы ойлау қабілетін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Суреттегі заттардың дыбыстарын айту.Үзік сызықтарды қосуға үйрету. | **«Қағаз бетінде бағдарлау»**<br>Мақсаты:Заттармен шаманы салыстыруға және айырмашылығын ажырата білуге, кеңістікті дұрыс бағыттай білуге, заттың көлем, пішін, түсін ажырата білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Жапсыру**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | | **Сауат ашу негіздері**<br>Қарым- қатынас<br>іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет | **Математика негіздері**<br>Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.<br>**«Сөйлемді жалғастыр»дидактикалық ойыны**<br>-Балалар,мен сөйлемнің басын бастап айтамын,сендер мағынасына қарай аяқтайсыңдар.<br>**Ойын шарты:**педагог сөйлемнің басын айтады,сөйлемді балалар аяқтау керек.<br>**Балалар:**<br>Балалар бақта жүгірді.<br>Атам шалғымен шөп шапты.<br>Анам сиыр сауды.<br>Ағаштың түбі- қалың қар.<br>Аю қыста ұйықтайды.<br>Мал жайлауда жайылды. | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау./ Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту **(кірікт16.12)**<br>**«Бұл қашан болады?» Ойындық жағдаят**<br>Мақсаты:Әр жыл мезгіліндегі табиғи құбылыстар туралы ұғымдармен таныстыру<br>-Сыртта суық, жиі жаңбыр жауады. Жапырақтар сарғайып, жерге түседі. Құстар жылы жаққа ұшады. Адамдар көгөністер мен жемістерді жинайды.<br>-Бұл қашан болады? (Күзде.)<br>-Қар жауады,күн аязды.Қар борпылдақ болған кезде,одан қарлы кесектерді мүсіндеуге болады. Су қоймаларына мұз қатады.<br>-Бұл қашан болады? (Қыста.)<br>-Жылынып, қар еріп, ағын сулар ағып жатыр. Гүлдер, шөптер өседі, ағаштар мен | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.<br>**«Бұл қай мезгіл?» ойындық жаттығуы.**<br>Педагог суреттерден (жыл мезгілдерін) көрсетеді, балалар оларды атайды)<br>**Дәптермен жұмыс.1.**<br>Жұмбақтардың шешуіне байланысты суреттерді қоршап сыз:қыс–көк қарындаш, көктем – қызыл, жаз – жасыл, күз – сары түспен.<br>Балалар жұмбақтарды тыңдайды,болжамдайды,жауапқа қатысты сурет таңдайды. Қоршайды<br>**2-тапсырма.**Жыл мезгілдерінің айларын ата. «Жылдың әр мезгілінде неше ай бар?»–сұрағына жауап береді<br>**3-тапсырма**<br>Заттарды жыл мезгіліне қарай таңда,сызып қос<br>**«Мен бастаймын,** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау..<br>**«Түсіне қара»дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** көк дөңгелек көрсетілгенде дауыссыз,қызыл дөңгелек көрсетілгенде дауысты дыбыстан басталатын сөздерді айту<br>**«Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта»дидактикалық жаттығуы**<br>Мақсаты: айтқан дыбыс сөздің басында болса, қызыл дөңгелекті ,соңында болса,көкдөңгелекті,ортасында болса,екі дөңгелекті көрстеу<br>-р-ара, арман, арық, рақмет, қарбыз,қырық,рақат,рауғаш, ару, Ардақт.б.); |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балалар доп ойнады.<br>Үсен мәшинені жуды.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>1.Суреттерді қара.Әр сурет бойынша сөйлем құра.Сызбасын сыз.<br>2.Суреттерді ата.**С** дыбысының орнын анықта.Сөздің басында болса–бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк қарындашпен боя.<br>3.Өрнектерді штрихта.<br>4.Үзік сызықтарды бастыр<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:** Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну<br>**«Ненің дыбысы?» дид.ойыны**<br>**Мақсаты:** Судың дыбысын ажырату<br>Судың сылдырлап аққаны, жаңбырдың тысырлап жауғаны, толқынның жағаға ұрған дыбыстары алдын ала | бұталарда жапырақтар гүлдейді. Құстар жылы жақтан оралады. Олар ән айтады, ұя салады.<br>-Бұлқай мезгілде болады? (Көктемде.)<br>-Күн жарқырайды, күн ыстық болады. Адамдар су айдындарында шомылады. Ұяларда балапандар пайда болады.<br>-Бұл қашан болады? (Жазда.)<br>**Дәптерменжұмыс.**<br>**1-тапсырма.**Суреттерге қара.Жыл мезгілдерін ата.Ағаштарды боя.<br>**2-тапсырма.**Жыл айларының атауын есіңде сақта.Жылдың әр мезгілінде неше ай бар?<br>**«Жыл бойы»дидактикалық ойыны**(доппен ойналады).Педагог допты лақтырып сұрақтар қояды:<br>-Жылдың ақпан айы нешінші ай?<br>-Жыл қай айда аяқталады?<br>-Қазан айынан кейін қандай ай келеді?<br>-Жаз айларын ата және т.б<br>**3-тапсырманы**.Бірдей телпекті тауып,боя.Қанша телпек боялмаған?Оларды қоршап сыз.<br>**Көркем әдебиет** | **жалғастыр!»ойындық жаттығуы.**<br>Алдымен көктем,содан кейін...жаз.Алдымен бүгін,содан кейін...ертең.Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын дамыту және жетілдіру, дауыссыз г – ғ, л –р,ж–з,с–з,ж–ш,н–ң,х–һ дыбыстарды есту бойынша ажыратуға жаттықтыру<br>**(кірікт 16.12)**<br>**Сұрақ-жауап**<br>-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс мезгілі қай мезгілдің соңынан келеді?<br>-Дұрыс, күз мезгілінің соңғы айы суық болып, жаңбырлатып, арты қарға ұласады.Сөйтіп қыс мезгілінің алғашқы айы басталады.<br>-Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>-Қыс мезгілінің үш айы да қарлы, аязды, ызғарлы суықпен өтеді.<br>-Балалар, қар қайтіп жауатынын білесіңдер ме?<br>Дұрыс, қар жапалақтап, түйіршіктеніп те жауады. Кәне, бәріміз бірге | -ә-( әтеш ,әткеншек, әңгіме, кәрі,әтір, Күләш, бәтеңке ,бәліш,әріпт.б.);<br>-м-(мақта, мал, мамық, қамыр,монша,моншақ, Әмина, қамзол,қаймақ,тамыр т.б.).<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>1Суреттерді ата,буынға бөл.Суретті өз сызбасымен қос.<br>2.Дыбыстық талдау жаса<br>3.Суретті штрихта.<br>4.Бастыр.<br>5.Үзік сызықтарды бастыр,жалғастыр.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау<br>-Балалар,бір-бірімізге жақсы тілегімізді айтайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жазылған үнтаспадан шығады. Балалар дыбыс шығу аймақтары – өзен, жаңбыр, теңіз екенін тауып, олардың ортақ атауы «су» екенін айтады.<br>-Жер бетінде су көп болса да, барлығы бірдей ішуге жарамды бола бермейді.<br>Су тұщы және тұзды (ащы) болады. Біз ішу үшін қандай суды пайдаланамыз?<br>-Біз ішу үшін тұщы суды пайдаланамыз.<br>-Судың қасиеттерін еске түсірейік: Су мөлдір. Судың дәмі жоқ. Судың иісіжоқ. Судың пішіні жоқ. Су еріткіш.<br>-Суреттерді пайдалана отырып, балаларды мәселені зерттеу үдерісіне бағыттайды: суреттерді қарап шығып, сұрақтарға жауап береді. Талқылауға Көлтауысар да қатысады.Балалар судың неліктен «тіршілік көзі» деп аталатынын түсіндіреді. Сусыз адам, жануаржәне өсімдіктер | **Міндеті:** Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br><br>-Қыс мезгілі сендерге ұнай ма?<br>-Қыста ауа райы қандай болады?Бүгін ауа райы қандай?<br>Жұмбақ<br>Қанаты бар талмаған<br>Аспанда ұшып самғаған.<br>(Құс)<br>-Қандай құстарды білесіңдер?<br>-Қыста ұшып жүретін құстарды көрдіңдерме?<br>-Торғай қандай құс?(Момын,кішкентай)<br>-Торғай пайдалы құс,ол зиянкес құрттар мен дәндерді,нан қиқымын жейді. Торғайдың қанатының астындағы мамық жүндері қыста қалыңдайды, сондықтан олар суыққа тоңбайды, төзімді болады. Бүгін біз торғай турал ақын Мұбарак Жаманбалиновтың «Торғайлар қуанышы» өлеңімен танысамыз<br>**Торғайлар қуанышы**<br>Бір уыс дән шашып қап,<br>Шолып едім қашықтан, Ұшып келіп әр жақтан, Жапырласты торғайлар.<br>Қалғандай-ақ ашығып,<br>Шоқып-шоқып асығып. | жапалақтап, түйіршіктеніп дегенсөздерді қайталайық.<br>-Қардың түсі аппақ, жер бетінде күмістей болып жалтырап жатады. Қар – жұмсақ, ұлпа.<br>**Сөздік жұмысы:**<br>жапалақтап – қардың жалпақ, ірі болып жауы<br>түйіршіктеніп – қардың түйір-түйір болып жауы<br>-Балалар, көптеген ақын, жазушылар қыс мезгілін суреттеп, өлең, әңгіме жазған.Бүгін ақын Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Қаңтар» өлеңімен танысамыз.<br>**Сөздік жұмысы:**<br>жапалақтап – қардың жалпақ, ірі болып жауы<br>түйіршіктеніп – қардың түйір-түйір болып жауы<br>-Балалар, көптеген ақын, жазушылар қыс мезгілін суреттеп, өлең, әңгіме жазған.Бүгін ақын Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Қаңтар» өлеңімен танысамыз.<br>**Қаңтар**<br>Лебі мұздай, ызғарлы,<br>Алып келді қыс қарды.<br>Қысқы түндер ұзарды,<br>Ұзақ күндер қысқарды.<br>Аяз сүйіп қарсы алған<br>Жердің аппақ тұлғасы.<br>Басталады қаңтардан | -Достарыңнан жақсы тілек есту ұнады ма?Көңіл күйің көтерілді ме?<br>-Балалар, ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдерме?<br>-Қандай ертегі білесіңдер?<br>-Балалар,жылбасы болуға таласқан жануарлар туралы ертегіні нтаспадан тыңдаймыз. Ерте заманда жануарлар жыл басы болуға таласыпты. Ертегіден көрініс көрсету (жылқы, түйе, сиыр, қой, тауық, ит, тышқан). Балаларға ертегінің мазмұнын оқып беру<br>**Сөздік жұмысы:**<br>жусан–дәмі ащы,бозғылт түстішөп<br>жабағы–екі түрлі мағынада қолданылады:1)қой мен түйе малының қысқы жүні;<br>2)жабағы деп бір жасарқұлынды айтады<br>бақташы–мал бағушы<br>өркеш - түйенің арқасында бір не екі айыр болып тік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тіршілік ете алмайтынын еске түсіреді.<br>№1 тәжірибе. «Бу – бұл су». Педагог ыстық су құйылған шәйнекті ашып, балалардың назарын буға аударады. Оның үстіне әйнек ұстайды, әйнекте тамшылар пайда болады. Будың су екендігіне көздерін жеткізеді.<br>№ 2 тәжірибе. «Су сұйық». Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құяды. Су қандай? Су сұйық, сондықтан ағады.<br>№ 3 тәжірибе. Суды иіскеп көріңдер. Иісі бар ма? Суда иіс жоқ.<br>№ 4 тәжірибе. Мөлдір ыдыстағы суға 2–3 түйір тасты салады. Тас көріне ме? Сумөлдір.<br>№ 5 тәжірибе. Суды ішіп көріңдер. Дәмі бар ма? Судың дәмі жоқ.<br>№ 6 тәжірибе. Суға қант салып көрейік. Қант қайда? Су еріткіш.<br>№ 7 тәжірибе. Қатты суықта су неге айналады? Су мұз болып қатады. | Сілкініп те алады, Қанаттарын қағады.<br>Секіріп те ойнайды,<br>Өздерін шет ойлайды.<br>Қарасады айнала:<br>Қайырымды қай бала?<br>**Сөздік жұмысы: қашықтан– алыстан шоқып-шоқып – торғайдың тамақ жеуі Өлең мазмұны бойынша**сұрақ-жауап:<br>-Өлең қалай аталады?Балалар торғайларға не шашты?<br>-Торғайлар тамақты қалай жеді?<br>-Торғай сөзіне сөйлем құра.<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Ос-ос-ос– құстар бізге дос.<br>Ұс-ұс-ұс–ұшып кетті құс.<br>**Дидактикалықойын:«Торғайлар»**(баланың зейінін дамыту). Шарты: «Күн» дегенде – қанатын қағып ұшады.«Түн»дегенде–балалар ұйықтайды. Ұйықтамаған құс айыбын өтейді.<br>Педагог«Торғайлар қуанышы»өлеңін екінші қайтара оқиды.<br>Суреттер арқылы тақпақты жаттатады.3-4балаға өлеңді жатқа айтуды ұсынады.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі | Қыс айының ортасы.<br>Қыс мезгіліне арналған мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп, қайталатады.<br>Қысына қарай – көктемі, Диқанына қарай – егіні.<br>Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы.<br>Қыстың қамын жазда ойла.<br>**Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстарды анықта»**<br>Шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды»,«қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табады. Мысалы: «мұздай» сөзіндегі **д** – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі **з** дыбысы да дауыссыз дыбыс. Тапсырма ауызша орындалады.<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>**(кірікт 16.12)**<br>Сұрақ -жауап | шаншылған қомы<br>Ертегінің мазмұны бойынша **сұрақ-жауап:**<br>-Ертегі қалай аталады?Ертегі қалай басталады?<br>-Жылдың басы болуға қандай жануарлар таласты?<br>-Жылқы не айтты?Түйе не деді?<br>-Ал сиыр не айтты?Момақан қой не деді?<br>-Ит не деді?Әтеш не айтты?Тышқан не айтты?<br>-Түйе неге жыл басы бола алмады?<br>**Дидактикалық ойын: «Қарада есіңде сақта»**(баланың есте сақтау қабілетін дамыту)<br>Шарты:ертегідегі жануарлардың суреттері көрсетіледі.Бала кейіпкерлерді рет-ретімен атап шығады. Қимылын, жүрісін, дауысын бейнелейді.<br>Педагог ертегінің басын айтады,балалар аяқтайды.<br>2-3 балаға ертегінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | -Балалар, суды не үшін қорғауымыз керек? Жер бетінен су жоғалып кетсе не болар еді? Бізсуды қорғау үшін қандай көмек көрсете аламыз?<br>-Су – тіршілік көзі. Суды үнемді қолдану керек. Үйдегі кранды дұрыстап жабу керек.<br>Суды ластауға болмайды, қоқыс, қалдықтарды лақтыруға болмайды.<br>**Шығармашылық іс-әрекет**<br>**Сурет салу**<br>**Міндеті:** Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу<br>**Музыка**<br>**Міндеті:** Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен | сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру<br>**«Бөлшектерінен тап» дид.ойыны**<br>Педагог бір заттың бөлшектерін тізіп айтады. Балалар ненің бөлшегі екенін тез табу керек.<br>1.Терезе,шатыр,қабырға–...(үй)<br>2.Жапырақ,діңгек,бұтақ–...(ағаш)<br>3.Дөңгелек,кузов,кабина,руль–...(көлік)<br>4.Бас, аяқ,ауыз,өркеш – ...(түйе)<br>**Дидактикалық ойын:«Сөздің бірінші дыбысын айт»**<br>**Мақсаты:**айталған сөздің бірінші дыбысын айту<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>1Суреттегі көліктерді ата.Дауыссыз дыбыстардан басталатын көліктер туралы сөйлем құра. Сызбасын сыз.<br>2.Дыбыстық талдау жаса<br>3.Нүктелерді үзбей бастыр,тұс киізді толықтыр.<br>4Үзік сызықтарды бастыр.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты,асықты лақтыру,допты екі қолымен | -Балалар біз қандай мемлекетте тұрамыз?<br>-Қазақстан Республикасында тұрамыз<br>Біздің ұлтымыз қандай? Қазақ.<br>Біз қай тілде сөйлейміз?<br>-қазақ тілінде.<br>Туды көрсетіп сипаттау.<br>-Балалар мынау ҚР-ның мемлекеттік туы.<br>Туымыздың түсі аспан түстес көк. Көк түс – бірлік пен ашық аспанды көрсетеді.<br>Туымыздың ортасында сәуле шашқан күн бейнесі орналасқан.Ол – тыныштық пен байлықтың белгісі.<br>Күн астында қалықтап ұшқан қыран құс бейнесі орналасқан.Ол еркіндіктің, қазақ халқының жан-дүниесінің кеңдігінің белгісі.<br>Туымыздың сабы бекітілген тұсында қазақтың ұлттық ою-өрнегімен көмкерілген.<br>Бұл ою-өрнек қазақ халқының қол өнер шебері болғанын білдіреді.<br>Мемлекеттік туымыздың авторы қазақтың қылқалам шебері Шәкен Ниязбеков.<br>-Қане ,балалар бәріміз бірге қайталайықшы.<br>-Балалар осы мемлекеттік туымыз туралы кім қандай | мазмұнын айтуды ұсынады. Балалардың қайталап айтып беруін бағалайды.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:** Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын,түсіну және бағалау.<br>-Балалар жан-жақтарыңа қараңдаршы, бізді нелер қоршап тұр?<br>Балалар атайды (заттар, ойыншықтар, жиһаздар). Заттардың бәрі адамның еңбегімен жасалған.<br>-Балалар, «еңбектену» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?<br>-Еңбектену – жұмыс істеу, қажеттілік үшін әрекеттену, нәтижеге жету дегенді білдіреді. Адамдар табыс тауып, отбасын асырау үшін, біреудің және өзінің пайдасы үшін еңбектенеді Әртүрлі салада еңбек ететін адамдарды қалай атаймыз? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>**Музыка тыңдау:** «Қазақстан жалауы»(Д. Омаров)<br>**Ән айту:** «Елтаңбасы елімнің» әні: Д.Омаров, сөзі:С.Қалиев.<br><br>«Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Жаса,Қазақстан»(үнтасп ада)<br>«Көңілді балалар»литва халық әуені(өңдегенТ. Ломова)<br>**Билер:**«Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Музыкалық аспапта ойнау**<br>«Илигай»қ.х.ә.(өңд.Б. Дәлденбай) | бір-біріне(арақашықтығы1,5–2метр)басынан асыра лақтыру,допты екі қолымен заттардың арасымен(арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу(арақашықтығы4–5метр)./ Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту<br>**(Кірікт 16.12)**<br>Бір тізбеке сап түзеп тұрып, текшелерді қойып, қолдарына доп алады.<br>Екі тізбек немесе екі сапқа тұрып, бастапқы қалып бойынша тұрады. Лақтыру бағытын сақтайды және допты алысқа лақтыруға тырысады. Педагогтің белгісі бойынша 1-саптағылары залдың оң не сол жағымен доптың артынан жүгіреді. 2-саптағылардың артына келіп тұрады. Допты себетке салады. Белгіленген сызық бойына екі тізбекке сап түзеп тұрады.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу».** Шашырап | тақпақ айтады.<br>-Өте жақсы балалар,сендер туымыз туралы тақпақты жақсы біледі екенсіңдер. Елтаңбаны көрсетіп сипаттау.<br>-ҚР-ның мемлекеттік рәміздерінің бірі – Елтаңба. Елтаңбада көгілдір түстің аясында шаңырақ бейнеленген. Шаңырақтан күн сәулесі тәріз дес уықтар таралған. Шаңырақ пен уық – отбасы негізі, Отанымыздағы көптеген ұлттардың бір шаңырақ астындағы бірлігін көрсетеді.Оң жағы мен сол жағында қанатты қос тұлпар бейнесі бейнеленген.<br>Ал елтаңбаның жоғарғы бөлігінде бес бұрышты жұлдыз орналастырылған. Бес жұлдыз – әр бір адамның, халықтың жол нұсқайтын жарық жұлдызы деген мағынаны білдіреді.<br>Ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу жазылған.Ол мемлекетіміздің атын білдіреді.Осы бір әсем де асқақ Елтаңбаның авторлары: Шота Уалиханов, Жандарбек Мәлібеков. | -Жұмысшылар, мамандық иелері, мамандар. Қандай мамандықтарды білесіңдер? Балалар білетін мамандықтары және ата-аналарының мамандықтары туралы айтады.<br>- Балалар, біз бүгін өнеркәсіптегі адам еңбегімен танысамыз. Өнеркәсіп – өндіріс орындары, зауыт, фабрикалар. Бұл жерлерде адамға қажет заттар жасалады. Мен сендерге еңтәтті өндіріс туралы айтқым келіп тұр. «Тәтті» өндірісте не өндіріледі?<br>-Тәтті өнімдер.<br>-«Рахат» фабрикасында әртүрлі кәмпит, шоколад, мармелад, вафли, печенье, тоқаш пісіріледі.<br>-Фабрикада еңбек ететін адамдарды қалай атайды?<br>–Кондитерлер.<br>(Педагог «Қазақстан» шоколадын алып шығады).<br>–Балалар, шоколадты неден жасайды? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жүреді, жүгіреді, педагогтің бұйрығымен жерден асықтарды алады.<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. (5рет)<br>**«**Асық лақтыру**»** – дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға асықтарды лақтыру (арақашықтығы – 2,5 метр). Құрсаулардың (4 құрсау) айналасында тұрады, құрсау жанында асықтар жатады. Балалар асықтарды алып, құрсау ішіне лақтырады. «Қазанға» көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады.<br><br>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінен сәл ашық қойылады, оң аяқты арт жаққа жіберу, оң қол шынтақтан бүгіліп, кеуде тұсында. Асықты лақтырғанда оң қол төмен түсіріліп, төмен, артқа жіберіледі. Асықты қолды алдыға созып, сонан соң жоғары көтеріп лақтырады. | -Қане балалар бәріміз бірге қайталайықшы.<br>-Балалар осы Елтаңбамыз туралы тақпақ айтайықшы.<br>Әнұранды сипаттау.<br>-ҚР – ның мемлекеттік рәміз дерінің бірі – Гимн.Гимнді салтанатты жағдайларда, екі ел басшылары кездескенде, үлкен жиындардың ашылуын да орындалады.Сонымен бірге өз балабақшамызда күнде таңертең айтылады. Гимнді орындағанда міндетті түрде орындарымыздан тұрып, оң қолымызды жүрегіміздің тұсына қойып орындаймыз.<br>Гимннің авторлары: Нұрсұлтан Назарбаев, Жұмекен Нәжімеденов, Шәмші Қалдаяқов.<br>-Балалар бірге қайталайық.<br>**Шығармашылық жұмыс**<br>-Балалар ендігі оқу іс-әрекеті мізді шығармашылық жұмыспен жалғастырамыз. Балалар шығармашылық жұмысымыз да желімдеп жапсыру арқылы Туды бейнелейміз.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті:** Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл- | -Какаодан.<br>- Какао – алыстағы Африка жерінде өсетін өсімдік, бұта. Бұтақтарындағы жемістердітеріп, кептіріп, ұнтақтап шоколад жасайтын шикізат алынады.<br>Зауыт, фабрикаларға өнім жасау үшін әкелінетін заттар шикізат деп аталады.<br>Мынау – тігін фабрикасы. Тігін фабрикасында тігіншілер, киім пішушілер, үтіктеушілер т.б. жұмыс істейді. Суретке қарап,киім тігу үшін тігіншіге қажет құралдарды атаңдар.<br>-Тігін мәшинесі, қайшы, жіп, маталар т.б.<br>-Киім тігу үшін тігін фабрикасына қандай шикізат жеткізіледі?-Дайын мата.<br>–Киім әдемі тігілуі үшін көп адамдар еңбек етеді. Дайын матаны жүргізуші мәшинеме жеткізеді, жүкшілер матаны түсіреді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>**Музыка тыңдау:** «Қазақстан жалауы»(Д. Омаров)<br>**Ән айту:** «Елтаңбасы елімнің» әні: Д.Омаров, сөзі:С.Қалиев.<br><br>«Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Жаса,Қазақстан»(үнтаспада) «Көңілді балалар»литва халық әуені(өңдегенТ. Ломова)<br>**Билер:**«Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Музыкалық аспапта ойнау** «Илигай»қ.х.ә.(өңд.Б. Дәлденбай) | Матаны өлшеп, киімді киім пішушілер пішеді, тігіншітігіп шығарған киімді үтіктеушілер үтіктейді, дайын өнім дүкенге жеткізіледі. Барлық адам бір-бірінің игілігі үшін қызмет жасайды: тігінші тіккен киімді барлығы киеді. Шахтер өндірген көмірді тігінші де, құрылысшы да, кондитер де пайдаланады. Құрылысшы салған үйде тігінші де, шахтер де, басқа мамандық иелері де тұрады. Балалар суретті қарап шығып, өнеркәсіп жұмыстарын талқылайды.<br>Оларды адам қалай пайдаланатынын талқылайды.<br>Қонаққа қуыршақ келді деп,суретін тақтаға іледі<br>«Балалар, менің атым – Көркем, мен сендерге ойыншық фабрикасынан келдім».<br>–Балалар, қуыршақ Көркемге сыйлық жасайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
